

**Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының**  
**Әдістемелік орталығы**  
**Методический центр**  
**Управления образования Западно-Казахстанской области**  
**Ғылыми-әдістемелік журнал**  
**«Жайық әдіскері»**  
**Научно-методический журнал**

|  |                                   |  |
|--|-----------------------------------|--|
| Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде<br>25.02.2025 жылы тіркеліп,<br>№KZ13VPY00113382 куәлігі берілді.  | Бас редактор                      | Қубашева Гүлмира Камалқызы – Әдістемелік орталық директоры   |
|  | Жауапты хатшылар                  | Қуатова Альбина Женисовна – Білім беру сапасын басқару және менеджмент бөлімінің қазақ тілі пәнінің әдіскері<br>Ажикенова Ұлпан Мәлікқызы – Білім беру сапасын басқару және менеджмент бөлімінің ағылшын тілі пәнінің әдіскері |
| Редакциялық алқа   |                                   |  |
| Қолжазба авторға қайтарылмайды.<br>Жарияланған мақала авторларының көзқарастары редакция пікірін білдірмейді.<br>Таралымы 100 дана<br>Жылына 4 рет шығады.<br>Мақалалар қазақ, орыс тілдерінде басылады.<br>Выходит 4 раз в год, материалы публикуются на казахском, русском языках.<br>Редакцияның мекен-жайы:<br>Орал қаласы,<br>С.Есқалиев көшесі,<br>72 үй,<br>телефондар:<br>24-08-03, 24-12-04,<br>24-12-07, 26-04-77,<br>26-04-64<br>E-mail:<br>batys-adis@itc.edu.kz | Боранбаева Бақтылы Сансызбаевна   | М.Өтемісов ат. Батыс Қазақстан университетінің "Тарих, экономика және құқық" факультетінің оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор   |
|  | Ергалиева Гүлжан Алғазықызы       | Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Өтемісов ат. БҚУ-дың педагогика және психология кафедрасының деканы   |
|  | Кажымуратова Жаннат Санкибаевна   | М.Өтемісов ат. БҚУ, ЖГФ, биология, география, химия мұғалімдерін дайындау БББ (білім беру бағдарламасы) аға оқытушысы  |
|  | Зулқашева Шынар Мулқайевна        | Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының директоры  |
|  | Бисенғалиева Асыл Макымовна       | Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің аға оқытушысы, техника ғылымдарының магистрі   |
|  | Ізмұханбетова София Салахиденқызы | Педагогика ғылымының кандидаты, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы «БҚО ПКБАИ» ректоры  |
|  | Искалиева Айгүл Бисенбаевна       | Орал «Сервис» технологиялық колледжінің директоры  |
|  | Еришова Эльмира Айдынгалиевна     | Орал қаласы №47 «Бәйтерек» бөбекжайының меңгерушісі  |
|  | Бексұлтанова Айымгүл Жұмаханқызы  | БҚО әдістемелік орталығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және шағын жинақты мектеп бөлімінің басшысы   |
|  | Нарикова Женискул Мырзабековна    | БҚО әдістемелік орталығы білім беру менеджменті және сапасын басқару бөлімінің басшысы   |
|  | Ерментаева Асел Сатқанқызы        | Абай атындағы мектеп гимназиясы директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары, «Үздік педагог-2021», педагог-шебер   |
|  | Қуаншалиева Райгүл Тілекқабалқызы | БҚО әдістемелік орталығы техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы   |
|  | Рамазанов Орынбек Жұмабайұлы      | БҚО әдістемелік орталығы медиа бөлімінің басшысы   |

Корректорлар:

1. Қудашева Даурия Төлегенқызы – мектепке дейінгі білім беру мен тәрбие жұмысы бойынша әдіскері
2. Карманова Жанар Сәбитқызы – кәсіптік оқыту бойынша әдіскері
3. Рамазанов Орынбек Жұмабайұлы - медиа сүйемелдеу бөлімінің басшысы

## М А З М Ұ Н Ы

### ТҰЛҒАНЫ ӨЛЕУМЕТТЕНДІРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ

|   |    |
|---|----|
| ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКА<br>ЛЫҚ ТЕКСЕРУ<br>Ш.Н.Тастенова .....   | 5  |
| ҮЙДЕН ОҚЫТУДА МҰҒАЛІМ МЕН ОТБАСЫНЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ<br>А.Г.Мағзимова .....  | 7  |
| ПСИХОЛОГ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ АРТ-ТЕРАПИЯ ӘДІСІ<br>Г.С.Султанова.....  | 10 |
| ДАМУЫНДА КЕШЕНДІК БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРДА ӨЗ-ӨЗІНЕ ҚЫЗМЕТ<br>КӨРСЕТУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ<br>И.Т.Рамазанова.....                     | 12 |
| РАЗВИТИЕ ВНИМАНИЯ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С ЗАДЕРЖКОЙ<br>ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ<br>Г.А.Карабалиева.....                               | 14 |
| ПОСЛЕДСТВИЯ НАРУШЕНИЯ СЛУХА В ДОШКОЛЬНОМ ВОЗРАСТЕ<br>Г.М.Губашева .....   | 16 |
| БАЛАЛАРДА ТҰТЫҒУДЫ БОЛДЫРМАУДЫҢ АЛДЫН-АЛУ ЖОЛДАРЫ<br>А.Т.Кадрешова.....   | 18 |
| КОНСУЛЬТИРОВАНИЕ СЕМЬИ, ВОСПИТЫВАЮЩИХ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ<br>ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ<br>Г.Р.Дусимғалиева.....                          | 20 |
| ПРИМЕНЕНИЕ БАЛАНСИРОВОЧНОЙ ДОСКИ Ф. БЕЛГАУ ДЛЯ МОЗЖЕЧКОВОЙ<br>СТИМУЛЯЦИИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА<br>М.А.Махамбетова.....               | 22 |
| ЕРЕКШЕ БАЛА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ<br>Р.Е.Даулетова.....  | 24 |
| НАРУШЕНИЕ СЛОГОВОЙ СТРУКТУРЫ СЛОВА У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО<br>ВОЗРАСТА<br>А.С.Мустафина.....  | 26 |
| ИГРА – КАК СРЕДСТВО ВОСПИТАНИЯ<br>Б.С.Сапарова.....   | 28 |
| КОНСУЛЬТИРОВАНИЕ ПЕДАГОГОВ И РОДИТЕЛЕЙ ДЕТЕЙ С РАССТРОЙСТ<br>ВОМ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА И ЭМОЦИОНАЛЬНО-ВОЛЕВОЙ СФЕРЫ<br>К.С.Хасенова..... | 30 |

## ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІС

|   |    |
|---|----|
| РОБОТОТЕХНИКАДАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗЕҢДЕРІ  |    |
| Н.М. Қырықбаев.....   | 32 |
| «БАЛАЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДӘРІПТЕУ»                            |    |
| Ү.Қ.Ельжанова.....  | 36 |
| ФОРМИРОВАНИЕ ФИНАНСОВОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ: ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ |    |
| С.С.Сұлтан.....   | 38 |
| ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЛОГИКАСЫН ДАМЫТУ                         |    |
| М.С.Арыстанова.....   | 44 |

## БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ, САПА ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

|  |    |
|--|----|
| БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА АКТ-НЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ                     |    |
| Ж.С. Наурызалиева.....   | 48 |
| КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КЕҢІСТІКТЕ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ |    |
| А.К. Исмагулова.....   | 52 |

## ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ: ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ

|  |    |
|--|----|
| УЧЕНИК В ЦЕНТРЕ: КАК LESSON STUDY ПОМОГАЕТ СЛЫШАТЬ КАЖДОГО                                       |    |
| Г.Т.Сембиева.....  | 55 |
| WORDWALL КАК ИНСТРУМЕНТ ФОРМИРОВАНИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ |    |
| А.А.Сабирова.....  | 60 |
| БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ САПАСЫН БАСҚАРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ                      |    |
| У. Жағпаров.....   | 63 |
| ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ БОЙЫНША ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ                                       |    |
| З.И.Акишева.....   | 67 |

## ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

|   |    |
|---|----|
| ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК – ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ  |    |
| Ф.Е.Жубанова.....   | 71 |
| КОЛЛЕДЖ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ «ПСИХОТЕРАПИЯ» АВТОРЛЫҚ КУРСЫНЫҢ РӨЛІ |    |
| Л.С.Есенова.....  | 77 |

|  |    |
|--|----|
| ВОСПИТАНИЕ ЛИЧНОСТИ ПИАНИСТА-МУЗЫКАНТА В УСЛОВИЯХ<br>СОВРЕМЕННОЙ ТОЛЕРАНТНОСТИ<br>С.Е.Акижанова..... | 81 |
| ФОРТЕПИАНО И ОРКЕСТР: РАЗМЫШЛЕНИЯ О ПРИРОДЕ<br>ИНСТРУМЕНТАЛЬНОГО ИСКУССТВА<br>А.К.Малекова.....      | 84 |
| БУХГАЛТЕР-КАССИР – ҒАСЫРЛАР МЕН КЕЛЕШЕК МАМАНДЫҒЫ!<br>Н.С.Умбетова.....                              | 89 |
| БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КҮЙШІЛІК ДӘСТҮР<br>А.Н.Шакенова.....  | 94 |

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫ  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕКСЕРУ



Ш.Н.Тастенова  
БҚО, Орал қаласы  
Аймақтық психологиялық-медициналық-  
педагогикалық кеңес беру мекемесінің  
сурдопедагогі

**Аңдатпа:**

*Мақалада ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық тексеру барысы қарастырылған. Баланы психологиялық – педагогикалық тексерудің міндеттері, негізгі бағыттары, есту қабілетін тексеру кезінде қолданылатын құралдар туралы баяндалған.*

Есту қабілеті бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық тексерудің мақсаты – балалардың есту қызметінің бұзылу түрі мен деңгейін зерттеу, сөйлеу тілі деңгейін дамыту, қажетті жағдай мен түзету жұмыс жолдарын анықтау, даму ерекшеліктерін жан-жақты тексеруді қамтамасыз ететін психологиялық кешенінің бір бөлігі болып табылады.

Баланы психологиялық – педагогикалық тексерудің негізгі мақсаты: баланың психикалық даму деңгейін анықтау, психикалық күйінің қалыптасу ерекшеліктерін жіктеу, психикалық дамудың бұзылу түрі мен деңгейін анықтау.

**Психологиялық – педагогикалық тексеру міндеттері:**

1.Баланың сезімдік және коммуникативті даму деңгейін анықтау және мінездеме беру.

2.Сенсорлық және қимыл- қозғалыс қызметтерінің даму деңгейін анықтау және мінездеме беру.

3.Ақыл-ой және сөйлеу тіл деңгейін

(сөйлеу тілінің психологиялық қызметін зерттеу) анықтау және мінездеме беру.

4.Оқу және ойнау, манипулятивті, заттық қызметтерінің даму деңгейін анықтау және мінездеме беру,

5.Әлеуметтік – тұрмыстық бағдарлау деңгейін анықтау және мінездеме беру.

6.Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасқа мінездеме беру.

7.Психикалық дамуды бағалау, баланың өз мүмкіндіктерін, сол сияқты түзету көмегінің жағдайы мен жолдарын анықтау.

8.Балаға түзете көмек көрсететін ата-аналарға, мамандарға арналған нұсқауларды жетілдіру.

Психологиялық - педагогикалық тексеру барысында бірнеше негізгі бағыттар қарастырылады:

**Есту қабілетін бағалау:**

Баланың есту қабілеті қалай жұмыс істейтіні тексеріледі. Егер баланың есту қабілеті төмен немесе жоқ болса, онда арнайы құралдар мен әдістер арқылы есту жағдайы тексеріледі.

Сөйлеу және тіл даму деңгейін тек-

серу: Баланың сөйлеу деңгейі мен тілдік дағдылары бағаланады. Бұл әсіресе есту кемістігі бар балаларға маңызды, өйткені олардың сөйлеу және тілдік дамуындағы ерекшеліктер мен қиындықтар анықталады. Сөйлеу фонемаларын дұрыс айту, сөздік қордың көлемі, грамматикалық құрылымдарды қолдану сияқты аспектілер тексеріледі.

Ойлау және психикалық даму: Баланың психикалық дамуы, ойлау деңгейі және басқа да когнитивтік дағдылары тексеріледі. Бұл балалардың оқыту мен тәрбиелеуде кездесетін қиындықтарды анықтауға көмектеседі. Баланың әлеуметтік және эмоционалдық жағдайы: Баланың әлеуметтік қарым-қатынас дағдылары, эмоциялық жағдайы, әлеуметтену деңгейі зерттеледі.

**Білім беру бағдарламаларын анықтау:**

Тексеру нәтижелеріне сәйкес, балаларға қажетті арнайы білім беру әдістемелері мен бағдарламалар ұсынылады. Бұл балалардың оқытуында қандай әдіс-тәсілдерді қолдану керектігін анықтайды.

Есту қабілетін тексеру үшін әр түрлі құралдар мен әдістер қолданылады, олар балалардың есту қабілетін дәл бағалауға мүмкіндік береді. Бұл тексерулер арқылы есту деңгейі, ақаудың түрі мен дәрежесі анықталады.

**Есту қабілетін тексеру кезінде қолданылатын негізгі құралдар:**

1. Музыкалық диагностикалық ойыншықтар, резеңкеден жасалған шикылдақтар (даңғара, сырнай, ысқырық, сыбызғы, сылдырмақ) – дыбысқа реакциясын анықтайды.

2. Дыбыс дабылына қимыл реакциясын дамытуға арналған ойыншықтар жиынтығы, әр түрлі көлемдегі пирамидалар, доп, машина, текшелер, т.б.

3. Сөздер тізімі

4. Сюжеттік суреттер

5. Дара пайдалануға арналған дыбыс жазғыш аппаратура.

**Есту қабілетін тексеру кезінде қолданылатын әдістер:**

Объективті әдіс – баланың белсенді қатысуынсыз-ақ есту қызметі жағдайын білу.

Субъективті әдіс – тексеру кезінде естілген дыбысқа сөйлеу арқылы өз әсерін білдіруі мен белсенді қатысуы.

Табиғи реакциялар әдісі - бұл әдіс балалардың сыртқы дыбыстарға қалай реакция жасайтынын бақылауға негізделген. Сыртқы дыбыстарға басын бұру реакциясынан анықтауға болады.

Сөйлеу аудиометриясы: Бұл әдіс сөйлеу сөзін есту қабілетінің деңгейін тексеруге арналған. Балаға сөздер немесе сөйлемдер беріледі, ал олардың қайсысын ести алатыны немесе қайсысын дұрыс қайталай алатыны тексеріледі. Бұл тестің нәтижесі адамға сөйлеуді қабылдау қабілетін бағалауға көмектеседі.

**Қорытынды:**

Балалардағы есту қабілетін тексерудің арнайы әдістері - әр баланың жас ерекшеліктеріне, психофизиологиялық даму деңгейіне және есту қабілетінің бұзылу дәрежесіне байланысты таңдалады.

Жаңа туған сәбилерге арналған әдістер мен жасқа қарай дамып келе жатқан балаларға арналған тәсілдер әр түрлі болады.

Ерте диагностикалау есту қабілетінің бұзылуын уақытында анықтап, тиісті емдеу немесе оңалту шараларын жүргізуге мүмкіндік береді.

Психологиялық - педагогикалық тексеру нәтижесінде, балаларға қандай арнайы көмек және қолдау қажет екені анықталып, баланың жеке даму жоспары мен оқыту бағдарламасы жасалады.

ҮЙДЕН ОҚЫТУДА МҰҒАЛІМ МЕН ОТБАСЫНЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ



А.Г.Магзомова  
БҚО, Орал қаласы  
Аймақтық психологиялық-  
медициналық-педагогикалық кеңес беру  
мекемесінің әлеуметтік педагогі

**Андатпа:**

*Бұл мақалада денсаулығына байланысты үйден оқитын балалардың ата-аналары мен мұғалімнің қарым-қатынасы, бірлесе әрекет ету жолдары көрсетілген.*

Үйден оқыту тиімді болу үшін оқу үрдісіне оқушының ата-анасын қосамыз. Ата-анамен жұмысты неден бастау керек?

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды үйден оқыту дәрігерлік—кеңесу комиссиясының анықтамасы негізінде жүзеге асырылады. Үйден оқытуды жүзеге асыру кезеңінде ата-аналар көбінесе олардан не талап етілетінін түсінбейді. Олар мұғалімнің рөлін алып, балалардың іс-әрекетін бақылау керек пе? Денсаулыққа, оқу үлгеріміне және емтихандарға қатысты алаңдаушылық ата-аналарды орынсыз әрекеттерге итермелеуі мүмкін. Бұған жол бермеу үшін ата-анаңызбен бірге дайындық жұмыстары жүргізілуі қажет. Дайындық әңгімесі ата-аналарға үйден оқытуға бейімделуге және оның қалай жұмыс істейтінін түсінуге көмектеседі. Сынып жетекшісінің кеңестері мен ұсыныстары ата-аналарға балалардың білім алу жауапкершілігін түсінуге көмектеседі.

Ата-ананың психологиялық жағдайы баланың оқу мотивациясына әсер етеді. Оларды үйде оқытудың ерекшеліктеріне неғұрлым тереңірек енгізсек, мұғалімдердің үйден оқитын оқушымен

жұмысы соғұрлым жайлы болады.

**Үйден оқыту: ата-анаға не айту керек?**

1.Таңдау мүмкіндігін беріңіз. Оқушының ата-анасы баланы оқытатын білім беру ұйымын тыңдауға құқылы.

2.Ата-ананы тыныштандырыңыз. Үйде оқитын оқушының ата-анасы оның ұстазы бола алмайды. Балаға әлі де кесте бойынша келетін мектеп мұғалімдері сабақ береді.

3.Жауапкершілік туралы айту. Сынып жетекшісі ата-аналарға баланың жұмыс орнын жабдықтауға міндетті екенін нақты түсіндіреді. Олардың міндеті кеңсе тауарларымен қамтамасыз ету және баланың денсаулық жағдайы туралы мектепке хабарлау. Ата-аналар оқушының үй тапсырмасын орындауын, қашықтықтан сабаққа қатысуын қадағалайды.

4.Оны шындыққа қайтарыңыз. Сынып жетекшісі ата-аналарға денсаулығына кінәраты баланы үйден оқыта отырып, бір деңгейде білім беру мүмкін еместігін түсіндіру керек.

5.Ата-аналарды сабақ кестесімен таныстыру. Ата-аналар оқудың қалай өтетінін және мектеп ұсынып отырған кестесін

түсінуі керек. Оқушы бұдан былай мектепке бармаса да, күнделікті тәртіп сақталатынын атап өту керек.

6.Ата-аналар мен пән мұғалімдерінің жиналысын өткізу. Сынып жетекшісінің міндеті – мұғалімдер мен ата-аналардың өзара әрекетін орнату. Кездесу қатысушыларға түсінбеушіліктерді болдырмауға және бірлесіп жұмыс істеуге дайындалуға көмектеседі. Ата-аналармен жұмыстың бірінші кезеңінде оларға қолдау көрсету маңызды. Олардың қиындықтарында жалғыз емес екенін айту. Ата-ананың қорқынышын сейілту және оларды жаңа тәртіпке дайындау үшін ақпарат парағын дайындау.

Бейімделу кезінде ата-аналармен қалай қарым қатынас жасау керек. Сынып жетекшісі үйден оқитын оқушының ата-анасымен үнемі араласып отырады. Сынып жетекшісінің негізгі міндеті – баланың оң көзқарасын қалыптастыру және оқуын мүмкіндігінше ыңғайлы және тиімді ету. Үйден оқитын оқушының отбасына қолдау көрсетуде педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету кеңесіне жүгінуге болады. Отбасын диагностикалауды бастаңыз. Бұл әрекетті орындау үшін:

- Ата-ананың жасы, білім деңгейі, жанұядағы қарым қатынас сипаты туралы жалпы мәліметтер алу үшін сауалнамалар;

- Бала туралы айтудан қорқу мен үрейді жеңу, ата-аналар мен мұғалімдер арасында байланыс орнату үшін сұқпат.

Сіздің міндетіңіз – отбасына ауыр аурумен ауыратын баланы тәрбиелеуге көмектесу, оның әлеуметтік бейімделуіне ықпал ету, баланы дұрыс қабылдауға және оның даму болашағын түсінуге үйрету.

Ата-аналармен қарым қатынастың қандай формаларын қолдану керек.

Жыл бойы ата-аналармен жұмыстың жеке және топтық формаларын қолданыңыз.

### **Жұмыстың жеке формалары.**

1.Жеке кеңес беру. Оны ата-аналарды оқушының диагностикалық нәтижелері туралы хабардар ету және үлгерімін талқылау үшін пайдаланыңыз. Баланың ерекшеліктері туралы айтыңыз, оның жағымды қасиеттерін атап өтіңіз.

2.Әлеуметтік желілер арқылы байланыс. Ата-аналарды ақпараттандыру және кеңес беру үшін форум жасаңыз.

3.«Бала-мұғалім-ата-ана» бірлескен сабақтар. Жиналыстардың мақсаты – ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне тарту.

### **Топтық жұмыс түрлері.**

1.Ата-аналар лекциялары, семинарлар, тренингтер. Ата-аналарға оқыту дағдыларын дамытуға көмектесу. Бірлесе жұмыс жасай отырып, сіз педагогикалық мәселелерді тиімдірек шешесіз. Әр түрлі тақырыптарды тандаңыз.

2.Ата-аналар арасында тәжірибе алмасу. Ата-аналар клубын немесе өзіне-өзі көмек көрсету тобын ұйымдастырыңыз. Ата-аналар отбасылық тәрбие мен балаларды үйден оқыту бойынша тәжірибе алмаса алады.

3.Бірлескен бос уақытын өткізу. Үйден оқитын балалар мен олардың ата-аналары үшін онлайн іс-шараларды ұйымдастырыңыз.

### **Мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы қарым қатынасты қалай құруға болады.**

Ата-аналармен жұмыс мүмкіндігінше жайлы жүргізілуі керек. Әрбір пән мұғалімі ата-ананы сендіре білуі керек. Үйде тәрбиеленетін баланың ата-анасына жағымды қарым қатынас жасау керек.

1. Түсінігін білдіру. Сөздермен қолдау. Ата-ананың сезімін мойындау.

2. Диалогқа ашық және икемді болу.

3. Тыңда.
4. Сұрақтар қою.
5. Ұсынысын таңдау.
6. Жағымды кері байланыс беру.
7. Анық ақпарат беру.
8. Мәселені бірлесіп шешуге икемдеу.
9. Шекараларды құрметтеу.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Семаго М.М., Семаго Н.Я. Организация и содержания деятельности психолога специального образования. Әдістемелік құрал. 2005ж.
2. Карabanова О.А. Психология семейных отношений и семейного консультирования. Оқу құралы. 2005ж.

ПСИХОЛОГ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ АРТ-ТЕРАПИЯ ӘДІСІ



Г.С.Султанова  
БҚО, Орал қаласы  
Аймақтық психологиялық-  
медициналық-педагогикалық кеңес беру  
мекемесінің педагог-психологі, педагог-сарапшы

**Аңдатпа:**

*Мақалада психологияда қолданылып жүрген тиімді тәсілдердің бірі - арт-терапияның ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың дамуына, денсаулығына оңтайлы ықпал ету мәселесі қарастырылған.*

Арт-терапия – психотерапияның маңызды салаларының бірі болып табылады. Жалпы арт-терапия науқас адамның психо-эмоционалдық халін шығармашылық арқылы емдеу болып табылады. Арт-терапия деп психоэмоциялық көңіл-күйге әсер ету мақсатындағы терапияны түсінуге болады. Олар түрлі жастағы және әлеуметтік санаттағы адамдармен жұмыс кезінде белсенді түрде қолданылады. Балалармен жұмыс кезінде арт-терапияны дұрыс қолдану жақсы нәтижелер беруі мүмкін. Өйткені, адам психикасы, оның ішінде балалар психикасы саналы және санасыз болып бөлінеді. Барлық күйзелістер, қатты әсер ететін оқиғалар, жайсыз эмоциялар, егер олар бастан үйлесімді түрде өтпеген болса, біраз уақыт өткеннен кейін саналы күйден санасыз күйге ауысады.

Психолог қызметінде баламен, әсіресе ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен психологиялық-коррекциялық жұмыстар жүргізудегі арт-терапияның маңызы зор. Соңғы жылдары елімізде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың саны артып келеді. Осыған

орай осы топтағы балаларға психологиялық қолдау көрсету қажеттілігі туындап отыр. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен психологиялық өзара әрекеттесу немесе белгілі бір бұзылыстың немесе аурудың белгілерін жеңілдету, азайту немесе жою мақсатын жүзеге асыру тактикалық тәсілді қажет етеді. Бұл талаптар психотерапияның арт-терапиялық бағытын қамтамасыз етеді.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен жұмыс жүргізу барысында арт-терапия әдісін қолданбас бұрын, ең алдымен баламен жағымды, әрі сенімді қарым-қатынас орнатқан жөн. Мамандар балалардың шығармашылық жұмыстармен өте қызыға айналысатынын, өз жұмысынан шабыт алып, шаттыққа бөленетінін байқаған. Олар сурет салғанды, жапсыру, бейнелеу, қиялдан бейнелер желімдеуді үлкен ынта, қызығушылықпен орындайды. Дәл сол себептенде арт-терапия балалармен жүргізілетін аса тиімді әдіс болып табылады.

Балалық шақта бала өзін қоршаған әлемді танып білуге аса құштар болады.

Олар айналаны бақылап, ұстап-көру арқылы тәжірибе жасау әрекетіне құлшына кірісіп кетеді. Бала үшін зерттеу-шығармашылық әрекеттер аса маңызды. Шығармашылық әрекет – адамды қоғамның бір мүшесі ретінде дербес, еркін әрі белсенді іс-әрекет орындауға бағыттайды. Арт-терапия осы шығармашылық әрекетке қызықтыра елітіп алып кететін әдіс. Бұрын арт-терапия: әр түрлі психикалық ауытқулары бар адамдарға, ерекше балалар (көру, есту, қимыл-қозғалыс) әлеуметтік ортаға бейімделуіне мүмкіндік беретін әдіс ретінде қарастырылса, бүгінде әр адамның өзін өзі сезінуіне, өзін басқаруға, өзіне сенімділік ұялатуға көмектесетін құрал десе де болады.

Психолог арт-терапия түрлерін баланың психологиялық ерекшеліктеріне, түзету жұмыстарына қарай іріктеп қолданады. Арт-терапиялық бағытындағы шығармашылық жұмыс барысында баланың шығармашылық қабілетін дамытумен қатар, бала бойындағы ерекше мүмкіндіктерді ашуға жағдай жасайды, ашулану, қырсықтық, мазасыздану, қорқыныш сияқты теріс мінез-құлықтан құтылуына да әсер етіп, бала бойына сенімділік ұялатады, өзін мазалаған ойлардан арылтады.

Балалармен жүргізілетін арт-терапия барынша еркін түрде: ойын немесе шығармашылық әрекет арқылы орындалады. Бала бір сәтте өзіндік шығармашылық қабілеттерін көрсетеді, әрі психологиялық қиындықтарды жеңуді үйреніп, өз қолымен орындаған әрекеттен ләззат алады.

Әр түрлі эмоционалды күйлер бала әлемінің бір бөлігі. Әр эмоция адамның денсаулығымен байланысты болғандықтан, көптеген аурулар психосоматикалық сипатта болады. Арт-терапиямен түрлі психологиялық қиындықтарды шешуде: әуен, би, бейнелеу, сурет салу, жапсыру, драмалау сияқты өнердің суреттеу құралдарын пайдалана алатын мамандар айналыса алады.

Арт-терапия қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін де қолданылуы мүмкін және өзін-өзі бағалауды арттырудың және өзіне деген сенімін нығайтудың тамаша құралы болып табылады.

Психотерапияның басқа да түрлері сияқты арт-терапия – шығармашылық әрекет барысындағы бала мен ересек адамдардың негатив эмоциялары, ойлары, сезімдерінен арылудың бірден-бір әдісі болып табылады. Көбінесе балаларға ұжымдық шығармашылық әрекеттер аса ұнайды. Ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер барысында бала өзара түсіністікке келуді, басқалардың ойын, сөзін құрметтеуді, бастамашылдық көрсетуді, өз ойын сақтап қалуды үйренеді. Жағымды көңіл-күй балаларды біріктіреді. Сондықтан арт-терапия психологиялық жұмыстағы аса тиімді әдіс болып табылады.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Киселева М.В. Арт-терапия в работе с детьми. – СПб.: «Речь», 2007.
2. Колягина В. Арт-терапия и арт-педагогика. Учебно-методическое пособие. Издательство: Прометей, 2016 г.
3. Эдит Крамер. Арт-терапия с детьми. Издательство: «Генезис», 2013.
4. Копытин А.И. Теория и практика арт-терапии. – СПб.: Питер, 2002.

ДАМУЫНДА КЕШЕНДІК БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРДА  
ӨЗ-ӨЗІНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ



И.Т.Рамазанова  
БҚО, Орал қаласы  
психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетінің  
әлеуметтік педагогі, педагог-модератор

**Андатпа:**

*Дамуында түрлі бұзылыстары бар балалармен жұмыс барысындағы маңызды міндеттерің бірі - мәдени-гигиеналық дағдыларын (тұрмыстағы тазалық, жинақылық) қалыптастыру болып табылады.*

Бала дағдыларды оңай қабылдауы үшін, ол үрдісті қол жетімді, қызықты етіп жасау қажет. Түрлі тәртіп ережелерін, мысалы өздігінен киіну, тарану, жуыну іс-әрекеттерін көп рет қайталата отырып, қалай, қандай кезекпен жасау керектігін үйрету қажет. Белгілі бір дағдыны жеңіл үйрену үшін бірнеше іс әрекетті орындай білуі қажет. Мысалы: бала жуыну барысында бірінші жеңін түреді, содан соң сабынды алады, қолын сабындайды, дұрыстап тұрып суды шашпай оны шаяды, және құрғатып қолын сүртеді. Осы іс әрекеттер образы бала жадында оларды күнделікті қолдана білгенге дейін қалыптасуы керек. Сондықтан алдымен қажетті іс-әрекеттерді жасап көрсетеміз, содан соң балаларды жаттықтырамыз. Дағдыларды меңгерту кезеңінің басында балаларды мүлдем асықтырмау қажет, оларға үйренген іс-әрекеттерін қалыпты орындауына мүмкіндік беру қажет. Бұл балаларда эмоционалық көңіл күйді сақтауға қолайлы болады. Балаларды мақсатты іс әрекетке бағыттау қажет. Бұл үшін мысалы, көтермелеу әдістері тиімді болады: «Балалар, қараңыздар (баланың аты) қолын қалай таза жуған.

Енді сен қолыңды қалай сүрте білетінінді көрсетші, (баланың аты)»

Басқа да тиімді әдісі – ойындарды қолдану (сабынмен, сумен және т.б.) Жаңа іс-әрекеттерге балалардың қызығушылығын қанағаттандыруда, оларды бірнеше рет қайталау барысында дағдылары мықты бола бастайды. «Сабынды алақаныңа жасыр», «Тамшыларды ұтып ал» сияқты ойындар режимдік үрдістерді үйрену уақытында балаларға тиімді іс-әрекеттерді үйренуге мүмкіндік береді. Өз-өзіне қызмет көрсету іс-әрекетімен баланы жұмыстандыра отырып затқа деген қызығушылығын арттыруға болады. Мысалы, жуыну барысында балаларға әдемі қораптағы сабынды беріп, оны ашып қарауын ұсынуға болады: «Қандай жұмсақ сабын, исі қандай! Ал қалай көпіреді десеңші! Кәне қолымызды сабындап көрелік»

Нақты мысалдармен балалар байланыс себептерін орнатудың оңай қортындысын жасауды үйрене алады: аяқ-киімінді орнына жинауды ұмытсаң, даладан келгеннен соң оны көп іздейсің, көйлегінді іліп қойсаң, қыртыс болмай жүресің.

Бала өз-өзіне қызмет көрсету іс әрекеттерін дұрыс орындамауы бұрыс нәтиже беретінін түсінуі керек: дұрыс жуынбасаң – сүлгіні ластайсың, күртеңнің ілгегін тақпасаң – тоңып қаласың, бәтеңкенді сұртпесең – ұқыпсыз көрінесің. Мұғалім мен балалардың біріккен іс-ірекеті түрінде ұйымдастырылған, практикалық және ойын жаттығулары кірістірілген өз-өзіне қызмет көрсету сабақтары барысында төмендегі аталған дағдылары дамиды және нығаяды:

- Жуыну, киіну, тамақтану үрдісі мен алгоритмі; өмірде балаға қол жетімді, оларға үнемі қажетті атрибуттары мен негізгі әрекеттері туралы, заттардың қызметі мен қолдану туралы ойлары;

- Күнделікті тазалық рәсімдерін орындауға оң көзқарасты; өзіндік және біріккен іс әрекеттері мен нәтижелерінен (таза қолы, таза беті, ұқыпты таралған шашы, таза тарақ, таза аяқ киім, ілгегі тағылған киім т.б.) алатын қызықты әсерлерді.

Балалардың іс-әрекетін нақтылау және олардың алгоритмін сақтап отыру үшін сабақтарда, түрлі тұрмыстық және ойындық жағдайларда жиі таныс болып жүрген арнайы бейнелерді (суреттер, пиктограммалар) белсенді қолданады. Өз-өзіне қызмет көрсетуде балаларға өздігінен әрекет етуіне мүмкіндік беру маңызды, сонымен қатар іс-әрекет түрлерін түсіндіру және көрсету педагог жұмысында үлкен орын алатынын ұмытпауы керек.

Дамуында кешендік бұзылыстары бар балалар үшін өз-өзіне қызмет көрсету дағдылары — олардың болашақтағы дербестігі мен қоғамға бейімделуінің негізі. Бұл дағдыларды қалыптастыруда ойын – ең тиімді және табиғи әдістердің бірі болып табылады. Жақсы ойластырылған, жүйелі түрде қолданылатын ойын әдістері арқылы бала белсенділігін арттырып, күрделі әрекеттерді жеңіл әрі қызықты түрде меңгереді.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Винникова Г.И. «Социальное развитие и окружающий мир» М., «Сфера», 2010г.
2. Петерина С.В. «Воспитание культуры поведения у детей дошкольного возраста» Москва «Просвещение», 1986г.
3. Кислякова Ю.Н. «Формирование навыков социально-бытовой ориентировки у детей с нарушениями в развитии» - М.: Владос, 2004г.
4. Шипицына Л.М. «Развитие навыков общения у детей с умеренной и тяжелой умственной отсталостью». - СПб: СОЮЗ, 2004г.

## РАЗВИТИЕ ВНИМАНИЯ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ



Г.А.Карабалиева  
Психолог кабинета психолого-педагогической коррекции  
г. Уральска, ЗКО  
педагог-эксперт

### Андатпа:

*Балалардың назары психикалық үдерістерді толыққанды етеді, себебі қарау мен көру, тыңдау мен есту — мүлде бірдей емес. Қоршаған ортаны толық қабылдау үшін бізге тек назар ғана көруге, естуге мүмкіндік береді.*

С раннего детства внимание детей отличается произвольностью. Их привлекают новизной и интенсивностью: яркой игрушкой, громким звуком или различными специфическими раздражителями. Внимание дошкольника начинает привлекаться предметами и объектами, связанными с переживаниями, вызываемыми эмоциями, а также раздражителями, имеющими непосредственную связь с потребностями ребенка. С развитием же произвольного внимания дети в силах направить свое сознание и удерживать его довольно долго на определенных явлениях, объектах, пока есть интерес.

Формированию сферы внимания способствуют:

1. Организация режима дня с правильно подобранными задачами (умеренная нагрузка, перемена видов деятельности).

2. Подбор материала эмоционально насыщенного, вызывающего интерес.

3. Включение развивающих упражнений.

Дошкольники с задержкой психического развития имеют ряд характерных особенностей:

• Низкая концентрация внимания — ребёнок быстро отвлекается на внешние раздражители;

• Слабая устойчивость — внимание держится на объекте непродолжительное время;

• Низкая переключаемость — возникают трудности при смене одного вида деятельности на другой;

• Затруднённая избирательность — внимание рассеивается, нет выделения главного;

• Недостаточная произвольность — ребёнок не может сознательно управлять вниманием, особенно при выполнении неинтересного задания.

Эти особенности объясняются общим замедлением темпов психического развития, несформированностью мотивационной сферы и слабостью регуляторных механизмов.

**Объём внимания** — это способность сознания ребёнка охватывать одновременно большее количество отображаемых объектов в данный момент.

При маленьком объёме внимания — это невозможность сконцентрироваться одно-

временно на хотя бы предметах, удерживать их в уме.

**Концентрация внимания** – это способность ребёнка сосредоточиться на одном или нескольких объектах. При концентрации внимания на выполнении определённого задания объём внимания ребёнка сужается и рассматриваемый объект представляется малышу более отчётливо и ярко. При недостаточной концентрации ребёнку трудно долго сохранять внимание, не отвлекаясь и не ослабляя его. В младшем дошкольном возрасте достаточно сосредоточение на 1 или нескольких объектах.

Усиление концентрации внимания проявляется в развитии **устойчивости внимания**, когда у ребёнка к старшему дошкольному возрасту появляется способность сохранять долгое время сосредоточенность в деятельности и умение отвлечься от всего постороннего.

**Переключение внимания** – это способность ребёнка осмысленно перемещать внимание с одного объекта на другой и переходить от одного вида деятельности к другому. Малыша очень важно научить быстро, переключать внимание с одного объекта на другой, так как детям делать это довольно сложно.

**Распределяемость внимания** тесно связана с объёмом внимания, то есть распределение внимания между тем или иным числом разнородных объектов, одновременно сохраняющихся в центре внимания. Это даёт малышу возможность одновременно совершать разные действия и следить за несколькими независимыми процессами, не теряя ни одного из поля зрения.

Чем выше уровень развития внимания, тем выше эффективность обучения ребёнка. Именно невнимательность является главной причиной плохой успеваемости в школе.

Таким образом, внимание играет основную роль при любой деятельности, что особенно важно в обучении детей дошкольного возраста с задержкой психического развития.

#### **Используемая литература:**

1. Бутко Г.А. Особенности формирования двигательной сферы дошкольников с задержкой психического развития. // Коррекционная педагогика, № 2. 2003г.
2. Диагностика и коррекция задержки психического развития у детей. / Под ред. С.Г. Шевченко. - М.: Аркти, 2001г.
3. Лубовский В.И. Задержка психического развития. // Специальная психология / Под ред. В.И. Лубовского. - М., 2003г.

## ПОСЛЕДСТВИЯ НАРУШЕНИЯ СЛУХА В ДОШКОЛЬНОМ ВОЗРАСТЕ



Г.М.Губашева  
Сурдопедаг  
кабинета психолого-педагогической коррекции  
г. Уральска, ЗКО

### Андатпа:

*Аталған мәселенің өзектілігі мынада: есту қабілетінің төмендеуі сөйлеу тілінің дамуына кері әсерін тигізіп, дыбысты дұрыс айтудағы кемшіліктердің пайда болуына себеп болады, сондай-ақ баланың ойлау қабілетіне және жалпы дамуына жағымсыз ықпал етеді.*

Каждый момент восприятия ребенком окружающей действительности сопровождается благодаря слуху, восприятием обращенной к нему речи. Слушая речь, ребенок учится ориентироваться в окружающем мире. Он познает предметы, глядя на них, прикасаясь к ним, прислушиваясь к звукам, которые они издают. Он наблюдает движения и действия окружающих его людей и животных, изменения, происходящие в окружающей действительности: в меру своих возможностей сопоставляет и осмысливает наблюдаемое с помощью органов чувств. И в этом сложном процессе познания действительности исключительную роль играет речь, воспринимаемая ребенком.

Часто родители жалуются на плохую речь ребенка. Ребенок мало и неправильно говорит. Иногда и совсем не говорит. В других случаях жалуются на невнимательность или на непонятливость, на капризы, непослушание, раздражительность, нелюдимость (ребенок не хочет играть с детьми, очень стесняется посторонних людей и т. п.) и отказ ребенка от общения с окру-

жающими.

В отношении детей школьного возраста мы слышим обычно жалобы на неуспеваемость. Ребенок не может научиться грамоте, а научившись читать и писать, пишет неправильно, с большим количеством ошибок, с трудом справляется с решением арифметических задач, неправильно отвечает или отказывается отвечать на вопросы учителя.

На наш вопрос, хорошо ли слышит ребенок, нас чаще всего уверяют, что слух ребенка не нарушен. Родители обычно рассказывают, что их ребенок слышит звонок, с увлечением прислушивается к звукам радио, охотно слушает телевизор, кладет ручки на телевизор и с удовольствием отмечает вибрацию коробки телевизора. Он реагирует на стук в дверь, на стук упавшего на пол предмета и т. п. Все это не что иное, как проявления восприятия звуков и вибраций окружающих ребенка предметов. И все же для того, чтобы убедиться в том, что ребенок достаточно хорошо слышит, необходимо специально проверить его слух.

Для нормального развития ребенка необходима очень высокая степень сохранности слуха, а между тем наше ухо - очень хрупкий орган.

У ребенка, слух которого оказался в той или иной степени дефектным с раннего возраста, т. е. в первые годы его жизни, когда слух должен служить не столько общению, сколько усвоению первых звуков, первых слов и фраз, составляющих нашу речь, для овладения ребенком значением слов, для их различения по звуковому составу требуется высокая степень сохранности слуха. Для того чтобы он мог пытаться повторять слова вслед за окружающими его людьми, ему необходимо слышать с достаточной четкостью каждое из обращенных к нему слов. Если ребенок не слышит речевые звуки с достаточной отчетливостью и постоянством, повторяющиеся слова могут каждый раз показаться ему иными, и поэтому он не связывает их с теми предметами, которые они обозначают, и, следовательно, не усваивает или недостаточно усваивает их значение.

Еще труднее ребенку с неполноценным слухом научиться произношению звуков и слов. В норме ребенок усваивает произношение по подражанию на основе слуха. Прислушиваясь к звукам речи, ребенок делает попытку воспроизвести воспринятые звуки. Ему не сразу удается достаточно точно произношение. Но ребенок, обладающий нормальным слухом, прислушиваясь к своей речи, сравнивает свое произношение с произношением окружающих, делает все новые попытки правильно произнести слово, и наконец, пользуясь слуховым контролем, достигает тех движений речевого аппарата, которые требуются для реализации того или другого речевого звука. Это оказывается невозможным при неполноценном слухе.

Напомню кратко, какие дефекты речи могут быть обнаружены у детей с нарушенным слухом:

1. Недостатки произношения, ограниченный запас слов.

2. Недостаточное усвоение звукового состава слова, которое выражается не только в неточностях произношения, но и в ошибочном написании слов.

3. Неточное понимание и неправильное употребление слов.

4. Недостатки грамматического строя речи:

а) неправильное построение предложения.

б) неправильное согласование внутри предложения.

5. Ограниченное понимание устной речи, читаемого текста.

6. Затрудненное усвоение первоначальной грамоты (письма и чтения).

7. Специфические ошибки в диктанте и самостоятельном письме.

8. Трудности понимания объяснений учителя.

Ребенок, лишенный полноценного слухового контроля, не может самостоятельно научиться тем движениям артикуляционного аппарата, которые необходимы для правильного произношения звуков. Без нормального слуха, без достаточного восприятия собственной речи, ребенок лишен возможности сравнивать свою речь с речью окружающих, и, следовательно, не может самостоятельно исправить свое дефектное произношение.

### БАЛАЛАРДА ТҰТЫҒУДЫ БОЛДЫРМАУДЫҢ АЛДЫН-АЛУ ЖОЛДАРЫ



А.Т.Кадрешова  
БҚО, Орал қаласы психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетінің логопед-мұғалімі

#### Андатпа:

*«Балаларда тұтығуды болдырмаудың алдын-алу жолдары» атты мақалада балаларда тұтығудың себептері, белгілері туралы жазылған. Тұтығатын балалармен түзету жұмыстарының бағыттары көрсетілген.*

Қазіргі уақытта мектеп жасына дейінгі балалардың арасында сөйлеу тілінің бұзылыстары жиілеп барады. Соның ішінде тұтығу - сөйлеу бұзылыстарының ауыр түрі. Ол баланың мінез-құлқына әсер етеді, сөйлеуіне кедергі келтіреді, айналасымен, әсіресе балалар арасындағы қарым-қатынасты қиындатады.

Тұтығу кейде аяқ астынан пайда болады, кейде білінбей жүріп, бірте-бірте күшейе береді. Ол ішкі және сыртқы тітіркену мен жүйке ауруларының сипатына байланысты кезекпен бірде бәсеңдеп, бірде күшейеді. Сөйлеу кезінде тыныс алу, дыбыстың немесе артикуляциялық аппаратында пайда болған тырысу тұтығудың негізгі сыртқы белгісі болып табылады. Тұтығудың негізгі белгісі сөйлеу процесі кезінде тырысу болып табылады. Тырысу формасы бойынша клоникалық, тоникалық, аралас, таралуы бойынша дем алу, дыбыс шығару, артикуляциялық, аралас және жиілігіне қарай сипатталады. Тоникалық тарауда бұлшық еттердің жиырылып тырысуының салдарынан сөз басында немесе ортасында ұзақ

тоқталып қалу байқалады. Мысалы: «к--ітап». Клоникалық тырысуда дыбыс немесе буын қайталана береді «м- м- м-мысық». Тұтығу күшейіп ауыр түріне айнала бастаған кезде қосымша қимылдар байқалады.

Тұтығуға тән белгілердің бірі - сөйлеу алдындағы қорқыныш, үрейлену. Тұтығатын адамда ойын жеткізу үшін қиын сөздерді немесе дыбыстарды айтар кезде үрей пайда болады. Бұл құбылыс «логофобия» деп аталады.

Тұтығудың жағдайы үнемі ауысып отырады. Мысалы: бала бір уақытта қатты тұтығып немесе жақсы сөйлеуі мүмкін. Тұтығатын бала жалғыз өзі ойыншықтармен ойнағанда, жақын адамдармен тұтықпай сөйлеседі. Ал басқа адамдар оған түрліше әсер етеді: жақын адамдармен сөйлескенде, ол өзін еркін сезінеді, сондықтан тұтығу аз болады. Бөтен адамдардың арасындағы әңгімелесуде бала қорқуы мүмкін немесе ұялады. Сөйтіп тұтығу күшейе түседі.

Қазіргі кезде тұтығу пайда болған уақытта бірден түзету шараларын қолдану

керектігі көпшілікке мәлім. Әдетте бұл сөйлеу бұзылысы бастапқы сатысында жеңіл түрде болады, бірақ жеңілден ауырға тұтығуы бірте-бірте күшейе түсуі мүмкін. Тұтығу басталған мерзімінен көп уақыт өткен сайын, баланың мінез-құлқының өзгеруіне себепкер болатын ауыр да тұрақты бұзылысқа айналады. Сонымен қатар ол баланы қалыпты қарым-қатынастан айырады және оқу үлгеріміне кедергі жасайды. Сондықтан аталған сөйлеу бұзылысын баланың мектепке келмей тұрған кезінде түзету керек.

**Тұтығуды түзету жұмыстары мынадай бағыттардан тұрады:**

1. Медициналық әсер ету. Ол баланың жүйке жүйесінің қалыпты жағдайда болуына мүмкіндік жасайды және психотерапиялық, логопедиялық жұмыстар үшін қолайлы жағдай жасайды.

2. Психотерапиялық әсер ету барлық түзету жұмыс кездерінде жүргізіледі. Ол баланы тұтығусыз сөйлей алатынына сендіру.

3. Логопедиялық әсер ету. Бұл ұзақ уақыт бойына жүйелі түрде жүргізілетін сабақтар.

4. Логопедиялық ритмика. Ол әр түрлі жаттығулар мен ырғақтар немесе балалардың сөйлеуіне байланысты қозғалыс ойындарынан тұрады.

5. Тұтығатын баланың жеке басына қоршаған ортаның әсер етуі. Бұл түзету тәрбие жұмыстарының барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады. Педагогтар, тәрбиешілер, ата-аналар баланы өзіне өзінің сөйлеу бұзылысын түсініп, одан құтылу жолдарын ойлауға тәрбиелеу қажет.

**Логопедиялық сабақтардың жүйелігі**

Тұтығатын балалардың өз бетімен байланыстырып сөйлеуінің даму жүйелері қарапайымнан күрделіге қарай құрылуы

тиіс. Алғашқы сабақтардан бастап балалар логопедтің сұрақтарына жәй және қысқа сөз тіркестермен жауап береді. Ойыншықты түрлі заттардың геометриялық пішіндері, олардың көлемі, түсі; әртүрлі іс-әрекеттері аталады. Содан соң балалар заттар мен орындалған іс-әрекеттің көрнекілігі бойынша кең таралған жәй сөйлемдермен жауап береді. Мысалы, соңында балалар логопедтің қиын сұрақтарына жауап бере отырып, тұтықпай сөйлей алатын қабілетке ие болады. Сабақ кезінде балалар логопедтің көмегімен тоқталмай мүдірмей айта алады. Балаға шектен тыс сұрақ қойып, артық әңгімелетуге де болмайды. Бала әңгімесінде тұтыға бастаған мезетте ақ сөзін немесе сөз тіркесін аяқтауға көмектесу керек. Балабақша мен үйдегі сабақтардың алғашқы айы «үндемеу тәртібімен» өтеді. Бұл уақыт баланы сабақтан тыс уақытта көп сөйлеуге болмайтын шектеу алдымен тұтығудың патологиялық рефлексін жою үшін қажет, одан басқа егер балалардың үндемеуін, көп сөйлеуін дұрыс ұйымдастыратын болса, олардың жүйке жүйесінің тынығуына, демалуына мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, тұтығудан құтылудың жолдары көп. Ол үшін тек тыңғылықты әрі ұзақ уақыт жұмыс істеу керек. Ата-ана, мұғалім, логопед және бала бәрі бірлесе жұмыс істегенде ғана тұтығудан құтылуға болады. Кейде тұтығудан бала толық жазылып кете алмаса да, жоғарыда аталған шараларды жүзеге асыру-белгілі жағдайда сөйлеуді жеңілдететіні анық. Ал мұның өзі тұтығатын бала үшін аз қуаныш емес екені белгілі. Сөйтіп, баланың өмірде өзінің басқалармен тең құқылы азамат екендігіне деген сенімі арта түсері сөзсіз.

КОНСУЛЬТИРОВАНИЕ СЕМЬИ, ВОСПИТЫВАЮЩИХ  
ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ



Г.Р.Дусимғалиева  
Олигофренопедагог категории модератор  
кабинета психолого-педагогической коррекции г. Уральска

**Андатпа:**

*Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алуы жалпы білім берумен ортақ түпкі мақсатқа ие – әлеуметтік бейімделу мен өзін-өзі іске асыру, тез өзгеретін әлемде өмір сүруді, өмір бойы білім алуды үйрену.*

*Дефектолог мамандарынан арнайы көмек сұрайтын отбасылардың саны күннен-күнге артуда. Ата-аналарды тәрбиелеуге байланысты алуан түрлі мәселелер алаңдатады. Отбасыға дер кезінде және дұрыс көрсетілген көмек – дамуында қиындығы бар балаға өте оң әсерін тигізеді.*

Работа с семьями, которые обращаются за помощью к специалисту по поводу проблем с ребенком – один из самых распространенных видов консультирования. Для эффективного решения комплекса диагностических, коррекционных задач специалист должен обладать прочным теоретическим фундаментом, а также владеть широким арсеналом методов и техник для индивидуального подбора алгоритма помощи каждой семье и ребенку.

Семья играет в воспитании ребенка основную, долговременную, важнейшую роль. То, что ребенок в детские годы приобретает в семье, он сохраняет в течение всей последующей жизни. Целью консультативной работы с родителями является: определение типа семейного воспитания; установок родителей по отношению к детям и семье; оптимизация внутрисемейных отношений через принятие родителями адекватных ролевых позиций по

отношению к ребенку и друг к другу; обучение родителей навыкам вхождения в контакт с ребенком и воспитание его в соответствии с общественными нормами поведения. В ходе консультирования нередко приходится преодолевать неправильные установки и заблуждения родителей. Одной из наиболее постоянных ошибок воспитания является снижение требований к ребенку, закрепление за ним положения больного.

Ребенку, отстающему в развитии, в равной степени, как и нормально развивающемуся, должны вовремя прививаться навыки опрятности, самообслуживания, а в дальнейшем и посильный труд в семье, забота о близких людях. В подавляющем большинстве случаев можно видеть обратное явление. Родители начинают преждевременно обучать ребенка чтению, письму, счету, организуют дополнительные занятия с педагогами, стремятся дать ребенку такое количество информации, которые он не

может охватить. Все усилия родителей направлены для обучения и устройства ребенка в школу, а формированию навыков поведения уделяется значительно меньше внимания. Поэтому нередко приходится наблюдать детей, знающих буквы, но не обладающих элементарными навыками самообслуживания. Родители излишне опекают их, стремятся устранить даже мельчайшие трудности в их повседневной жизни, ни на шаг не отпускают от себя. Это создает напряженную атмосферу в семье, конфликтные ситуации между родителями и другими детьми.

От эффективной организации ранней комплексной помощи зависят предупреждение инвалидности и снижение ограничения жизнедеятельности. Ранняя комплексная помощь предполагает широкий спектр долгосрочных психолого-социально-педагогических услуг, ориентированных на семью и осуществляемых в процессе согласованной работы специалистов разного профиля.

При поддержке специалистов родители овладевают необходимыми методами и навыками оказания коррекционной помощи своим детям. Новые педагогические технологии воспитания и обучения «особых» детей еще более расширяют зону ответственности, включая в нее специалистов массовых детских учреждений, родителей здоровых детей и все общество в целом.

#### **Используемая литература:**

- 1.Белопольская Н.Л. Некоторые вопросы психолого-педагогического консультирования семей, имеющих детей с отклонениями в интеллектуальном развитии. Дефектология. №5,1984г.
- 2.Белякова И.В. Дети с отклонениями в развитии. Кто они?- Москва, 1997г.
- 3.Выготский Л.С. Основы дефектологии // Собр. соч.: В 6 т. – М., 1983г.
- 4.Куликова Т.А.Семейная педагогика и домашнее воспитание. - Москва, 2001г.

## ПРИМЕНЕНИЕ БАЛАНСИРОВОЧНОЙ ДОСКИ Ф. БЕЛГАУ ДЛЯ МОЗЖЕЧКОВОЙ СТИМУЛЯЦИИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА




М.А.Махамбетова  
Инструктор АФК  
кабинета психолого-педагогической коррекции г. Уральска

### Андатпа:

*Балалардың психикалық және танымдық үдерістерін дамытуда нейрпсихологиялық түзету әдістерін қолданбай оң нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Нейрпсихологиялық түзету технологиясы психикалық үдерістердің мидағы ұйымдасуымен тығыз байланысты*

Наверное, все из нас заметили, что в нашей работе нам приходится работать с последствием, а не с причиной, вызывающей те или иные нарушения головного мозга. Поднимите руки, кто из вас знает, размер своей обуви? Вы приходите в магазин и идете в отдел к той полке, где находится размер вашей обуви.

Так и в нашей работе единство мозга складывается из деятельности двух полушарий, тесно связанных между собой системой нервных волокон.




Мозолистое тело находится между полушариями головного мозга в теменно-затылочной части. Оно необходимо для координации работы мозга и передачи информации из одного полушария в другое. Нарушение мозолистого тела искажает познавательную деятельность

детей. Если нарушается проводимость через мозолистое тело, то ведущее полушарие берет на себя больше нагрузки, а другое блокируется. Оба полушария начинают работать без связи. Нарушаются пространственная ориентация, адекватное эмоциональное реагирование, координация работы зрительного и слухоречевого восприятия.

Лобные доли отвечают за принятие решений, индивидуальность, речь – все то, что помогает нам включить обработку сенсорной информации, поступающей от органов чувств, в планировании, принятии решений, координации. Нарушенная связь между мозжечком и лобными долями мозга приводит к замедлению формирования речи, интеллектуальных и психических процессов

Учитывая это свойство, ученые разработали методику, позволяющую существенно улучшить способности к обучению, восприятию и переработке информации.

И в этом большую помощь мне оказала балансировочная доска Белгау.



Значительная часть упражнений посвящена развитию взаимодействия полушарий. Подбирая специальные упражнения можно воздействовать на восстановление поврежденной системы.

В мозжечковой стимуляции используется системный подход к коррекции нарушений: с одной стороны, стимуляция мозжечка, с другой — сенсорная интеграция с учетом основных принципов детской нейропсихологии. Главное связующее звено головного мозга - вестибулярный аппарат.

Считается, что именно вестибулярные системы головного мозга играют решающую роль в любой деятельности: они помогают координировать не только крупную, но и мелкую моторику, налаживают связи между всеми основными органами и частями головного мозга, которые участвуют в письме, чтении, счете. Включается в работу мозг, выполняющий высшие психические функции, в том числе и мышление. В основе программы мозжечковой стимуляции лежит система тренировок, где учитывается возраст ребенка, его возможности и особенности. Задания направлены на синхронизацию двигательных и познавательных навыков, развитие зрительно-моторной координации.

В результате чего развивается навык балансирования, приходит осознание схемы собственного тела, повышается концентрация внимания, развивается общая моторика. Занятия

помогают развитию речевых навыков и математических способностей, как следствие у детей улучшается успеваемость, память, навыки социальной адаптации, взаимоотношения в семье. Стабилизируется психоэмоциональное состояние, ребенок обретает хорошую физическую форму, исправляется его осанка, заметно улучшается координация движений. Конечной целью коррекционных занятий лежит развитие межполушарных взаимодействий, координации движений, баланса. Дети с удовольствием занимаются на балансировочной доске.

#### **Используемая литература:**

1. Актуальные проблемы нейропсихологии детского возраста. Учебное пособие/ Л.С. Цветковой, А.В. Семенович. М. 2006г.
2. Основы нейропсихологии. Лурия А.Р. М.: Наука, 1973г.

### ЕРЕКШЕ БАЛА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ



Р.Е.Даулетова  
БҚО, Орал қаласы психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетінің олигофренопедагогі, педагог-модератор

#### Андатпа:

Логикалық ойындар ойнау арқылы бала өзінің қоршаған ортадан көргенін, байқағанын өзінің өмірінен алып, оны өзгеше тереңірек беруге тырысады. Бала өзінің қоршаған ортаны адамдар арасындағы қарым-қатынасты білуімен сенуі ойын негізінде жүзеге асатындықтан тәрбиеші логикалық ойындар түрлерін тиімді қолданғаны жөн. Мұндай ойындар баланың зейінін, есте сақтау, ойлау қабілетін, дүниетанымын дамытады. Балалардың ойлау қабілетін дамытатын жұмыстардың бір түрі- логикалық ойындар. Зияткерлік ойындар баланы тапқырлыққа, ойлауға баулып,

ойының ұшқырлығына, өздігінен шешім қабылдауға, салыстыруға, дәлелдеуге үйретеді.

**Зерттеудің мақсаты:**

Мектепке дейінгі жастағы балалардың ойлау қабілеттерін дамытуды логикалық ойындар арқылы жан-жақты жетілдіру. Балалардың ойлау әрекетін дамытуға ықпал ету, зияткерлік ойындар арқылы білім, білік, дағдыларын қалыптастыру, балалардың математикалық тілде сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. Балаларды тез шешім қабылдауға ойлана білуге, зеректілікке жетелеп дүниетанымын кеңейту.

**Зерттеудің әдістері:**

Мектепке дейінгі ұйымдарда білім сапасын арттыру аса маңызды мәселе, ол үшін жалпы және негізгі жағдайды жақсарту басты міндет болып табылады.



Біріншіден, білім мен тәрбие беруге арналған дамытушы органы жабдықтау қажет десек, ол мектепке дейінгі кезеңнің өзіндік ерекшелігі мен құндылықтарын сақтайтын, баланың жас ерекшелігіне сәйкес бағытталуы қажет.

Екіншіден, тәрбие мен білім беру мекемесінің тәрбиеші педагогтар қауымы кәсіби шеберліктерін үнемі шыңдап, білімін жетілдіруге жүйелі көңіл бөліп, ұжымның шығармашылық бағыт бағдарын айқындап, оны жүзеге

асыруға белсенділікпен ат салысуға және жағымды психологиялық ахуалдың тұрақтылығына ықпал ету қажет. Сондай-ақ отбасының сұранысы мен талап-тілектерін қанағаттандыру және білім мен тәрбиенің балаға берілген үрдісі жайында ата-анамен үнемі бірлескен ынтымақты негізде жұмыс істеу де маңызды.

Үшіншіден, балабақшада еңбек етуге толық жағдай жасалып, тәрбиелеу мен білім берудің технологияларын сауатты меңгеріп, жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдер жүйесін кәсіби шеберлікпен игеріп, оны тәжірибеде пайдалануға шығармашылықпен үлес қосып отырса, нәтиже болады.

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты-тұлғаны оқыту, тәрбиелеу, дамыту. Осы мақсаттар тығыз байланыста болғанда ғана нәтижелі жұмыс болады. Бала өмір бойы дамып келеді. Даму үрдісінде баланың таным белсенділігі арта түседі. Зияткерлік ойындар жүйелі жүргізілсе, балалар заттардың түсі, түрі, көлеміне қарап ажырата бастап, олардың құрылысын, пайдалану тәсілдерін біледі. Күнделікті өмірде бала шындық дүниенің құбылыстары мен заттарын анықтай білуге, адам баласының жинақтаған бай тәжірибесін үйренуге талаптанады.

Даму барысы:

1. Зердесін дамыту.
2. Эмоциясы мен сезімін дамыту.
3. Қиыншылықтарға төтеп бере алуын дамыту.
4. Өзіне – өзінің сенімділігі, өзін – өзі қабылдау, жақсы көруді дамыту.
5. Танымдық үрдісін дамыту.
6. Өзін-өзі алып жүре алуы, дербестігін дамыту.
7. Өзін-өзі көрсете алуына, өзін-өзі жетілдіруге ынтымақ дамыту.

Қазіргі кездегі тәрбиешілер мен педагогтар баланың жеке басының

дамуындағы қиялдың маңыздылығының ең тиімді жолы шығармашылық жұмыста көрсету, үйрету, көркемдік әдебиетте нақтылау, өз бетінше жұмыс жасауына жағдай жасау, яғни еркіндік беру қ...



Әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны белгілі бір бағытқа жетелеу, тәрбиеші парызы. Логикалық ойындар балалардан күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі жағдайға байланысты білімді талап етеді. Балалардың байғақыштығын дамытуға негізделген логикалық ойлау ұғымдары түсіндіріліп, соның нәтижесінде баланың білімге деген ынтасы артты. Ойын арқылы балалар айналадағы қоршаған әлемді таныды, сезінді, өзі-өзіне қызмет көрсете білді, құрдастарына, үлкендерге деген өзара қарым-қатынас қалыптасты. Логикалық ойын түрлерін балабақшадан толық меңгеріп, ойлау, есте сақтау, зейін қабілеттерін дамыту үшін тәжірибемізде жаңа әдіс-тәсілдерді қолданылады.

Мектепке дейінгі кезеңде баланың зейіні төңіріктегі заттарға және солар арқылы орындалатын іс-әрекеттерге қатысты ынтамен сипатталады. Бала бір нәрсеге ынтасы өшпей тұрған кезде зейінін шоғырландырады. Жаңа бір нәрсе көргеннен-ақ баланың зейіні соған ауады. Сондықтан балалардың ұзақ уақыт бір іспен шұғылдануы сирек болады.

Мектепке дейінгі жастағы балалар оқу қызметінің күрделенуіне жалпы ақыл-ой дамуының ілгеруіне байланысты зейіні күшті шоғырланып, тұрақтылыққа ие болады. адам миында жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі.

Зияткерлік ойындар арқылы балалардың логикасын дамытуда көптеген әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылады.

### **Зерттеудің нәтижесі:**

Бүгінгі күні мектепке дейінгі жастағы балалардың толық интеллектуалды даму мәселесі әлі де өзекті болып отыр. Интеллектуалды толық дамыған мектеп жасына дейінгі бала жақсы оқиды, берілген материалды тез қабылдайды, өзінің күшіне сенімді, айналасындағылармен тез тіл табысады. Сол себепті мектепке дейінгі білім беру мекемесінде ұйымдастырылған оқу-тәрбие үрдісінде зейін, есте сақтау, ойлау қабілеті, елестеу, сөздік қорын дамытатын және жаттықтыратын жұмыстарға көп көңіл бөлінеді.

Зияткерлік ойындар арқылы балалардың ойлау қабілеттері дамиды, оқу қызметіне деген қызығушылығы артады. Балалардың интеллектуалдық дамуына әсер ететін жаңа ойын технологиялары да біздің балаларға танымал. Мысалы: «Логикалық тізбек» ойындары



Логикалық ойлау арқылы бала саралау, салыстыру, жинақтау сияқты өз бетімен іс-қимылдар жасауды үйренеді. Баланың логикалық ойлауы өздігінен қалыптаспайды, оның дамуына мақсатты түрде білім беру мамандарының, ата-аналардың, балалардың бірлескен жүйелі жұмысы қажет.

Балалар ойыны заттық-қол қимылының (пирамида жинау, текшелерден үй құрау) даму жолынан бастап интеллектуалды даму ойынына дейін жетеді. Логикалық ойлауды дамытудың негізгі рөлі

математикалық ойындарға жатады. Бұл ойындар арқылы баланың интеллектуалды дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, жалпы тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді игерумен бірге, ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету және т.б. қабілеттерінің; танымдық, іскерлік, шығармашылық қасиеттерінің дамуын қамтиды. Мысалы, «Суреттерді есте сақта», «Керекті фигураны тап», «Қызықты геометрия», «Лабиринт ойындары» және т.б. «Ойы саяздың, тілі саяз» деген лағатты сөз бекер айтылмаған. Ойлау негізі баланың сөйлеу тілін де қалыптастырады.

Қорытып айтқанда, балаларды интеллектуалды дамыту тәрбиесі білімді тереңдетуге, бекітуге, оның тәжірибелік мәнін түсінуге септігін тигізеді. Мектеп жасына дейінгі балалармен зияткерлік ойындар арқылы жұмыс істеу баланы жылдамдыққа, тапқырлыққа үйретеді. Нәтижесінде балалардың танымдық үрдістері дамиды, қиялдары ұшталады, тапқырлыққа жетеленеді, зияткерлік ойындар мен тапсырмаларды орындауға қызығушылықтары артады, қиын жағдайда тез шешім табуға үйренеді.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы;
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы;
3. Аманова Г. К. Логикалық тапсырмалар жинағы.- Өскемен, 2007.
4. Ахметжанова Ә. Логикалық ойлау. Сынып жетекшісі №5 2009ж
5. «Қазақ үні» газеті 2024 ж.

БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА  
АКТ-НЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



У.М.Ахметова  
БҚО, Теректі ауданы,  
Еңбек негізгі орта мектебінің  
биология пәні мұғалімі

**Аңдатпа:**

*Мақалада мектептегі биология пәні сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мүмкіндіктері туралы айтылған.*

*Оқушылардың құзіреттілігін пәндерді оқытуда интерактивті техника және технологияларды қолдану арқылы дамыту қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік беретіні белгілі.*

*Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу материалының мазмұнын меңгерудің негізгі құралы ретінде пайдалану мәселесі - кез келген пәнге тән оқытудың жалпы әдістемесінің аспектісіне айналды. Мақалада АКТ-ны оқу процесінде қолдану тиімділігін негізге ала отырып, биология пәнін оқытуда осы технологияны пайдалану мысалдары келтірілген. Оқушылардың құзіреттілігін пәндерді оқытуда интерактивті техника және технологияларды қолдану арқылы дамыту қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.*

Қазіргі білім беруді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолданбай елестету мүмкін емес. Қоғамды цифрландыру жағдайында мұғалімдер оқытудың тиімділігін арттыру үшін технологиялық құралдарға көбірек жүгінеді. Қазіргі адамдар ерте жастан жаңа ақпараттық ортаны игеріп, даму үстінде.

Қазіргі жаһандану заманында білім беру саласында мектеп мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникативтік технологияны игеруі ерекше маңызды болып есептелелі.

Жалпы білім беретін мектептегі

биология, химия және география пәндерінің бастапқы негіздері бастауыш білім беру сатысындағы жаратылыстану пәні негізінде құрылады.

Ақпараттық технологияны қолданып оқыту арқылы білім алушыны дайын білімді мол мөлшерде ақпарат алып оқыту ғана емес, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық, зияткерлік қабілеттерін, олардың әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуін, жаңадан қосымша ақпарат алу іскерліктерін дамытуға мүмкіндік береді.

Ақпаратты коммуникативті технологияны қазір барлық сабақтарда

қолданады. Компьютерлік техникаларды сабақ жүргізуде дұрыс пайдалана білу, оқушылардың білім алу көздері тек қана мұғалім еместігін және оқудың жеңіл, аз ғана уақыт ішінде тақырыпты ашудың көмекші көзі болып табылады[1].

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бірі – интерактивті тақта, мультимедиялық және онлайн сабақтары. Интерактивті тақтаны сабақта пайдаланудың маңыздылығы, яғни оның көмегімен оқыту үрдісіндегі өзекті мәселелерді шешуге болатындығы анықталған.

Интерактивті тақта оқытушыға немесе баяндама айтушыға үш түрлі құралды біріктіруге мүмкіндік береді: ақпаратты көрсетуге арналған экран, кәдімгі маркерлік тақта және интерактивті монитор. Оқыту технологияларын зерттеу нәтижесінде, интерактивті тақтаның арқасында білім алушылардың көбірек пәнге деген қызығушылығының және оқу нәтижелерінің жақсарғанын көрсетті. Оқу жабдықтарымен жұмыс істеу арқылы тақырыпты зерттеу барысында қолданылатын мүмкіндіктер сыныпта пікіралмасу қабілетін дамытады. Үлкен экран сыныптағы барлық оқушылардың бірге жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Интерактивті тақтаның арқасында оқушылар түрлі-түсті суреттер мен диаграммаларды көріп, сипаттама жасай алады. Оқушылар сөздер мен суреттерді, кестелер мен диаграммалардағы мәліметтермен танысып, материалмен жұмыс жасауды игереді. Интерактивті тақта мұғалімнің дайындаған ақпараттарын сабақ өткізу барысында әрбір оқушыға терең жеткізуге көмектеседі. Мектептегі оқу пәндерін жүргізу үшін ешқандай басқа жабдық мұндай мүмкіндіктер бере алмайды. Мұғалім тақтаның түрлі мүмкіндіктерін

пайдалана отырып, материалды әртүрлі бағытта жіктей алады: түспен жұмыс істеу, нысандарды жылжыту және т.б. [4]

Биология-тірі организмдерді және олардың қоршаған ортамен өзара әрекеттесуін зерттейтін ғылым. Биология сабақтарында АКТ-ны қолданудың бірқатар артықшылықтары бар:

- көрнекілік: анимациялар, бейнелер және 3D модельдер арқылы күрделі процестерді (мысалы, жасушаның бөлінуі немесе фотосинтез) көрсету мүмкіндігі;

- интерактивтілік: эксперименттер жүргізу үшін интерактивті сынақтарды, виртуалды зертханаларды және тренажерлерді пайдалану;

Биология пәні мұғалімдері АКТ-ны әр түрлі формада қолдана алады:

- мультимедиялық презентациялар: жаңа тақырыптарды түсіндіру, схемаларды, графиктерді және иллюстрацияларды көрсету;

- виртуалды зертханалар: мектеп жағдайында мүмкін емес эксперименттер жүргізу үшін (мысалы, микроорганизмдерді зерттеу);

- онлайн платформалар мен қосымшалар: тесттерді орындау, тапсырмаларды шешу және викториналарға қатысу;

- сандық микроскоптар мен датчиктер: практикалық жұмыстар мен зерттеулер жүргізу үшін;

- интерактивті қосымшалар: викториналар, ойындар жасау үшін[5].

Заманауи даму мақсатында еліміздегі білім беру жүйесінде мектеп білімінің орны ерекше, сондықтан мектеп оқушыларының сапалы білім алу мақсатында жоспарланған пәндік сабақтарда ақпараттық технологияларды қолдану және оқыту әдістерінің ауқымы, түрлері күнде өзгеріп отырады.

Қаіргі уақытта қолданылып жүрген

интернет ресурстар, веб-сайттар, электронды базалар мен бағдарламалардың биология пәнінде қолданылатын бірнеше түріне сипаттама берсем.

Мультимедиялық материалдарды жасауға арналған құралдар:

-PowerPoint, Prezi: анимацияларды, графиктерді және иллюстрацияларды қолдана отырып презентация жасауға арналған бағдарламалар.

-«BilimLand.kz» - интернет платформасы. Бұл платформа барлық жас деңгейіндегі балалар мен жаңа заман мұғалімдердің көмекші құралы. Мұнда методикалық материалдар, бейне роликтер, зерттеу жұмыстары, тест тапсырмалар және т.б. бар.

-«Twig-Bilim.kz» - білім ресурсы; математика, физика, химия, биология, ағылшын және т.б. пәндеріне арналған видеосабактар топтамасы.

-«Smk.edu.kz» - жалпы педагогикалық білім базасы. Мұнда әдістемелік нұсқаулар, онлайн сабақ және семинарлар, бағалау тапсырмалары т.б. бар.

-«Toriq.kz» – бұл 1-11 сынып оқушыларына арналған электронды оқулықтар платформасы. Барлық оқулықтар ҚР БҒМ оқу бағдарламасына қатаң сәйкес келеді және пайдалануға ұсынылады. Сандық оқулық - бұл қағаз басылымының pdf нұсқасы ғана емес, интерактивті тапсырмалар жиынтығы бар тәуелсіз мультимедиялық оқу құралы.

Сабақ барысында келесі интерактивті онлайн платформалар мен қосымшаларды қолдана аламыз:

-Quizlet (<https://quizlet.com/>): терминдер мен ұғымдарды есте сақтау үшін тесттер құру. Мысалы, сіз «тірі организмдердің жіктелуі» тақырыбында карталар жиынтығын жасай аласыз.

-Kahoot! (<https://kahoot.com/>): сабақта

викториналар мен ойындар өткізуге арналған платформа. Мұғалім платформа арқылы сабақ тақырыбына сәйкес тест жасай алады.

-«Quizizz»: викториналар, тесттер мен сауалнамалар жасауға арналған. Бұл құралдың көмегімен ойындар, тесттер, сауалнамалар және викториналар өткізуге, жарыстарды ұйымдастыруға, әр оқушының нәтижелерін бақылауға, оқушылар арасында жарыстар ұйымдастыруға болады.

Мысалға 8-сыныптың биология курсы тақырыптары бойынша «Адам қаңқасының құрылысы. Тірек-қимыл жүйесінің рөлі мен қызметі» тақырыбы бойынша сабақ жоспарын құрған кезде, бірнеше оқыту әдісін және мұғалімнің көмекші құралы АКТ-ны пайдаландым. Интерактивті тақта, ноутбук, проектор техникаларын қолдану арқылы, презентациямен бейнероликтерге сілтеме жасау арқылы баяндап, сабақтың мақсатын зерделеу арқылы, оқытудың мақсатына жеттім. Бейнероликті YouTube сайтынан көрсетеміз.

«Гормондар арқылы гуморальды реттелу» тақырыбындағы сабақ барысында «Toriq.kz» платформасын қолданып, түсіндірілді және «Түсінгенінді тексер», «Білімінді қолдан!» тапсырмаларын орындады.

Функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында «PISA» тапсырмалары орындалды. Оқушылардың тақырып бойынша алған білімдерін бағалау үшін «Quizizz» платформасында тест тапсырмаларын орындап, әр оқушының нәтижелері бақыланды.

Заманауи құралдар мен әдістер оқуды көрнекі, интерактивті және қызықты етеді, бұл оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуға ықпал етеді. АКТ-ны өз жұмысына белсенді түрде енгізетін

мұғалімдер оқушыларға биологияны жақсы түсіндіріп қана қоймай, оларды цифрлық әлемде өмір сүруге дайындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Булычева М.Б. Использование информационных и коммуникативных технологий на уроках биологии // Биология в школе. 2008. №16.

2. Нұртазаева Н, Белгібаева Қ. Интербелсенді сабақтың ерекшелігі. «Шығын Мектеп», № 6 (120), 2013. 15-17б.

3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. III деңгей, 3-ші басылым «Назарбаев зияткерлік мектебі», ДББҰ, 2012 ж. <http://www.zkoipk.kz/ru/confnis3s/785-conf.html>

4. Абаева А. Жаңа ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде қолдану. «Информатика негіздері» журналы №1. 2012. 5-6 бет.

5. Вассерман Ф.Я. Управление качеством обучения в общеобразовательных школах на основе ИКТ и информатики. Методическое пособие для учителя. Алматы. 2008

КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КЕҢІСТІКТЕ  
ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ



А.К. Исмагулова  
БҚО, Байтерек ауданы, Ш.Уәлиханов атындағы ЖОББМ  
көркем еңбек пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

**Аңдатпа:**

*Бұл мақалада көркем еңбек сабағында оқушылардың кеңістікте ойлау қабілетін дамыту жолдары қарастырылады. Кеңістікте ойлау – адамның заттардың орналасуын, олардың арасындағы байланыстарды елестету қабілеті. Бұл дағды оқушылардың шығармашылық және инженерлік қабілеттерін жетілдіруге, геометриялық пішіндерді түсінуге, сондай-ақ дизайн және сәулет секілді салаларда жетістікке жетуге көмектеседі.*

*Мақалада кеңістіктік ойлауды дамытудың әдістері, соның ішінде үшөлшемді модельдеу, перспективалық сурет салу, конструкциялық жобалау және STEAM тәсілдері қарастырылады. Сонымен қатар кеңістіктік ойлауды жетілдіруге бағытталған интерактивті және практикалық тапсырмалар мысалдары ұсынылады. Бұл зерттеу көркем еңбек мұғалімдеріне оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі және оқушылардың креативті қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.*

**Кілт сөздер:**

*Кеңістікте ойлау, көркем еңбек, STEAM, үшөлшемді модельдеу, перспективалық сурет, креативтілік, оқыту әдістері*

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқушылардың кеңістікте ойлау қабілетін дамыту маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Кеңістіктік ойлау адамның заттарды үшөлшемді кеңістікте елестету, олардың пропорцияларын, орналасуын және қозғалысын түсіну қабілетімен байланысты. Көркем еңбек сабағы – кеңістікте ойлауды дамытудың ең тиімді пәндерінің бірі. Себебі оқушылар әртүрлі материалдармен жұмыс істеп, үшөлшемді бейнелер жасайды, пішіндер мен көлемдерді зерттейді. Кеңістікте ойлау – адамның объектілерді кеңістікте елестету, олардың формасын, масштабын,

перспективасын түсіну қабілеті.

Оқушының бойында бұл дағдының қалыптасуы болашақта инженерлік және техникалық мамандықтарға ие болуда маңызды және креативті идеялар мен инновацияларды ойлап табуға көмектеседі. Олардың шығармашылық қабілеттері дамып геометриялық және графикалық тапсырмаларды шешуге ықпал етеді. Осы орайда пәнаралық интеграциялауды жүзеге асыру қажет.

Көркем еңбек сабағында кеңістікте ойлау қағидаларын игерген оқушылар бейнелеу өнерінде, дизайнда, сәулетте, модельдеуде жоғары нәтижелерге қол

жеткізе алады. Оқушылардың кеңістікте ойлау қабілетін дамып, балшықпен мүсіндеу, қағаздан немесе ағаштан макет жасау істері объектілердің құрылымын түсінуге көмектеседі. Мысалы, картоннан архитектуралық макеттер жасау немесе 3D-қаламмен фигуралар құрастыру кеңістіктік ойлау қабілетін жақсартады.

Көркем еңбек сабағында перспектива заңдарын үйрету – кеңістікті дұрыс бейнелеудің негізгі әдістерінің бірі. Оқушыларға бір, екі және үш нүктелі перспектива арқылы сурет салу дағдыларын дамыту ұсынылады.

Кеңістікте ойлауды кешенді түрде заманауи STEAM (Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics) әдістемесі мүмкіндік береді. Оқушыларға инженерлік жобалар жасау, дизайнмен айналысу, геометриялық пішіндерді қолдану арқылы шығармашылық тапсырмалар орындау ұсынылады. Цифрлық технологияларды қолдану оқушылардың кеңістікте ойлауын жетілдіруге көмектеседі. 3D модельдеу бағдарламалары (Tinkercad, SketchUp) және виртуалды шындық құралдары арқылы оқушылар объектілерді кеңістікте еркін зерттей алады. Конструкциялық тапсырмалар (құрылымдық макеттер, геометриялық фигуралар құрастыру) оқушылардың логикалық ойлауын және кеңістіктік қабылдауын дамытады. Мысалы, LEGO немесе модульдік қағаз пластикасымен жұмыс істеу – өте тиімді әдістердің бірі.

Оқушылардың кеңістікте ойлауын дамыту үшін сабақта келесі жаттығуларды ұсынуға болады: «Айнадағы көрініс» ойыны: Оқушылар бір суреттің айнадағы бейнесін салуы керек.

«Қағаз мүсіндер» тапсырмасы: Қағазды кесу және бүктеу арқылы қарапайым 3D формалар жасау.»Перспектива мен сурет салу» әдісі төртбұрышты бөлме немесе

көше көрінісін перспектива заңдары бойынша қағазға түсіру. «Көлеңке және жарық» тәжірибесі нақты заттың жарық пен көлеңке градацияларын байқап, көрінісін салу. «Архитектуралық макет құрастыру» жобасында оқушылар қағаз, картон немесе балшық пайдаланып, шағын ғимараттар моделін жасайды.

Кеңістікте ойлау қабілетін дамыту – оқушылардың шығармашылық және аналитикалық дағдыларын жетілдіруге бағытталған маңызды процесс. Сан-Диего университетінің білім беру магистрі бағдарламасының доценті Сэнди Бучинскийдің «Өнер арқылы ғылым концепцияларын коммуникациялау: тәжірибедегі 21 ғасыр дағдылары» атты еңбегінде өнер мен ғылымның өзара әрекеттестігі атап өтілген: «Бейнелеу өнері мен жаратылыстану ғылымдары арасында динамикалық синергия бар» – делінген. «Мысалы, ғылым атомдардан зебраларға дейінгі барлық нәрсені бейнелейтін егжей-тегжейлі иллюстрациялар жасау үшін визуалды-өнер дағдылары бар адамдарға сүйенеді. Сол сияқты, суретшілер өздерінің өнер туындысын құрастыру және масштабтау үшін аналитикалық, сызықтық және логикалық ойлауды қолданады», – деген қорытынды жасаған.

Көркем еңбек сабағында үшөлшемді модельдеу, перспектива заңдары, STEAM-әдістемелері және заманауи технологияларды пайдалану арқылы бұл қабілетті тиімді дамытуға болады. Осы әдістерді жүйелі түрде қолдану оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамытып қана қоймай, олардың болашақта шығармашылық және техникалық мамандықтарда жетістікке жетуіне мүмкіндік береді. Мұғалімдер оқыту процесінде инновациялық тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың

қызығушылығын арттырып, олардың қабілеттерін барынша ашуға жағдай жасай алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бахтиярова Г. «Кеңістіктік ойлау және оны дамыту жолдары». Алматы, 2020.
2. STEAM-педагогика: жаңа мүмкіндіктер. Білім беру әдістемелік құралдары.
3. Тілеубеков Ә. «Көркем еңбек және дизайн негіздері». Алматы, 2019.
4. STEM-образование в 2025 году интернет ресурс <https://www.kp.ru/edu/vuzy/stem-obrazovanie/>
5. Ресурс онлайн-курса Университета Дулати 2 страница 1 издание 02.02.2022

УЧЕНИК В ЦЕНТРЕ:  
КАК LESSON STUDY ПОМОГАЕТ СЛЫШАТЬ КАЖДОГО



Г.Т.Сембиева  
ЗКО, Бурлинского район,  
КГУ «Общеобразовательная школа №5 г.Ақсай»  
учитель русского языка и литературы,  
педагог-исследователь

**Аңдатпа:**

Мақалада Ф.М. Достоевскийдің «Преступление и наказание» романы бойынша жүргізілген Lesson Study (сабақты бірлесе зерттеу) үдерісіне қатысу тәжірибесі сипатталған. Автор ұжымдық сабақ жобалау әдістемесі оқушылардың білім беру қажеттіліктерін тереңірек түсінуге, әр оқушыны көруге және естуге мүмкіндік беретінін атап өтеді, әсіресе бұл әдіс классикалық әдебиетпен жұмыс барысында аса маңызды.

Мақалада оқушылардың ойлауын мұқият бақылау және олардың көркем мәтінмен жұмыс істеу барысында жеке көзқарасын білдіруіне жағдай жасау қажеттілігі ерекше аталып өтіледі. Негізгі назар — оқушылардың әдеби кейіпкердің ішкі жан дүниесін оқып, талдау барысында туындайтын сезімі мен ой-толғауларында.

Зерттеу барысында оқушылардың жеке әсері мен пікірлері мәтінді терең түсінуге, эмпатияны дамытуға және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға қалай ықпал ететіні қарастырылады.

**Түйінді сөздер:**

Lesson Study, әдеби білім, тұлғалық-бағдарлы тәсіл, Достоевский, оқушыны бақылау, терең оқу, ой толғау.

Современная школа переживает важный сдвиг в понимании образовательного процесса: в центре внимания теперь ученик, его потребности, интересы и особенности. Одним из инструментов, позволяющих реализовать этот подход на практике, является методика Lesson Study — совместного анализа и проектирования уроков, направленного на глубокое понимание учебного процесса глазами ученика.

Успешные учителя в большинстве случаев не обращают внимания на значительную, возможно, даже на большую часть того, что происходит в

классе. Это - не является недостатком! Это - результат процессов, позволивших им стать успешными учителями. Классы представляют собой сложные рабочие условия, в которых приходится действовать профессионалам: 25 учащихся, работающих на уроке, примерно в течение одного часа, становятся носителями огромного объема информации. Столь же велика и скорость, с которой эта информация поступает учителю, что делает урок похожим, по выражению японцев, на «стремительно текущую реку» (Льюис, 1999).

Lesson Study помогает

совершенствоваться как опытным, так и начинающим учителям. Поскольку, в результате совместного планирования, совместного наблюдения, совместного анализа учителя формируют и «совместное представление» об обучении. Аспекты обучения в данном случае рассматриваются нами не только с собственной позиции, но и глазами коллег, с которыми Lesson Study готовится, в результате чего фактическое обучение, наблюдаемое на Lesson Study, сопоставляется с обучением, которое мы представляли себе в процессе его планирования. Это побуждает нас осознавать вещи, которым мы обычно не придавали значения, так как они либо нами «отсеивались», либо сохранялись как подразумеваемые знания.

Lesson Study (в переводе с англ. — «изучение урока») — это коллективная форма профессионального развития педагогов, пришедшая из Японии. В рамках этой методики группа учителей совместно разрабатывает урок, проводит его один из участников, а затем все вместе анализируют результаты, наблюдая за тем, как и что усваивают ученики. Главное здесь — не оценка учителя, а понимание, что помогает или мешает ученику учиться.

На уроках русского языка и литературы мы сталкиваемся не только с передачей знаний, но и с формированием мышления, эмоционального интеллекта, личной позиции. Именно здесь особенно важно слышать голос ученика.



В ходе участия в Lesson Study я убедилась, насколько глубже можно понять ученика, наблюдая не за результатом, а за процессом его мышления. Мы с коллегами разбирали, почему тот или иной ученик не включается в обсуждение текста, какие задания способствуют активному чтению, а какие — наоборот, погружают в формальность.

Lesson Study помогает:

- видеть учеников иначе, замечать то, что ускользает в рутине;
- осознавать эффективность заданий и формулировок;
- корректировать подходы, исходя из реальных реакций и потребностей класса;
- формировать культуру диалога и уважения к мнению каждого.

Мы хотели не просто разобрать роман Ф.М. Достоевского «Преступление и наказание», а создать ситуацию, в которой учащиеся смогут осознать и выразить свои чувства, столкнувшись с внутренним конфликтом Раскольникова. Нам было важно услышать не «правильные ответы», а настоящие, возможно — противоречивые, личные реакции. В фокусе оказалась не только моральная оценка героя, но и вопрос: «А что бы я чувствовал на его месте?»

Урок был построен вокруг трёх ключевых эпизодов, в которых особенно ярко проявляется внутренняя борьба Раскольникова:

Монолог перед убийством — Задали вопрос: Что движет героем? Что чувствует человек на пороге преступления? — Учащиеся делились ассоциациями — от страха до замкнутости, некоторые сравнивали это с состоянием перед важным решением в своей жизни.



Разговор с Соней — Задали вопрос: Что меняется в Раскольникове? Почему он идёт на исповедь? — Здесь

появились слова «надежда», «прощение», «внутренний свет». Некоторые говорили: «Он впервые стал человеком».

Финал романа (эпилог) — Обсуждали: Можно ли назвать это возрождением? Верите ли вы в такую перемену? — Ответы разошлись. Кто-то сказал: «Нет, он никогда не будет прежним, но он начал путь». А кто-то: «Я бы не смог простить себя даже там».

На этапе Lesson Study мы специально следили за невербальными реакциями: тишиной после вопроса, взглядом в сторону, записками на полях. Один ученик на полях написал: «Он убил не только старуху, но и себя» — и это стало точкой для важного диалога. Некоторые ученики были неожиданно честны, делясь собственными страхами или размышлениями о добре и зле.

Одно из самых ярких открытий — наблюдение за учеником, который обычно не проявляет инициативы. Он долго молчал, слушал, но затем, почти шепотом, произнес: «Он хотел быть сверхчеловеком, а понял, что просто человек...» — и в классе наступила тишина. Это было не просто пересказанное знание, а рожденное понимание, личная интерпретация, к которой он пришел через текст, через себя.



Мы с коллегами позже обсуждали: что позволило этому моменту случиться? Оказалось, небольшая, почти незаметная деталь: в ходе урока мы предложили ученикам поработать с речью героев, выписать цитаты героев, которые отозвались им лично. Не анализировать, а сначала почувствовать. Именно это стало

точкой входа для многих — в том числе для тихих, неуверенных ребят.

Lesson Study помог увидеть, насколько важны интонация, пауза, невербальные сигналы. Один ученик во время обсуждения не говорил ничего, но постоянно смотрел на подстрочники, перечитывал диалоги. После урока мы с коллегами подошли к нему — и услышали от него формулировки, которые заслуживали бы эссе. Он не высказался в моменте, но урок «работал» в нем. Раньше я бы просто подумала: «не включился», а теперь понимаю: он включился — просто по-другому.

Работая с классической литературой, мы часто боимся перегрузить учеников — но они, как оказалось, способны на глубокие прочтения, если дать им пространство. Lesson Study помогает это пространство создать. Не «протолкнуть» тему, а разделить ее с учениками.

Этот опыт показал мне: важны не только вопросы, которые мы задаем, но и как мы их задаем. Не «почему Раскольников пошел к Соне?», а «что бы вы сделали на его месте?», «что вы почувствовали, когда читали сцену?» Именно эти вопросы дают ученику шанс быть собой — а учителю шанс услышать.

Мы увидели: когда даёшь ученикам пространство для чувства, а не только анализа — они готовы откликаться. Этот урок стал для нас подтверждением: классика работает, когда мы не боимся говорить о настоящем. Lesson Study помог увидеть урок не как «сценарий», а как процесс совместного открытия — и для учеников, и для нас самих.

Проведение урока в рамках Lesson Study продемонстрировало важность создания на занятии пространства для эмоционального и личностного отклика учащихся. Работа с художественным

текстом в таком формате способствует не только развитию читательской компетенции, но и формированию нравственной рефлексии, способности к сопереживанию, внутреннему диалогу.

Особенность изучения романа Ф.М. Достоевского «Преступление и наказание» заключается в его глубоком психологизме, который позволяет каждому ученику интерпретировать происходящее через призму собственных чувств и жизненного опыта. Опыт, полученный в ходе Lesson Study, подтвердил эффективность подхода, ориентированного на эмоциональное проживание текста и диалогичное общение на уроке.

Методика Lesson Study напомнила мне простую, но важную истину: ученик — не объект обучения, а его полноправный участник. Чтобы он раскрылся, его нужно не только учить, но и слушать. Не спешить с выводами, а взглянуться в то, как он думает. Именно это и делает Lesson Study — дает учителю инструмент для того, чтобы услышать каждого.

Lesson Study — это возможность учиться вместе с учениками. Это возвращение к подлинному смыслу педагогики: видеть не «класс», а каждого. Особенно на уроках литературы, где ученики соприкасаются не только с текстом, но и с самими собой. Мы, учителя, должны не просто учить читать Достоевского — мы должны учиться читать учеников.

Таким образом, предлагаю несколько рекомендаций по итогам исследования серии уроков:

1. Создавайте пространство для эмоционального отклика учащихся

— При работе с произведениями, затрагивающими моральные, философские или психологические

темы, важно не ограничиваться анализом сюжета и персонажей. Позвольте ученикам высказывать личные мысли, сомнения и чувства, даже если они не «литературоведчески точны».

2. Формулируйте открытые, этически заряженные вопросы

— Вопросы типа «Что бы вы почувствовали на месте героя?» или «Можно ли простить Раскольникова?» помогают ученикам не просто понять текст, а соотнести его с собой, своим опытом, ценностями.

3. Наблюдайте не только за содержанием ответов, но и за невербальной реакцией

— Молчание, паузы, взгляд в сторону, записи на полях — всё это важные индикаторы внутренней работы ученика. Обратите на них внимание при совместном анализе урока в Lesson Study.

4. Работайте в команде: обсуждение хода и результатов урока с коллегами расширяет профессиональное понимание

— Lesson Study эффективен именно как форма коллективного педагогического исследования. Совместный анализ позволяет зафиксировать тонкие детали урока, которые могут ускользнуть от внимания одного учителя.

5. Сохраняйте баланс между литературным анализом и личностным диалогом

— Важно не терять структуру урока и учебные цели, но и не «пережимать» обсуждение в сторону единственно верных трактовок. Учащиеся должны чувствовать, что их мнение ценно, даже если оно не совпадает с канонами.

6. Используйте письменную рефлексию как способ углубления отклика

— Небольшие письменные задания («Что бы вы сказали герою?»; «Как бы вы объяснили свои чувства после прочтения

эпизода?») помогают ученикам формулировать мысли и «договориться» с собой.


7. Развивайте эмпатию как образовательную задачу

— Через обсуждение персонажей, их поступков и переживаний, ученики учатся сочувствовать, понимать, не торопиться с выводами — а это навыки, необходимые не только для изучения литературы.

Список литературы

1. Дударева, Л. В. «Lesson Study как форма профессионального развития педагогов».
2. Хоббс, Л., Станиславски, К. «Совместное профессиональное обучение: как Lesson Study способствует развитию педагогического мастерства».
3. Пит Дадли «Lesson Study: теория и практика применения».
4. Роман «Преступление и наказание».
5. Группа учителей МО Лингвистических наук ШОД имени Ы.Алтынсарина «Исследование урока-совершенствование практики учителя в современной школе» .
6. Шейман, Л.А. «Функциональная грамотность: концептуальные подходы и методические рекомендации». 2023. Википедия — свободная энциклопедия
7. Сабитова, З.К. «Формирование функциональной грамотности учащихся старшей школы по предметам общественно-гуманитарного цикла». Методическое пособие. 2013. Инфоурок+1Знанию+1
8. К. Попов «Исследование урока как средство повышения качества преподавания предмета». <https://infolesson.kz/statya>
9. «Технология «Исследование урока» как средство повышения профессионализма педагогов» <https://nsportal.ru/shkola/materialy-metodicheskikh-obedinenii/library>
10. Кузнецова Е. А. «Lesson-study как инновационная технология развития профессиональных компетенций педагогов». <https://infolesson.kz/doklad-temu-lesson-study-istoriya-razvitiya>

## WORDWALL КАК ИНСТРУМЕНТ ФОРМИРОВАНИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ



А.А.Сабирова  
учитель русского языка и литературы  
СОШ №10 им. Ахмета Байтурсынова  
г. Уральск, ЗКО

### Аңдатпа:

*В статье рассматривается использование цифровой платформы Wordwall как инструмента формирования критического мышления на уроках русского языка и литературы в условиях современного казахстанского образования. Особое внимание уделяется роли цифровых образовательных ресурсов в реализации задач обновлённого содержания образования, направленного на развитие функциональной грамотности, аналитических и творческих способностей учащихся. Анализируются функциональные возможности платформы Wordwall, такие как интерактивные викторины, кроссворды, сопоставления, которые позволяют не только активизировать учебную деятельность, но и способствуют формированию умений анализа, интерпретации, аргументации и принятия решений. Подчёркивается универсальность ресурса, его адаптивность к разным форматам обучения (очная, дистанционная), а также доступность для учителей. Сделан вывод о высокой эффективности применения Wordwall как средства повышения мотивации и вовлечённости школьников в учебный процесс и развития критического мышления.*

В современном образовательном пространстве Казахстана усиливается внимание к формированию функциональной грамотности, критического мышления и креативности учащихся. Эти компетенции входят в число ключевых задач, поставленных обновлённым содержанием образования, реализуемым с 2016 года. В условиях цифровизации образования и широкого внедрения информационно-коммуникационных технологий особую актуальность приобретает использование цифровых образовательных ресурсов. Одним из таких ресурсов является интерактивная платформа Wordwall, предоставляющая широкие возможности для развития

критического мышления на уроках русского языка и литературы.

Формирование критического мышления отражено в государственных образовательных стандартах Республики Казахстан и Программе обновлённого содержания образования. Оно рассматривается как умение анализировать, интерпретировать, аргументировать и принимать решения на основе объективной оценки информации. Критическое мышление позволяет школьникам не просто усваивать знания, но и применять их в новых, нестандартных ситуациях, формируя осознанное отношение к обучению и к жизни в целом.

Особое значение критическое мышление приобретает в преподавании русского языка и литературы, где анализ текста, интерпретация смыслов, выявление авторской позиции, сопоставление различных точек зрения становятся частью повседневной учебной практики. Однако для того, чтобы эти задачи действительно способствовали формированию устойчивых мыслительных навыков, необходимо опираться на современные подходы и инструменты, одним из которых является платформа Wordwall.

Wordwall — это интерактивный цифровой ресурс, позволяющий создавать обучающие задания в разнообразных форматах: викторины, сортировки, парные сопоставления, кроссворды, вращающееся колесо, таблицы и многое другое. Главное достоинство ресурса заключается в его гибкости и доступности как для учителя, так и для учащихся. Задания можно адаптировать под уровень класса, конкретные темы и цели урока, что делает Wordwall универсальным инструментом.

На уроках русского языка и литературы Wordwall используется не только для проверки знаний, но и как средство формирования умений анализа, синтеза, обобщения и аргументации. Работа с заданиями в интерактивной форме вовлекает учащихся в активную мыслительную деятельность, заставляет задуматься, оценить информацию, выработать собственное мнение и аргументированно его отстоять.

Одним из его главных преимуществ является простота в использовании, что делает платформу доступной даже для педагогов, не обладающих продвинутыми техническими навыками. В отличие от более сложных аналогов, Wordwall

интуитивно понятен и не требует специальной подготовки.

Работать с платформой можно на любом устройстве — будь то компьютер, смартфон или планшет — при наличии подключения к интернету. Однако, если доступ к сети временно отсутствует, задания можно распечатать и использовать в традиционном формате, как самостоятельную работу на уроке. Таким образом, Wordwall подходит не только для дистанционного обучения, но и для очных занятий, что делает его универсальным инструментом с широкими перспективами.


Учителю нужно лишь выбрать подходящий формат и внести свой учебный материал. После этого ссылка на задание отправляется ученикам, которые начинают выполнение в игровом формате, выбирая правильные ответы. По завершении теста учащиеся указывают своё имя и отправляют результат, а учитель сразу получает данные об уровне усвоения темы. Дополнительным элементом мотивации служит таблица лидеров, стимулирующая учеников к активной работе и развивающая дух здорового соперничества.

Задания выполняются быстро, занимая минимум времени, при этом они способствуют активной умственной деятельности, развивают логическое мышление, скорость реакции и концентрацию.

На уроках русского языка и литературы можно применить все шаблоны, причем на следующих этапах урока: в начале урока, чтобы проверить, насколько ученики усвоили пройденный материал; во время обязательной для учащихся школ с нерусским языком обучения словарной работы; во время проведения тренировочных упражнений для

закрепления новой темы; чтобы получить обратную связь, узнать, как воспринял урок ребенок; в качестве домашней работы.

Сервис предоставляет большой выбор шаблонов. В бесплатной версии можно выбрать 5 шаблонов и менять учебный контент бесконечно. Даже этих пяти шаблонов хватает любому учителю. Самые часто используемые шаблоны для тренировки грамматических и лексических навыков «Сопоставление», «Расшифровать», «Диаграмма с этикетками», «Случайные карты», «Случайное колесо», «Анаграмма», «Составление пар», «Правда или ложь», «Кроссворд».



открывает широкие возможности для формирования критического мышления. Благодаря разнообразию заданий, интерактивному формату и возможности адаптации под индивидуальные потребности учеников, Wordwall становится мощным инструментом не только в обучении, но и в развитии личности школьника.

### Список литературы

1. Государственный общеобязательный стандарт среднего образования Республики Казахстан. – Астана, 2021.
2. Программа обновлённого содержания среднего образования Республики Казахстан. – Министерство образования и науки РК, 2016.
3. Блум, Б. Таксономия образовательных целей: Классификация целей образовательной системы. – М.: Педагогика, 1986.
4. Полат, Е. С., Бухаркина, М. Ю. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: Академия, 2022.
5. Сергеев, И. С. Критическое мышление в образовательной практике. – М.: Просвещение, 2019.
6. Ахметова, А. А. Формирование критического мышления у школьников: методологические подходы. // Педагогика и психология. – 2020. – №2.
7. Kozłowska, K. et al. “The role of digital tools in developing critical thinking in language education.” // Education and Information Technologies, 2021.
8. Официальный сайт платформы Wordwall: <https://wordwall.net>

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ САПАСЫН  
БАСҚАРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ



У. Жагпаров  
БҚО, Казталов ауданы  
Бірік жалпы орта білім беретін мектебінің директоры

**Аңдатпа:**

*Ұсынылып отырған мақала шағын жинақталған ауыл мектептеріндегі білім сапасын арттырудың кейбір мәселелері туралы өзімнің 36 жылдық педагогикалық іс-тәжірибем негізінде жазылған.*

*Қала мен ауыл мектептерінің арасындағы алиақтылықты жою туралы мәселе қозғалғанда, ауыл мектептерінің білім сапасы да бірінші кезекте сөзге тиек болып жүргенін білеміз.*

*Енді осы білім сапасын арттыру, яғни оқушының білімге деген қызығушылығын арттыру ең бірінші кезекте мұғалімнің сабақ беру жайы, ата-ананың қадағалауы, мектеп әкімшілігінің ішкі тексерістері мен бақылаулары емес, оқушының тек өзінің танымдық психологиялық ұстанымына, оның дербес психологиялық мотивациясына ғана байланысты.*

*Өзімнің мақаламда өз тәжірибем және әлем психологияларының тұжырымдамаларына сүйене отырып, білім алушының, оқушының дамуындағы осынау бір маңызды аспектілеріне ерекше көңіл бөлуді қарастырдым.*

Адамзат өз дамуының бастауында ақ адамның, қоғамның өркендеуінің басты кілті білім мен ғылым екендігін мойындаған. Себебі білім мен ғылым бар жерде мәдениет бар, нәтижелі өндіріс бар, қауіпсіз орта бар.

Тарих тереңіне көз жүгіртер болсақ ежелгі өркениет ордалары болған Вавилон, Мысыр, Ежелгі Қытай елдерінде билік құрған ел билеушілері өз айналасына білімді, өнерлі ғалымдар мен оқымыстыларды жинап ел экономикасын басқаруда олармен кеңесіп отырған, стратегиялық мәселелерді жоспарлаған, іске асыра білген.

Қазіргі таңда да ғылыми-техникалық өркениеттің шырқай дамыған кезеңінде

білім мен ғылымның озық тізгінін ұстаған елдер мен мемлекеттердің мерейі үстем, еңсесі биік екендігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Олар әуел бастан жоғары сапалы білімге қол созған мемлекеттер.

Халықаралық Біріккен Ұлттар ұйымы 2023-2024 жылдары әзірлеген баяндамасында адам өмірінің сапалық деңгейін анықтайтын Human Development Index есебі бойынша әлемдегі 200 ден астам мемлекеттің өмір сүру сапасы сараланған.

Соның ішінде білімділік деңгейін анықтайтын Education Index есебі бойынша әлемдегі ең жоғары біліммен қамтылу деңгейін Исландия, Германия, Норвегия, Англия мемлекеттері иеленсе,

білімнің сапасы жөнінен Қытай, Сингапур, Тайвань мемлекеттері көш бастайды.

Біріккен Ұлттар ұйымы әзірлеген білім деңгейін саралау индексі бойынша әлемдегі 60 мемлекеттің ішінде Қазақстан төртінші оңдықта, яғни 37-ші орынды иеленген. Біздің көршіміз Ресей мемлекеті 26-шы орында.

Осы жерде мынадай парадоксты аңғаруға болады. Аталған рейтингте білім сапасынан көш бастаушы Сингапур мемлекеті бесінші оңдықта яғни 41-ші орынға орналасқан.

Осы жерде мынадай ой түюге болады : яғни біліммен қамтылу деңгейі ол қаржылай, материалдық – экономикалық көрсеткіш , ал білімнің сапалығы ол – біліми- интеллектуалдық дағдылардың нәтижелілігі. Екеуі екі бөлек көрсеткіш ретінде өрнектеледі.

Менің тоқталғым келген негізгі проблемам мемлекет қанша миллиондап қаражат жұмсап соңғы үлгілермен оқу базасын жасақтаса да тиісті білім сапасының нәтижесі оңды болмаса ол текке ысырап болған ресурс болғаны.

Сондықтан қазіргі уақытта мемлекетіміздің білім саласына жасап жатырған үлкен қолдауын пайдалана отырып бір мезгілде білімінің сапалылығы үшін жан-жақты жұмыс жүргізуіміз кезек күттірмес мәселе.

Білім сапасын қамтамасыз етуші ең бірінші субъект – ол орта білім беру ұйымдары. Сапалы білім беру мектептің, яғни білім беру ұйымының басты миссиясы.

Осы миссияны сапалы да, тиімді ұйымдастырушылар мектеп басшылығы яғни мектеп директоры және орынбасарлары мен жауапты мамандары

Демек, мектептегі сапалы білім беру, оның тиімділігін арттыру, оқу-тәрбие

үрдісінің озық технологиясын пайдалана отырып басқару және басқара білу мектеп басшылығының негізгі функционалдық міндеттері болып табылады.

Бәрімізге мәлім мектептердегі, сыныптардағы білім сапасы мектептің немесе сыныптың екпінді және үздік үлгерім көрсеткен (тоқсандық, жылдық қортындылар бойынша) оқушыларының санының жалпы сынып оқушылары санына қатынасымен анықталады.

Міне нақты осы көрсеткіштерден мектептің рейтингі, пән мұғалімдерінің рейтингі айқындалады. Осы жерде әрбір білім беру ұйымының әкімшілігінің, дербес пән мұғалімдерінің білім сапасын арттыруға және тиісті рейтинг талаптары бойынша сапаны одан әрі көтере беруге деген ұмтылысы басым бағыт иеленетіндігі ақиқат.

Себебі мектеп әкімшілігі аудан көлемінде немесе тағы да басқа деңгейлерде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуге мүдделі болса, пән мұғалімдері болашақ біліктілік жетілдіру, аттестаттаудан жақсы өту үшін мүдделі болады.

Енді өздеріңіз байқап отырғандай мүдделерден амбиция туындау ықтималы өте жоғары. Ал амбиция бар жерде арнайы қателіктердің, асыра сілтеушіліктің орын алуы да әбден ықтимал нәрсе.

Сондықтан білім сапасын арттырудағы ең басты құндылық – білім сапасының төмендеу болса да оның объективтілігі, шынайылығы.

Енді білім сапасын басқаруды қалай және қандай принциппен іске асыруға болады. Басқару әрине басшылық тарапынан туындайтын әкімшілік функция. Мектептегі барлық білім сапасын жасауға қатысушы субъектілердің (әдіскерлер, бірлестік жетекшілері, сынып жетекшілер, кураторлар және әрине пән

мұғалімдері) жұмыс бағыты мен бағдары басшылықтың осы бағыттағы жұмысы мен талап етуіне, бақылау жүргізуіне байланысты.

Егер басшылық көріну сапа жасау, сапаны аспанға дейін көтеруді талап етіп, тек рейтингті жоғары ұстау принципін ұстанса ол жерде тиісті деңгейдегі объективті білім сапасы туралы айтудың өзі артық болар деп ойлаймын.

Себебі білім сапасын шынайы түрде көтеру ол әр кезде басшылық талабымен орындала бермейтін күрделі үрдіс. Біз көбіне білім сапасын арттыруға тікелей жауапты пән мұғалімі, ол сол үшін жалақы алып отыр, санатын көтеріп отыр, неге жұмыстанбайды деген «сыртқы» факторлерге ден қоямыз.

Ал, негізінен білім сапасы білімді беруші (мұғалім) және білімді қабылдаушы (оқушы) арасындағы танымдық психологиялық ұстанымдар мен қатынастарға байланысты. Адамдар еш уақытта психологиялық даму деңгейі бойынша бірдей болмайды, және олардың қоршаған ортамен қарым-қатынасы да әр түрлі.

АҚШ-тың әйгілі психологы Дайана Халперн «Сыни тұрғыдан ойлаудың психологиясы» деген еңбегінде : -Адамдардың қателігі оның дұрыс сыни ойлай алмауынан емес, олардың сыни ойлағысы келмейтіндігінен туындайды деген екен. Осы жерде ойлай білетін адам мен ойлағысы келмейтін адамның психологиялық портреттері көрніс береді.

Ал білім алу үрдісінде ол білімді жақсы қабылдай білетін оқушы мен білімді қабылдағысы келмейтін оқушы, яғни үздік оқушы мен үлгерімі төмен оқушы деген ұғымды туындатады.

Міне сондықтан білім сапасын көтеру әрбір білім алушының терең психологиялық деңгейіне,

когнитивтік дүниетанымына және оның еңбекқорлығына, ұстанымына байланысты күрделі үрдіс деп есептеуіміз де осы себепті.

Сол себепті барлық оқушыны бір стандартқа тели отырып олардан толық 100 пайыз сапаны немесе білім сапасын үнемі көтере беруді талап ету білім сапасының объективтілігіне сәйкес болмауы мүмкін екендігін де ескеруіміз керек.

Болса да ол тек мамандандырылған дарынды балаларға арналған білім беру мекемелерінде болуы мүмкін.

Мен өзім 35 жыл ауыл мектебінде жұмыс істеген ұстаз ретінде осы мақаламды ауылдық мектеп пен ауыл балаларының үлгісінде қарастырып отырғанымды қатерге беремін.

Адамзат ерекше жаратылыс және ол қоғамның негізгі жасаушысы. Ал қоғам үнемі қозғалыста және дамуда. Сондықтан әр дәуірдің, әр қоғамның адамдарын бір өлшеуішпен өлшеуге болмайды.

Біз мектепте анау сынып күшті, мынау сынып өте әлсіз, былтырғы түлектеріміз жақсы болып еді, биылғы нашарлау болды деп салыстырмалы бағалауға бейіміз. Сол сияқты сыныпта да ана оқушы өте қабілетті, мынау оқушы түк қабылдамайды деп ол адамдарды «арнайы категорияларға» бөліп тастаймыз.

Себебі біз білім дағдыларының негізгі өлшеуіші ретінде бекітілген білім беру стандарттарын басшылыққа аламыз. Әрине стандартта да білім дағдылары деңгейлермен есептелетін әдістер қарастырылған.

Енді біз осы бағытта жұмыс жүргізе отырып тиісті стандарт талаптарын жоғары деңгейде меңгеретін оқушылардың санын арттыра түсуіміз керек. Білім сапасын арттырудың да негізгі тетігі осы жерде

деп есептеймін. Бірақ белгіленген талаптарға сай бола алмайтын, белгіленген деңгейге жете алмайтын оқушылардың қатынасы әр жылдарда, әр деңгейлерде әр түрлі болуы мүмкін екендігін қатерден шығармауымыз керек.

Сол себепті білім сапасы көрсеткіші де әр сыныпта, мектеп бойынша әр уақыттарда өзгермелі болып отырады, яғни тек бір бағытта білім сапасы даму керек, тек көтеріле беру керек деген ұстаным объективті болмауы мүмкін.

Бірақ білім сапасын мүмкіндігінше көтеру, арттыру жұмыстары жүргізіледі. Ол үшін мектеп әкімшілігі, әдіскерлер, пән мұғалімдері білім алушының (оқушының) психологиялық дағдыларын айқындау, оны түзету бағытындағы шараларды тиімді жоспарлай білуі тиіс, соның ішінде баланың ақпаратты қабылдау мүмкіндігі мен психологиялық ұстанымы, ахуалы мұқият зерделенуі қажет. Осы жерде мектеп психологымен бірлескен шаралар тиімді болады деп ойлаймыз.

Оқушының әлеуметтік ортасы, ата-аналарды педагогикалық қолдауға белсендіру, баланың жеке мотивациясын ояту, белсенді оқу ортасына тарту бағытындағы әлеуметтік іс-шараларда мектеп әлеуметтік педагогының да ықпалды іс-шараларының маңызы зор. Қорыта айтқанда білім сапасын арттыруда мектептегі дұрыс ұйымдастырылған педагогикалық – психологиялық жұмыстар жетекші роль атқаратындығын әрбір әдістемелік жоспарлауда қатерден шығармауымыз тиіс. Жоғарыдағы айтылған практикалық тәжірибелер мен психологиялық факторлардың тиісті жағдайларда тиімді қолданыла білуінің мектептің білім сапасын арттыруда ролі зор екендігіне сеніміміз мол.

### **Пайдаланылған әдебиеттер.**

1. Камалова. С.Т. «Сыныпта оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау» Оқу-әдістемелік құрал. Астана – 2014 жыл.
2. Тәуірбекова. С.Ж. «Қазіргі мектепті басқару» Алматы – 2017 жыл.
3. Д.Халперн «Сыни ойлаудың психологиясы» Питер – 2000 жыл.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ БОЙЫНША ЖАҢА  
ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ



З.И.Акишева  
БҚО, Орал қаласы  
Жоғары аграрлық-техникалық колледжінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы  
педагог-модератор

**Аңдатпа:**

*Автор мақалада сабақ үрдісінде дамыта оқыту технологиясын қолдану арқылы білім алушылардың білім сапасын арттыру, сонымен бірге дамыта оқыту технологиясының техникалық білім беру жүйесінде қолдану формалары мен ерекшеліктері жайлы сөз етеді.*

Тұтас педагогикалық үрдіс сапалы білімге жетуі үшін оқу -тәрбие үрдісі қазіргі заман талаптарына сай құрылуы тиіс. Жаңа заман талабына сай менің алдыға қойған мақсатым: «Баланың дамуын қамтамасыз ете отырып, терең біліммен сусындату, бәсекеге қабілетті ізденімпаз, шығармашыл, жан -жақты дамыған тұлға, яғни білімді ұрпақ дайындау». Қазіргі заман мұғалімі - оқушының білім алудағы серігі деп білемін. Көздеген мақсатқа, сапалы білімге қол жеткізу үшін, төмендегі міндеттер айқындалуы керек:

- Баланың жеке қабілеттері мен дарындылығын дамыту.
- Рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.
- Коммуникативтік және әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру.
- Білуге құмарлықты, өзіндік ізденіс, шығармашылық белсенділікті дамыту.

Бұл мақсат-міндеттер қоғамның жаһандануына, адам ресурстарының мобильділігіне орай уақыт талабының еншісінде. Мақаланың өзектілігі де білім

берудегі сабақтастық пен үздіксіздікті, оқуға мақсатты бағыт пен жүйелілікті, танымдық іс -әрекет пен құзыреттілікті қалыптастыра отырып, әлем кеңістігінен орын алу үшін бәсекеге қабілетті жеке тұлға дайындау. Білім беру жүйесіндегі жанашылдық үдерістері, білім берудің заманауи әдістері мен технологиялары қоғам қажеттіліктеріне сай жеке тұлғаның қалыптасуына тиімді. Қазіргі заман талабына сай оқушы өзін-өзі жетелеуші, зерттеуші, жаңалық енгізуші. Ең бастысы оқушы өзін өзі бағалаушы. Әр оқушы жеке тұлға болып табылады. Әр жеке тұлғаның басты құндылығы бағыттылық болып табылады. Ал, бағыттылық оның өмірлік ұстанымдары, бағдарлы еңбекке, адамдарға деген қарым -қатынасы сияқты тұтас қондырғы. Осы тұрғыда педагог баланың тұлғалық дербес ерекшеліктеріне сүйеніп, оның шығармашылық дамуы мен өсуін қадағалауы керек деп ойлаймын.

Ұстаз қалай білім беру жүйесін ұйымдастырса, солай ұйымдастырушылық процесстің барысы өтіледі. Ең бастысы берілген сабақты дұрыс заман талабына сай

жоспарлап алу қажет деп есептейміз. Осыған орай мен, өз ойымды басқалармен бөлісуді жөн көрдім. Өз іс-тәжірибемнен сабақтарда қолданған әдіс-тәсілдерімді ұсынғым келеді. Сабақта төмендегідей әдіс-тәсілдерді пайдаландым:

**Ширату кезеңі:** «Көңілді гүл» әдісі бойынша студенттер шеңбер құрып, дөңгелене тұрып, бір-біріне жылы-жылы тілектер айтады. Студенттер сабабаққа осылай жақсы көңіл күймен кіріседі. «Көңілді доп»

Оқушылар шеңбер бойына тұрады. Оқытушы студенттердің қолына доп ұсынады. Допты бірінші алған оқушы шығарма мазмұны бойынша ең маңызды оқиғасын қысқаша сипаттап айтады. Допты келесі оқушыға лақтырады. Осылайша әр оқушы шығармадан үзіндіні ауызша мәнерлеп оқып береді.

**Сабақтың ортасында пайдалануға болады:** **Әдіс:** «Кейіпкерді зерттеу». **1-тапсырма.**

**Топтық жұмыс.**

- Шығарма кейіпкерлерін зерттейді, топ екіге бөлінеді;
- аудио жазба тыңдалады және студенттерге «Тиын» әңгімесінен үзінділер таратылады;
- кейіпкерлердің портретін табады;
- кейіпкер мінезін ерекшелеп тұрған сөздер мен суреттеулерді салыстырады;
- кейіпкер бойындағы ізгі қасиеттер тізбесін жасайды.

Мағынаны тану кезеңі.

Әңгіменің аудионұсқасы тыңдалады.

<https://adebiportal.kz/kz/multimedia/audio/293> Лира Қоныс - «Тиын» (аудио).

1. (Л.Қоныс, «Мәңгілік сағыныш», «Жалын» баспасы, 2009 жыл, 47-бет).
2. (Л.Қоныс, «Мәңгілік сағыныш», «Жалын» баспасы, 2009 жыл, 49-бет).
3. (Л.Қоныс, «Мәңгілік сағыныш»,

«Жалын» баспасы, 2009 жыл, 51-бет).

\* Осы әдісті қолдану арқылы студенттер «Тиын» әңгімесінен таратылған үзінділерді оқи отырып, адамдық құндылықтарды бағалайды;

\* өмірді бағалай білуге дағдыланады; шығарманың мазмұнын түсінеді;

\* Баланың ішкі ой-сезімдері арқылы баланың психологиялық портретін жасайды;

\* қазіргі қоғамдағы жетім балалар жағдайы туралы өз ойларын айтады.

**Әдіс:** «Әдебиет лотосы». **Тапсырма:** **Шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беру.**

- оқыған әдеби шығармадағы кейіпкерлері туралы кестені толтырады;
- кейіпкер бойындағы ізгі қасиеттер тізбесін жасай отырып, жағымды қасиеттерін ажыратады.

Белгілі бір уақыт ішінде кесте толтырылуы керек.

| Шығарма атауы | Авторы | Кейіпкері | Қандай? | Қандай жағымды қасиеттері мен қылықтары ұнайды? | Кейіпкерге ұқсағың келе ме, жоқ па? Себебін түсіндір. |
|---------------|--------|-----------|---------|---|---|
|               |        |           |         |   |   |

\* Оқыған әдеби шығарма кейіпкерлері туралы кестені толтырады;

\* Кейіпкер бойындағы ізгі қасиеттер тізбесін жасайды;

\* Кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсетеді.

**Пікірталас әдісі.**

**Тапсырма:** Тақырып бойынша ойға түйгендерін өмірмен салыстыра отырып, өз пікірлерін айту.

- *Баланың өліміне кім кінәлі?* сұрағына қатысты білім алушылар өз ойларын айтып, пікір таластырады.(3 минут) Көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстыра отырып, мысалдар келтіреді.

**Сабақтың соңында пайдалануға болады.**

**Рефлексия: «Домбыра» әдісі.**

Сабақтан алған әсерлерін төмендегі домбыраның түстері арқылы көрсету:

Жасыл түсті домбыра – сабақтан жаңа идеялар байқадым.

Сары түсті домбыра – жаңа сабаққа көңілім толды.

Қызыл түсті домбыра – бүгінгі сабақ сезіміме ерекше әсер етті.




**Әдіс: «Атаулар туралы үш сұрақ».**

Сабақтың басында пайдалануға болады. Бұл тапсырма арқылы жаңа тақырып бойынша студенттер ойын жинақтайды.

- тақтадан суреттер көрсетіледі;
- білім алушылар сөздердің мағынасын түсіндіреді;
- суретке түсініктеме беріп, сабақтың тақырыбын анықтайды;
- мақсатын тұжырымдайды.

**Ресурстар:** Суреттер



Әңгіме – Тиын – Қоныс –

Оралхан Бөкей. «Атау кере» повесі.

Ормандағы отбасы (Айна). Ене мен келін (Ана). Тағдыртәлкегі (бөлімдері бойынша) Автор повесть арқылы адамның өмірінде жақсылық пен жамандықтың, қайғы мен қуаныштың қатар жүретінін, бірақ адам қандай қиыншылыққа тап болса да, ішкі рухының мықтылығымен сол сынақтарды жеңуге тырысуы керектігін жеткізеді.

Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтай және даралай отырып,

аталған құндылықтар сабақ тақырыбы арқылы оқушылардың жеке және жұптаса, топтаса отырып, жұмыс жасаулары, сын тұрғысынан ойлай білу, ақпаратты өңдей білу дағдылары негізінде жүзеге асты.

«Құпия қорапша» әдісі бойынша үйге берілген тапсырмалар сұралды.



Берілген үзіндідегі кейіпкердің басынан өткен оқиғалар мен кейіпкер сезімін талдап, автор көтерген мәселені жұпта талқылап, кейіпкерлердің ұстанымын анықтады. Кейіпкерлер мінезін ашып, дәлелдеді.

Шығармада кездескен көркемдік-эстетикалық құндылықтарға шығармадан дәлел келтірді (адамгершілік, сүйіспеншілік, қиянат жасамау, дұрыс әрекет).

Шығармаға байланысты сұрақтарға жауап берді.

Көңіл-күй схемасы” әдісі бойынша кестеге кейіпкерлер эмоциясын графикке түсіру арқылы талдау жұмысы жүргізілді (жаңа тақырыпқа байланысты).

- үзіндіні түсініп оқиды;
- берілген үзіндідегі кейіпкерлердің басынан өткен оқиғалар мен кейіпкердің ой-сезімі талдап көрсетілді;
- Кейіпкерлердің ұстанымы анықталды.

Жұпта өз ойларын білдірді. Кейіпкерлер мінезін ашты. Кейіпкерлер эмоциясын графикке түсірді.

«6 тақия» әдісі бойынша кері байланыс болды.

Ақ тақия Жасыл тақия Қара тақия  
Сары тақия Қызыл тақия  
Сабақтың соңында “SMS” жазу

әдісімен қорытындылады.

Қорытынды:

Үздіксіз білім – ол толассыз, тоқтаусыз білім. Ал, ұлы педагогтар Я.А.Коменский білімнің ешқашан аяқталмайтынын, өміршеңдігін атап өтіп, білім адам өмірге келген күннен басталып, соңғы күніне дейін бітпейтіндігін айта өткен. Соған сай біз мұғалімдер оқушыларды, студенттерді жаңа әдіс тәсілдерді қолдана отырып, оларды қызықтыра алуымыз керек.

Жаңа әдіс — тәсілдер студенттердің мәліметті мегеруі үшін ыңғайлы және жеңіл.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Ендігі басты міндет- осы мемлекеттің өркендеп өсуі, халықтың әлеуметтік, экономикалық жағынан кемелденуі болып табылады. Мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық өсіп өркендеуінің түпқазығы білім мен ғылым екені даусыз. Болашақ жастар ел алдындағы жауапкершілігін толық сезінетін, кез -келген сынаққа төтеп бере алатын, жан -жақты дамыған, коммуникативті маман болып қалыптасуы қажет. Осыған орай білім беру мамандарының алдында еліміздің болашақ жастарын терең біліммен сусындату, бәсекеге қабілетті ұрпақ дайындау мәселесі тұр. XXI ғасыр - білімділер ғасыры. Заман ағысына сай біліммен қаруланған, ой өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған маман болу, заманауи технологиялары мен әдіс -тәсілдерді қолдана отырып, сапалы білімге қол жеткізу-уақыт талабы.

«Білім жолы - сара жол, болашаққа бастар жол» дегендей , тәуелсіз ел тірегі-білімді ұрпақ боларына нық сеніммен қараймын.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Техникалық құралдар, материалдар, сілтемелер, ресурстар: Презентация.
2. <https://adebiportal.kz/kz/multimedia/audio/293> Лира Қоныс - «Тиын» (аудио).
3. [http://qamba.codeo.kz/site/book/online/lira-qnyys-anggimeleri/content/content\\_6.xhtml/](http://qamba.codeo.kz/site/book/online/lira-qnyys-anggimeleri/content/content_6.xhtml/) Лира Қоныс «Тиын» әңгімесі (кітап)
4. Техникалық құралдар, материалдар, сілтемелер, ресурстар: Презентация. [https://www.youtube.com/watch?v=5KuJtMtZN\\_0](https://www.youtube.com/watch?v=5KuJtMtZN_0)
5. «Атау-кере» драмасы. I, II бөлім /Оралхан Бөкей/  
<https://youtu.be/3x39BsI00JU?si=Tw4kVtpTq6bDEvwU> Оралхан Бөкейдің «Атау-кере» шығармасы туралы.
6. <https://youtu.be/ChU4-R-7EBk?si=0IMGtNrVoJFL6j72> «АТАУ КЕРЕ» ШЫҒАРМАСЫ ТУРАЛЫ БІЗ НЕ БІЛЕМІЗ?
7. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математикалық бағытымен оқитын 10-сынып оқушыларына арналған оқулық. А.С.Ақтанова, А.Қ. Жүндібаева, Л.К.Жүмекенова. - Алматы: Атамұра, 2019.
8. Қазақ әдебиеті. Хрестоматия. А.С. Ақтанова, А.Қ.Жүндібаева, Л.К.Жүмекенова. - Алматы: Атамұра, 2019.
9. Қазақ әдебиеті. Хрестоматия. Г.Орда, С.Дәрібаева, А.Сатылова - Алматы: Мектеп, 2019.
10. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. Г.Орда, С.Дәрібаев, А.Сатылова. - Алматы: Мектеп, 2019.

ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК – ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ



Ф.Е.Жубанова  
БҚО, Орал қаласы  
Жоғары аграрлық-техникалық колледжінің  
арнайы пәндер оқытушысы, педагог-зерттеуші

**Аңдатпа:**

*Мақалада техникалық және кәсіптік білім беру саласында дуальды оқыту жүйесін жүзеге асырудағы әлеуметтік серіктестіктің рөлі қарастырылады. Жоғары аграрлық-техникалық колледжінің тәжірибесіне сүйене отырып, оқу орны мен өндіріс арасындағы байланыс нәтижесінде кәсіби дағдыларды меңгерту, бітіруші түлектерді жұмыспен қамту, WorldSkills чемпионатына дайындық секілді бағыттардың тиімділігі сипатталады.*

**Түйінді сөздер:** *Дуальды оқыту, әлеуметтік серіктестік, кәсіби тәжірибе, еңбек нарығы, WorldSkills.*

Қазіргі білім беру жүйесінде оқу орны мен өндіріс арасындағы интеграция - білікті маман даярлаудың негізгі шарттарының бірі болып отыр. Осы тұрғыда дуальды оқыту жүйесі – теория мен практиканы ұштастырудың тиімді жолы. Білім беру мен еңбек нарығы өзара тығыз байланысты: білім беру нарығы білім мен дағдыны игеру нарығы болса, еңбек нарығы – осы білімге ие адами ресурстардың нарығы. Әлеуметтік серіктестік жүйесі осы екеуінің арасындағы қарама-қайшылықтарды шешеді: оқыту мақсаттарын білім берумен ғана шектемей, білім алушыларды қажетті арнайы және WorldSkills стандартына сәйкес кәсіби дағдылармен қаруландырады [3].

Бүгінгі таңда кәсіби-техникалық білім беру жүйесінің басты мақсаты – заманауи еңбек нарығының талаптарына сай, білім алушылардың кәсіби

құзыреттілігін арттыру мен оларды еңбек нарығына бейімдеуде оқу орны мен өндірістік мекемелер арасындағы ынтымақтастықтың рөлін анықтау, әлеуметтік серіктестік арқылы жүзеге асырылатын дуальды оқыту жүйесінің тиімділігін анықтау және бұл жүйе негізінде еңбек нарығына қажетті мамандарды даярлау тетіктерін сипаттау, бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыретті мамандарды даярлау. Бұл міндетті орындауда оқу үдерісі мен өндіріс арасындағы байланысты нығайту, дуальды оқыту мазмұнын сипаттау, теорияны практикамен ұштастыру, әлеуметтік серіктестік аясында жүргізілген жұмыс нәтижелерін талдау, білім алушылардың кәсіби даярлығына әсерін көрсету және WorldSkills чемпионатындағы жетістіктері арқылы бұл жүйенің сапасын бағалау мәселелері алдыңғы қатарға шығып отыр.

Бұл тұрғыда оқу орындары үшін білікті кадрлар даярлауда оқыту технологияларын дамыту, білім алушылар арасында практика жұмысын ұйымдастыру, бітіруші түлектерге мүмкіндігінше жұмыс тауып беру, мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру секілді жұмыстарды атқару өзекті. Мәселенің өзектілігі сол, қазіргі таңда оқыту үдерісінің өндірістен оқшау күйде жүргізілуі кәсіби мамандарды даярлаудағы негізгі кедергілердің бірі болып отыр. Ал дуальды оқыту арқылы бұл олқылықтың орнын толтыруға және жұмыс беруші талаптарына сай білім беру мазмұнын қалыптастыруға нақты мүмкіндік жасалады. Осы тұрғыда дуальды оқыту жүйесі – білім беру мен өндірісті кіріктірудің тиімді формасы ретінде танылып келеді.

Дуальды оқыту – оқу орны мен жұмыс беруші арасындағы әлеуметтік серіктестік негізінде ұйымдастырылатын, білім алушыға теориялық білім мен нақты өндірістік тәжірибені қатар меңгеруге мүмкіндік беретін жүйе. Әлеуметтік серіктестік осы жүйенің басты тірегі болып табылады. Өйткені ол білім беру процесін еңбек нарығы талаптарына сәйкестендіруге ықпал етеді. Жоғары аграрлық-техникалық колледжі мысалында дуальды оқыту жүйесін енгізудің оң тәжірибесі осы үрдістің тиімділігін көрсетіп отыр. Өңірімізде осындай талап үдесінен шыға білген оқу орнының бірі – Жоғары аграрлық-техникалық колледжі. Кәсіптік техникалық бағытқа бейімделгендіктен білім беруде теория мен практиканы белсенді ұштастырып келеді. Жемісті жүзеге асқан оқыту технологиясының бірі 2012-2013 оқу жылдары эксперименталдық алаңнан басталып, нәтижелі енгізілген дуальды оқыту. Аталған колледжде «Ветеринария» мамандығы дуальды

оқыту жүйесіне көшкен. Дуальды оқыту – білім беру ұйымдарында өндірістік оқытудың және кәсіпорында кәсіби практиканың міндетті кезеңдерімен жұмыс орындарын ұсынумен және білім алушыларға кәсіпорынның, оқу орнының және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде өтемдік төлеммен білім беруді үйлестіретін кадрларды даярлау нысаны. Бұл жүйе екі бағыт бойынша – теориялық және тәжірибелік маманды дайындауды көздейді.

Дуальдык оқыту әдісіндегі ерекшеліктердің бірі оқу орындары өздеріне әлеуметтік серіктес табуы керек. 2012-2013 оқу жылдары әлеуметтік серіктестік аясында колледж Батыс Қазақстан облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы, БҚО Ветеринария басқармасы, ҚРАШМ ВБЖҚК Республикалық ветеринариялық зертхана шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын Батыс Қазақстан облыстық филиалымен келісім шарт жасап, 2019 жылдан Батыс Қазақстан облысы әкімдігі ветеринария басқармасының «Бәйтерек аудандық ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК-мен мерзімсіз, 2022 жылдан «Максат-Дат» ЖШС, Батыс Қазақстан облысы әкімдігі ветеринария басқармасының «Орал қалалық ветеринариялық станция» КММ –мен үш жыл мерзімге келісім шартқа отырған.

Бұл әлеуметтік серіктестіктер оқыту нәтижесіне ғана емес, сонымен қатар оқытудың мазмұнына, оның ұйымдастырылуына мүдделі [3].

Қазіргі таңда аталған мекемелермен мен оқу орны арасында байланыс орнады.

Ынтымақтастық төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылуда:

1. Мекеменің материалдық-

техникалық базасын қолдану арқылы білім алушылардың тәжірибелік оқуын ұйымдастыру (құралдар мен арнайы жабдықтарды қолдану мүмкіндігі беріледі).

2. Білім беру бағдарламаларын бірлесе әзірлеу.

3. Бірлескен конференциялар мен семинар, дөңгелек үстелдер өткізу.

4. Оқу бітірушілерді қорытынды аттестаттауды өткізу кезеңінде кәсіпорын өкілдерінің мамандар даярлау сапасын бағалауы. Мекеме өкілдері мемлекеттік біліктілік комиссиясына басшылық етеді.

6. Ветеринариялық мекемелерде арнайы пәндер оқытушыларының тағылымдамадан өтулерін ұйымдастыру [2].

Ал өз кезегінде тағылымдамалар оқытушылардың оқу үдерісін жоғары деңгейде ұйымдастыруына мүмкіндік береді, кәсіби - функционалды құзыреттілігі жоғары, білікті маман болудағы дайындықтарын шыңдай түсуге көптеген септігін тигізеді және білім беру мен өндірістік үдерістерді барынша жақындатуға көмектеседі [4].

Дуальды оқытудың элементтерін жүзеге асыру туралы келісім шарттар негізінде 2023 жылы «Ветеринария» мамандығы бойынша оқытушылар Г.Ж.Абилькаримова, Ф.Е.Жубанова, М.Г.Батыргалиева, С.К. Токтамысовалар Батыс Қазақстан облысы әкімдігі ветеринария басқармасының «Бәйтерек аудандық ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК-мен базасында өндірістік тағылымдамадан өтсе, аталған кәсіпорын директоры, колледж түлегі Аубекеров Асет Сериккалиевич қорытынды аттестаттау комиссиясы құрамында, комиссия төрағасы болып табылады.

Білікті маман А.С.Аубекеров білім

алушыларға алған білімдерін тәжірибеде іске асыруға және мал шаруашылығы саласындағы өндірістік қызметке дайын, бәсекеге қабілетті маман болуға дайындау мақсатында тәжірибелік сабақ өткізіп тұрады. Білім алушылардың теориялық білімдерін практикада қолданып, көрсету де басты мақсаттың бірі. Кәсіпорын базаларында білім алушылар шеберлік дағдыларын дамытып келіп, білікті кадрларды даярлаудың жаңа тренді, білім алушылардың болашақ мамандығы бойынша сынға түсіп, қабілетін танытатын білім бәсекесі «Worldskills Kazakhstan» өңірлік чемпионатында «Ветеринария» құзыреттілігі бойынша жетістіктерге жетіп келеді. Жалпы, WorldSkills өңірлік чемпионатына дайындыққа әлеуметтік серіктестіктердің де ролі зор. Әлеуметтік серіктестер оқу орындары үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады: қандай маман және қалай даярлау қажеттігі туралы ақпарат алу; мамандарды дайындау мазмұнында жұмыс берушілердің талаптарын ескеру; жұмыс берушілердің талаптарына жауап беретін жаңа оқу бағдарламаларын жасау, WorldSkills стандарты бойынша дайындау.

Қазіргі таңда, мемлекет жастарымыздың болашағын бағдарлап, жаңашылдықты меңгертуді мақсат етіп, әлемдік деңгейден қалмай мамандықтардың сан салалы қырларын терең игертуге мүмкіндік бергені қуантады. Бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманында жастардың биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз бен жан-жақты берген тәрбиеміз арқылы көптеген белестерді бағындыруға болады. Оған дәлел Каримов Файзолланың «Бәйтерек аудандық ветеринариялық станциясы» МКК, Трекино ауылдық округінің ветеринариялық пунктінде кәсіби практикадан өтіп жүріп, өндіріс

жетекшісі көмегімен бейнеролик дайындап, «Менің мамандығым-менің мақтанышым» атты облыстық бейнеролик байқауына «Ветеринар-адамзаттың қорғаны» тақырыбымен қатысып «Үздік идея» номинациясы грамотасымен марапатталғаны.

Қос бағытты білім беру жүйесімен оқытудың тағы бір жетістігі осы жүйемен оқытылған түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішіде жоғары болады, себебі оқу барысында өндіріспен тығыз байланыста болған білім алушы жұмыс берушінің барлық талаптарын игеріп, меңгерген жұмысшы маман болады, кәсіби тәжірибе жинау, өзін көрсету арқылы жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болады және де жұмыс берушілер өздерін кәсіби-функционалды құзыреттілігі жоғары, білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесін де шешіп келеді.

#### Зерттеу әдістемесі

Мақалада қолданылған әдістерге сипаттамалық талдау, салыстырмалы талдау және нақты мысалдарды баяндау жатады. Жоғары аграрлық-техникалық колледжінің дуальды оқыту жүйесін енгізу тәжірибесі, серіктес мекемелермен жасалған келісімшарттар мен бірлескен іс-шаралар зерттеу нысаны ретінде алынды. Зерттеу барысында сапалық және сипаттамалық талдау әдістері қолданылды. Жоғары аграрлық-техникалық колледжінде дуальды оқытуды ұйымдастыру тәжірибесі эмпирикалық материал ретінде пайдаланылды. Әлеуметтік серіктестіктермен жасалған келісімшарттар мазмұны, оқытушылар мен білім алушылардың өндірістік тәжірибеге қатысу нәтижелері нақты мысалдар арқылы сипатталды. Сонымен қатар салыстырмалы талдау әдісі арқылы дуальды оқыту жүйесіне дейінгі және кейінгі білім беру нәтижелері,

түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері, WorldSkills чемпионатына қатысушылардың жетістіктері сараланды. Бұл әдістер дуальды оқытудың тиімділігі мен білім алушылардың кәсіби қалыптасуына әсерін жан-жақты көрсетуге мүмкіндік берді.

#### Нәтижелер

Дуальды оқыту жүйесі 2012-2013 оқу жылынан бастап енгізіліп, бірқатар серіктес мекемелермен тұрақты байланыс орнатылды. 2023 жылы «Ветеринария» мамандығы бойынша бірнеше оқытушы өндірістік мекемелерде тағылымдамадан өтті. Білім алушылар WorldSkills чемпионатында жүлделі орындарға ие болып, білім беру мен өндіріс арасындағы байланыстың сапасын көрсетті. Білім алушылардың жұмысқа орналасу көрсеткіші де артты.

Зерттеу нәтижесінде Жоғары аграрлық-техникалық колледжінде дуальды оқытудың тиімді жүзеге асырылып жатқаны анықталды. 2012-2013 оқу жылынан бастап дуальды оқыту жүйесі «Ветеринария» мамандығында эксперимент ретінде енгізіліп, кейін толыққанды оқыту форматына айналды. Осы уақыт аралығында оқу орны бірқатар мемлекеттік және жекеменшік ветеринариялық мекемелермен (мысалы, «Бәйтерек аудандық ветеринариялық станциясы» МКК, «Орал қалалық ветеринариялық станция» КММ, «Максат-Дат» ЖШС) ұзақ мерзімді әлеуметтік серіктестікке қол жеткізді.

2023 жылы осы кәсіпорындар базасында арнайы пәндер оқытушылары (Г.Ж.Абилькаримова, Ф.Е.Жубанова, М.Г.Батыргалиева, С.К. Токтамысова) өндірістік тағылымдамадан өтті. Бұл тағылымдамалар оқытушылардың өндірістік үдерісті терең меңгеруіне, өз сабақтарында заманауи өндірістік

жабдықтар мен әдістерді қолдануына ықпал етті.

Сондай-ақ, білім алушылардың WorldSkills чемпионатына қатысуы дуальды оқытудың нақты нәтижесін көрсетті:

2019 жылы Байзолла Жомарт – I орын,  
2021 жылы Оралбай Айбар – III орын,  
2022 жылы Габбасов Елжас – II орын,  
2024 жылы Маратов Диас – III орын,  
2025 жылы Исалиева Айкөркем – II орын.

Бұл жетістіктер білім алушылардың теориялық біліммен қатар, нақты практикалық дағдыларды меңгергенін дәлелдейді. Сонымен қатар, дуальды жүйеде оқыған түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші де жоғары – олар оқу барысында жұмыс берушілер талабына сай кәсіби тәжірибеден өтіп, болашақ маман ретінде танылып үлгереді. Жоғарыда аталған нәтижелер дуальды оқыту моделі еңбек нарығының нақты сұранысына жауап беретін, бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау құралы екенін көрсетеді.

Талқылау

Зерттеу нәтижелері дуальды оқыту жүйесінің техникалық және кәсіптік білім беру саласында тиімділігі жоғары екенін көрсетті. Бұл жүйе арқылы оқу орны мен жұмыс беруші арасында нақты байланыс орнап, білім алушылар өндірістік ортада кәсіби дағдыларды меңгеруге мүмкіндік алады. Алынған нәтижелер Акумова Н.В. (2020) еңбегіндегі дуальды білім беру жүйесі еңбек нарығындағы кадр тапшылығын азайтуда шешуші рөл атқаратыны туралы пікірмен сәйкес келеді [4].

Бұған дейінгі зерттеулерде дуальды оқытудың артықшылықтары ретінде білім алушылардың жұмысқа орналасу көрсеткішінің жоғарылауы, кәсіби

құзыреттілігінің артуы, оқытушылардың өндірістік ортаға жақындауы көрсетілген. Жоғары аграрлық-техникалық колледжі мысалында бұл артықшылықтар нақты дәлелдермен расталды: оқушылардың WorldSkills сайыстарындағы жетістіктері, оқытушылардың тағылымдамадан өтуі, оқу жоспарларын әлеуметтік серіктестермен бірлесе әзірлеу тәжірибесі – дуальды оқытудың жүйелі түрде енгізілгенін көрсетеді.

Аталған заңдылықтардың бірі – дуальды оқыту барысында білім беру процесінің икемділігі артады, яғни оқу мазмұны жұмыс беруші талаптарына қарай бейімделеді. Бұл – еңбек нарығына сай кадр даярлаудағы негізгі шарттардың бірі. Сонымен қатар, теориялық білім мен тәжірибенің қатар жүруі білім алушылардың мамандықты саналы түрде таңдауына, кәсіби бейімделуіне, бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік береді.

Яғни, дуальды оқыту білім алушыларды тек білімді ғана емес, нақты өндірістік ортаны түсінетін және соған бейімделе алатын маман ретінде қалыптастыруға мүмкіндік беретін тиімді модель ретінде танылады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері дуальды оқыту жүйесінің техникалық және кәсіптік білім берудегі маңыздылығын нақты көрсетті. Әлеуметтік серіктестік негізінде жүзеге асатын бұл жүйе оқу үдерісін еңбек нарығының сұранысына сәйкестендіріп, білім алушылардың кәсіби және практикалық дағдыларын дамытуда үлкен рөл атқарады. Жоғары аграрлық-техникалық колледжінің тәжірибесі дуальды оқытудың нәтижелілігін дәлелдеді – түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі артты, WorldSkills сияқты кәсіби бәсекелерде жоғары жетістіктерге қол жеткізілді.

Дуальды оқыту жүйесі теория мен практиканы ұштастырып қана қоймай, оқытушылардың да кәсіби деңгейін көтеруге, оқу бағдарламаларын нақты өндіріс талаптарына сай бейімдеуге жол ашады. Өлеуметтік серіктестермен жасалған тығыз байланыс оқу орнына өз қызметін үнемі жетілдіруге және сапалы кадр дайындауға бағыттайды.

Сондықтан да білім беру орны мен өндірістің кіріктірілу үдерісі –білікті мамандарды дайындауға жол ашады. Бұдан шығатын қорытынды: кәсіптік оқу орындарының өлеуметтік серіктестіктермен белсенді әріптестіктік әрекетін жүзеге асыру барысында әлемдік стандартқа сай маман даярлау мазмұны мен іс-әрекеттерді ұйымдастыру мазмұнына елеулі өзгерістер енгізу қажеттілігі туындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Кәсіптік мектеп» журналы №2, 2021 ж.
2. Техникалық және кәсіптік білім // Ақпараттық-әдістемелік журнал, №4, 2018 ж.
3. «Білім айнасы» журналы, №1, 2021 ж.
4. Акумова Н.В. Профессиональное образование и рынок труда. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020 ж.
5. [https://on.kz/ustazdar\\_ustahanasy/dualdyq-oqytu-zuiesin-engizu-zaman-talaby-59843/](https://on.kz/ustazdar_ustahanasy/dualdyq-oqytu-zuiesin-engizu-zaman-talaby-59843/)

КОЛЛЕДЖ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН  
АРТТЫРУДАҒЫ «ПСИХОТЕРАПИЯ» АВТОРЛЫҚ КУРСЫНЫҢ РӨЛІ



Л.С.Есенова  
БҚО, Орал қаласы  
Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық  
колледжі директорының әдістемелік жұмыс жөніндегі  
орынбасары, педагог-зерттеуші

**Аңдатпа:**

*Бұл мақалада колледж білім алушыларының психоэмоциялық тұрақтылығын арттыру мақсатында әзірленген «Психотерапия» авторлық бағдарламасының мазмұны мен тиімділігі сипатталады. Бағдарлама когнитивті мінез-құлық терапиясы, гештальт-терапия, арт-терапия және релаксация әдістерін қамтиды. Мақалада бағдарламаның қолдану әдістері, психологиялық әсері және практикалық тиімділігі талданады. Автор психологиялық тұрақтылықты дамытудың ғылыми-практикалық тәсілдерін сипаттай отырып, нақты нәтижелерге сүйене отырып, ұсыныстар ұсынады.*

***Түйінді сөздер:** психотерапия, күйзеліс, білім алушылар, эмоционалдық интеллект, арт-терапия, когнитивті терапия.*

**Кіріспе**

Қазіргі әлеуметтік-мәдени кеңістікте білім алушылардың психологиялық әл-ауқаты ерекше назар аударуды қажет етеді. Ақпараттың шамадан тыс көптігі, бәсекелестік, болашаққа деген алаңдаушылық, әлеуметтік қатынастардағы күрделілік сияқты факторлар жастардың эмоциялық тұрақтылығына елеулі әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, колледж білім алушыларына бағытталған «Психотерапия» авторлық курсы дер кезінде қолға алынған және қазіргі заман талаптарына сай әзірленген білім беру құралы болып табылады.

**«Психотерапия» факультативтік курсының өзектілігі мынадай факторлармен негізделеді:**

**1. Психологиялық денсаулықты**

**қолдау қажеттілігі**

- Психикалық саулық – студенттердің табысты білім алуының және кәсіби дамуының маңызды факторы.
- Депрессия, мазасыздық, күйзеліс жағдайларын басқару дағдылары қазіргі жастар үшін аса маңызды.

**2. Эмоциялық интеллект пен өзін-өзі реттеу дағдыларының маңыздылығы**

- Эмоцияларды басқару және қарым-қатынас дағдылары әлеуметтік бейімделуге ықпал етеді.
- Студенттерге өзін-өзі тану, ішкі үйлесімділікке жету, стрессті жеңу әдістерін үйрету қажеттілігі артып келеді.

**3. Білім беру жүйесіндегі психологиялық қолдау трендтері**

- Дүниежүзілік денсаулық сақтау

ұйымы (ДДҰ) және ЮНЕСКО білім беру жүйесінде психологиялық әлауқатты нығайту қажеттілігін атап өтеді.

- Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде студенттерге психологиялық қолдау көрсету – мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыттарының бірі.

#### 4. Практикалық психотерапиялық әдістерді меңгеру қажеттілігі

- Когнитивті мінез-құлық терапиясы, гештальт-терапия, арт-терапия және медитация сияқты әдістер жастар арасында кеңінен қолданыс табауда.
- Бұл әдістер студенттерге психологиялық тұрақтылықты дамытуға және өмірлік қиындықтарға дайын болуға көмектеседі.

#### 5. Жастардың әлеуметтік дағдыларын дамыту

- Эмпатия, белсенді тыңдау, тиімді қарым-қатынас жасау дағдылары жеке және кәсіби өмірде маңызды рөл атқарады.
- Өзін-өзі бағалау, мотивация және мақсат қою қабілеттерін дамыту жастардың табысты болашағына ықпал етеді.

Осы факторларды ескере отырып, «Психотерапия негіздері» факультативтік курсы студенттердің тұлғалық және кәсіби дамуын қолдауға бағытталған маңызды білім беру құралы болып табылады.

Авторлық бағдарламаның мақсаты: Студенттерге психотерапияның негізгі әдістерін таныстыру, олардың эмоционалды интеллектін дамыту және психологиялық қиындықтарды шешу жолдарын меңгеруге көмектесу.

#### Міндеттері:

- Психотерапияның негізгі бағыттарымен таныстыру.

- Күйзеліс, мазасыздық және депрессияны басқару әдістерін үйрету.

- Өзін-өзі тану және тұлғалық өсуге бағытталған жаттығулар жүргізу.

- Эмпатия, белсенді тыңдау және тиімді коммуникация дағдыларын дамыту.

#### Зерттеу әдістемесі:

Бағдарлама 48 сағат көлемінде 01120100 - Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы білім алушыларына арналған. Курс психотерапияның заманауи бағыттарына негізделеді: когнитивті мінез-құлық терапиясы (КМТ), гештальт-терапия, арт-терапия, релаксация және медитация, дене бағытталған терапия элементтері. Оқыту әдістеріне интерактивті тренингтер, шеберлік сабақтары, кейс-талдау, рөлдік ойындар, өзін-өзі тану жаттығулары және жеке рефлексия жатады. Бағдарлама барысында студенттерге психологиялық сауатты болудың маңыздылығы мен эмоцияларды басқарудың тәжірибелік дағдылары үйретіледі.

#### Төмендегідей оқыту түрлері қолданылады:

1. **Дәрістік сабақтар** – психотерапия негіздері мен теориялық ұғымдарды түсіндіру.

2. **Практикалық сабақтар** – психотерапиялық әдістерді қолдану дағдыларын дамыту.

3. **Тренингтер мен шеберлік сыныптары** – тәжірибелік психотерапиялық әдістерді меңгеру.

4. **Топтық жұмыс** – пікірталас, рөлдік ойындар және кейс-стадилер арқылы өзара тәжірибе алмасу.

5. **Жеке консультациялар** – өзін-өзі тануға және эмоционалды тұрақтылықты дамытуға бағытталған жеке тапсырмалар.

**6. Онлайн және офлайн оқыту** – цифрлық құралдарды пайдалана отырып, аралас оқыту әдістерін енгізу.

**Оқыту әдістері:**

1. Интерактивті әдістер:

- Дискуссиялар, пікірталастар
- Ми шабуылы
- Рөлдік және іскерлік ойындар
- Кейстік әдіс (нақты психологиялық жағдайларды талдау)

2. **Практикалық әдістер:**

- Медитация және релаксация техникасы
- Арт-терапия (сурет салу, мүсіндеу, коллаж жасау арқылы эмоцияларды шығару)
- Дене-бағытталған терапия (дем алу техникасы, бұлшықетті босаңсыту жаттығулары)
- Когнитивті мінез-құлық терапиясы (жағымсыз ойлау үлгілерін өзгерту)

3. **Рефлексиялық әдістер:**

- Өзін-өзі тану күнделігін жүргізу
- SWOT-талдау арқылы психологиялық ерекшеліктерін бағалау
- Фидбэк беру және өзіндік бағалау

4. **Коучинг және менторинг әдістері:**

- Жеке даму жоспарларын құру
- Өзін-өзі реттеу және мотивацияны арттыру жаттығулары
- Студенттер арасында өзара қолдау көрсету тетіктерін қалыптастыру

**Нәтижелер:**

Бағдарлама білім алушылардың өзін-өзі тану деңгейін арттырып, күйзелісті басқару қабілеттерін жақсартуға ықпал етті. Жүргізілген сауалнама нәтижесінде курсқа қатысқан 90% білім алушы өздерін психологиялық тұрғыдан сенімді сезінетінін, эмоцияларын басқару дағдылары дамығанын және күрделі жағдайларда сабырлық таныта

алатындарын көрсетті. КМТ әдісін қолданғаннан кейін кейбір білім алушылар өздерінің теріс автоматты ойларын анықтап, оларды оң пікірлерге ауыстыруды меңгерген. Арт-терапия барысында ішкі күйзелісін шығармашылық арқылы сыртқа шығаруға жағдай жасалды.

Бағдарлама Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау жоғары педагогикалық колледж, Ақтөбе облысы әкімдігі білім басқармасының «Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледж, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай жоғары педагогикалық колледжі» базасында апробациядан өтіп, 3 облысқа таратылып, инновациялық педагогикалық тәжірибе нәтижелерін енгізу (қолдану) туралы АКТ дайындалды.

**Талқылау:** Бағдарлама мазмұны халықаралық трендтермен сәйкес келеді. ЮНЕСКО мен ДДҰ білім беру жүйесінде психологиялық әл-ауқатты қолдаудың маңызын атап көрсетеді. Қазақстанда да студенттерге психологиялық қолдау көрсету мемлекеттік саясат деңгейінде қарастырылған. «Психотерапия негіздері» курсы осы талаптарға толық жауап береді. Ол жастардың ішкі ресурстарын танып, күйзеліс жағдайларында тиімді әрекет етуіне мүмкіндік береді. Бұл курс студенттердің психологиялық саулығын нығайтуға және өз эмоцияларын тиімді басқаруға бағытталған. Оқыту процесінде:

- Психотерапияның теориялық негіздері мен практикалық әдістері қарастырылады.
- Когнитивті мінез-құлық терапиясы, гештальт-терапия, арт-терапия және релаксация техникалары меңгеріледі.
- Топтық жұмыс, практикалық жаттығулар және рефлексия әдістері

қолданылады.

- Қатысушыларға күйзелісті басқару, травмадан кейінгі қалпына келу және тұлғалық дамуға бағытталған жеке стратегиялар ұсынылады.

Бұл курс білім алушыларға психологиялық тұрақтылықты қалыптастыруға және күнделікті өмірде кездесетін эмоционалды қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

Қорытынды:

1. Бұл курсты колледждердің барлық мамандықтарына бейімдеп енгізу;
2. Білім беру ұйымдарында білім алушыларға арналған психологиялық тұрақтылықты дамыту бағдарламаларын енгізу;
3. Арнайы тренингтер мен семинарлар арқылы педагогтердің психотерапиялық әдістерге үйренуін қамтамасыз ету;
4. Эмоциялық интеллектті дамыту бойынша жылдық жоспар құру;
5. Психотерапиялық әдістерді тәрбие жұмыстарының мазмұнына кіріктіру.

**Қорытынды**

«Психотерапия» авторлық курсы білім алушылардың психологиялық тұрақтылығын арттырудың тиімді құралы екені дәлелденді. Бағдарлама мазмұны мен әдістемесі студенттердің тұлғалық өсуіне, өзін-өзі тануына және күйзелістерді жеңуіне нақты ықпал етеді. Бұл курс психологиялық қауіпсіз білім беру ортасын құруға бағытталған инновациялық бастама ретінде қарастырылуы тиіс.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2020.
  2. Бек А. Когнитивная терапия и эмоциональные расстройства. – М.: Институт психотерапии, 2010.
  3. Роджерс К. Становление личности. Взгляд на психотерапию. – СПб.: Речь, 2002.
  4. Франкл В. Человек в поисках смысла. – М.: Прогресс, 1990.
  5. Маслоу А. Мотивация и личность. – СПб.: Питер, 2016.
  6. Психология эмоций. Под ред. П.Экмана. – М.: Академический проект, 2007.
- және WorldSkills чемпионатындағы жетістіктері арқылы бұл жүйенің сапасын бағалау мәселелері алдыңғы қатарға шығып отыр.

## ВОСПИТАНИЕ ЛИЧНОСТИ ПИАНИСТА-МУЗЫКАНТА В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОЙ ТОЛЕРАНТНОСТИ



С.Е.Акижанова  
Преподаватель, концертмейстер, педагог-исследователь  
Музыкальный колледж им. Курмангазы  
г. Уральск, ЗКО

### Андатпа:

*Актуальность темы обусловлена необходимостью адаптации педагогических стратегий к условиям современного мира, где взаимодействие с представителями разных культур, мировоззрений и социальных слоёв становится неотъемлемой частью образовательного процесса. Музыкальное искусство как интернациональный язык предоставляет уникальные возможности для развития у учащихся уважения к инаковости, эмпатии и способности к диалогу. Формирование толерантной личности через музыку особенно важно в профессиональной подготовке будущих пианистов, так как это влияет не только на их художественное развитие, но и на успешную социализацию.*

**Ключевые слова:** музыкальное образование, толерантность, личность, педагогика, фортепиано, эмоциональный интеллект, культура общения

Современное музыкальное образование претерпевает значительные изменения, связанные не только с технологическим прогрессом и обновлением методик, но и с изменением социально-культурного контекста. В условиях глобализации, культурного многообразия и акцента на гуманистические ценности возрастает роль толерантности как важного аспекта формирования личности. Воспитание пианиста-музыканта в XXI веке требует от педагога не только развития профессиональных навыков учащегося, но и формирования его как гармоничной, культурной, эмоционально зрелой и толерантной личности.

### Толерантность как социально-педагогическая категория

Современное понимание толерантности выходит за рамки простой терпимости.

Это активная позиция уважения к другому, готовности к взаимодействию, принятию индивидуальных и культурных различий. В музыкальной педагогике толерантность приобретает особую значимость, ведь музыка является универсальным языком, объединяющим людей вне зависимости от их происхождения, взглядов или убеждений. Педагог, воспитывающий пианиста, должен осознавать, что работа с учеником — это не только передача технических знаний, но и процесс формирования мировоззрения, художественного вкуса, отношения к самому себе и окружающим.

### Музыкальное обучение как пространство формирования толерантности

Музыка сама по себе является средством воспитания уважения к

различным культурам. Включение в репертуар произведений разных народов и эпох, знакомство с традициями мировой музыкальной культуры формирует у учащихся открытость, интерес к инаковости и уважение к чужому опыту. Так, исполнение произведений Дебюсси, Гершвина, японского композитора Джо Хисаиси или грузинских народных песен на фортепиано не только расширяет художественный кругозор, но и способствует пониманию культурной ценности каждого народа.

*Иллюстрация 1.*

*Совместное исполнение студентами произведений мировой музыки как форма межкультурного диалога.*

Например, работа с учеником над пьесой Б. Бартока, включающей элементы венгерского и балканского фольклора, становится поводом для разговора о музыкальных традициях Восточной Европы. Через анализ и исполнение таких произведений учащиеся осваивают не только новые стилистические особенности, но и учатся воспринимать культурное многообразие с уважением.

**Толерантная педагогическая среда: роль учителя**

Особое значение имеет атмосфера, которую создаёт педагог. В условиях толерантного подхода важно, чтобы каждый ученик чувствовал себя услышанным и принятым. Преподаватель должен проявлять гибкость, учитывать индивидуальные особенности, эмоциональное состояние и личностный темп развития учащегося. На практике это может выражаться, например, в выборе репертуара, соответствующего интересам и уровню ученика, в использовании мотивационных стратегий, которые строятся на доверии и поддержке, а не на сравнении и давлении. Один из примеров

— преподаватель, работающий с ребёнком, недавно переехавшим из другой страны и испытывающим трудности с адаптацией. Включение в репертуар произведений, близких культуре ученика, помогает не только ускорить его музыкальное развитие, но и создать психологический комфорт.

**Эмоциональный интеллект и музыкальное общение**

Толерантность напрямую связана с развитием эмоционального интеллекта — способности понимать и управлять своими эмоциями, а также воспринимать чувства других. Исполнительская практика, особенно ансамблевая игра, концертмейстерство и участие в совместных проектах, создают условия для развития этих качеств.

*Иллюстрация 2.*

*Репетиция фортепианного ансамбля как пространство эмоционального взаимодействия и взаимопонимания*

Например, в процессе подготовки дуэта ученики учатся слушать друг друга, подстраиваться под партнёра, договариваться о художественном замысле. Это требует терпения, уважения, умения идти на компромисс — тех качеств, которые лежат в основе толерантного поведения.

**Музыка как средство воспитания гуманистических ценностей**

Воспитание пианиста через музыку — это также путь к формированию нравственной и духовной зрелости. Исполнение произведений, несущих глубокие философские и эмоциональные смыслы, способствует развитию внутреннего мира ученика. Произведения Шопена, Рахманинова, Метнера или современных композиторов дают возможность ученику не только овладеть сложной техникой, но и осмыслить

свои чувства, задуматься о ценностях, выразить переживания через музыку.

### Примеры из практики

В ходе практики преподавания фортепиано в колледже можно отметить, насколько сильно атмосфера толерантности влияет на успеваемость и вовлечённость студентов. Один из ярких примеров — работа с учащейся, приехавшей из Средней Азии, не владеющей русским языком в совершенстве. Педагог, понимая возможные психологические барьеры, начал занятия с исполнения знакомых мелодий родной культуры ученицы. Это позволило наладить доверительные отношения и повысило мотивацию к занятиям.

Другой пример — подготовка фортепианного ансамбля из студентов с разным уровнем подготовки. Путём постепенной адаптации партий, гибкого подхода к репетициям и создания поддерживающей среды удалось достичь отличного результата на итоговом академическом концерте. Студенты отмечали, что благодаря совместной работе и уважению друг к другу они научились лучше слышать и понимать партнёра. Также стоит отметить опыт преподавателя, который использовал проектную деятельность для объединения студентов из разных этнических и социальных групп. В рамках подготовки к концерту, посвящённому музыке народов мира, каждый студент предлагал произведение, отражающее его культурную идентичность. Это вызвало живой интерес и взаимное уважение между участниками проекта. В другом случае учащийся с ограниченными возможностями здоровья принимал участие в фортепианном конкурсе наряду с другими студентами. Педагог тщательно

адаптировал программу, обеспечил технические условия и поддержку со стороны коллектива. Остальные ученики отнеслись к ситуации с пониманием и уважением, что сформировало у них чувство эмпатии и ответственности.

### Заключение

Таким образом, воспитание личности пианиста-музыканта в условиях современной толерантности — это многогранный процесс, сочетающий развитие профессиональных и личностных качеств. Музыкальное обучение становится не только средством освоения исполнительского мастерства, но и пространством гуманистического воспитания, где ценятся уважение, открытость, эмоциональная зрелость и культура общения. В этом процессе педагог играет ключевую роль, направляя ученика не только к сцене, но и к пониманию себя и мира через музыку.

### Список литературы

1. Абдуллина, О.А. Общая методика музыкального образования. — М.: Академия, 2020.
2. Гозман, Л.Я. Эмоциональный интеллект: психология общения. — СПб.: Питер, 2018.
3. Захарова, И.М. *Формирование толерантности в образовательной среде.* — М.: Просвещение, 2019.
4. Крайняя, Е.А. *Музыкально-педагогическое взаимодействие: теоретические основы.* — Казань: Казанский педагогический университет, 2021.
5. Слонов, В.Ф. *Музыка как фактор формирования культурной идентичности.* — СПб.: Союз, 2020.
6. UNESCO. *Guidelines on Intercultural Education.* — Paris, 2006.

ФОРТЕПИАНО И ОРКЕСТР: РАЗМЫШЛЕНИЯ О ПРИРОДЕ  
ИНСТРУМЕНТАЛЬНОГО ИСКУССТВА



А.К.Малекова  
Преподаватель, концертмейстер, педагог-исследователь  
музыкальный колледж им. Курмангазы  
г. Уральск, ЗКО

**Андатпа:**

*В тексте рассматриваются особенности пианистического искусства, его сильные и слабые стороны. Автор акцентирует внимание на том, что фортепиано — самодостаточный инструмент, позволяющий исполнителю выразить всё произведение в одиночку, но эта свобода порой ведёт к злоупотреблениям. Критикуется чрезмерная эмоциональность, стремление «показать всё сразу», а также влияние внешних факторов — мнений критиков и публики. Главное послание текста — необходимость для пианиста сохранять художественный вкус, знание границ инструмента и уважение к замыслу композитора, чтобы оставаться не просто исполнителем, а настоящим интерпретатором музыки.*

**Ключевые слова:** фортепиано, искусство, пианист, оркестр, исполнитель.

**Задачи исследования:**

1. Проанализировать специфику фортепиано как сольного инструмента и его влияние на формирование исполнительской свободы.
2. Исследовать основные ошибки, допускаемые пианистами при интерпретации музыкальных произведений.
3. Рассмотреть роль пианиста как интерпретатора и носителя музыкальной культуры в контексте его взаимодействия с инструментом.

Современная музыкальная сцена предъявляет к исполнителям всё более противоречивые требования: с одной стороны, ожидается техническое совершенство и эмоциональная выразительность, с другой — строгое следование авторскому замыслу. В этих условиях проблема баланса между художественным самовыражением и верностью произведению становится особенно острой. Фортепиано как инструмент, обладающий большой самостоятельностью, предоставляет исполнителю широкие возможности

для интерпретации, но одновременно требует от него высокой художественной ответственности. Исследование этой темы помогает осмыслить границы допустимой интерпретации и способствует формированию зрелого, этически и эстетически обоснованного подхода к фортепианному исполнительству.

С определённой точки зрения фортепиано вполне может считаться равным оркестру. Это объясняется тем, что оно представляет собой не менее самостоятельную и оригинальную область музыкального искусства,

обладающую своей уникальной и выдающейся литературой. Лишь оркестровый репертуар способен сравниться по художественному уровню с тем, что создано для фортепиано. Нельзя не отметить, что богатство и глубина фортепианной литературы значительно превосходят всё, что написано для любого другого сольного инструмента — в этом мнении, как правило, существует широкое согласие.

Фортепиано также предоставляет исполнителю широкие возможности для самовыражения — возможно, в каких-то аспектах даже более широкие, чем оркестр. По сравнению с органом, лишённым личностного прикосновения и разнообразия прикосновений (туше), фортепиано даёт гораздо больше простора для индивидуальности. Однако в области тембра и динамического спектра этот инструмент уступает оркестру: его возможности в этих сферах действительно ограничены. И мудрый пианист это понимает — он не стремится выйти за границы дозволенного. Цветовая палитра фортепиано, в сравнении с живописью, — скорее монохромна. Тем не менее, в руках мастера даже этот «монохром» расцветает тончайшими нюансами и оттенками, передавая сложнейшие эмоциональные состояния.

Фортепиано обладает своим особым обаянием — пусть оно и не столь чувственное, как у некоторых других инструментов. Возможно, именно благодаря своей сдержанности и отстранённости оно воспринимается слушателями глубже и дольше не утомляет. Возможно, именно эта особенность повлияла и на характер создаваемой для него исключительной литературы.

Следует помнить, что столь богатый репертуар мы обязаны не только

композиторам, но и самой природе фортепиано. Это единственный сольный инструмент, способный представить музыкальное произведение в целостности — с мелодией, басом, гармонией, полифонией и сложнейшей фактурой. Виртуозное исполнение на нём позволяет воспроизвести всю структуру композиции, словно перед нами полный оркестр в миниатюре. По этой причине многие великие композиторы отдали предпочтение именно этому инструменту.

Нельзя также согласиться с утверждением, что увлечение фортепиано наносило ущерб оркестровой музыке. Напротив, крупнейшие мастера, владевшие фортепиано, создавали не менее гениальные произведения для других инструментов, включая скрипку и духовые, а также сочиняли выдающиеся симфонии. Значительная часть скрипичного репертуара, например, принадлежит перу пианистов — от Баха и Моцарта до Чайковского и Брамса.

Что касается оркестровой литературы, то её развитие также во многом связано с фортепианными композиторами, которые находили вдохновение в оркестровой палитре как средстве выражения своих идей. Однако если вникнуть в их фортепианные сочинения, в их внутреннюю поэзию и художественную ценность, то становится ясно, что даже тонко чувствующему слушателю может быть достаточно одного фортепиано для полного эстетического удовлетворения. Главное — соблюдать границы его природы и в полной мере использовать заложенные в нём ресурсы.

Несмотря на свои ограничения, фортепиано обладает поистине неограниченными возможностями для личного выражения. Оно подчиняется одному уму, одной личности; его

механизм — одновременно изящен и прост, что делает прикосновение к звуку непосредственным и выразительным. Оно не нуждается в аккомпанементе: даже в концерте с оркестром партнёрство остаётся равноправным. Его ограничения не превышают таковых у других инструментов или даже человеческого голоса, но они компенсируются богатой динамикой и многообразием прикосновения.

Учитывая всё вышесказанное, можно утверждать: музыкант, посвятивший себя фортепиано, вправе чувствовать себя вполне реализованным. Да, область его деятельности может быть уже, чем у дирижёра, но у последнего нет того личного, интимного общения с музыкой, которое доступно пианисту. Эти сокровенные моменты уединения с инструментом, моменты диалога с глубинной сущностью самого себя — бесценны и непередаваемы, не купишь их ни за деньги, ни добьёшься усилием. Это то, что делает искусство фортепиано столь неповторимым и личным.

#### **Фортепиано и пианист: размышления о профессионализме и художественных границах**

Как и представители любой другой профессии, музыканты не лишены человеческих слабостей. Тем не менее, можно утверждать, что среди пианистов ошибки против законов искусства встречаются реже и не столь грубы, как у исполнителей на других инструментах. Возможно, это связано с тем, что пианисты чаще обладают более серьёзной и всесторонней музыкальной подготовкой, чем, скажем, вокалисты или инструменталисты, с которыми их обычно сравнивает публика.

Однако и пианисты не застрахованы от художественных промахов.

Примечательно, что их наиболее серьёзные ошибки зачастую проистекают из сильной стороны их инструмента — его полной самодостаточности. Не нуждаясь в партнёрах по ансамблю, пианист обретает полную свободу трактовки. В то же время отсутствие коллег по сцене, которые могли бы уравнивать художественные решения, лишает его естественного сдерживающего фактора. И тогда некоторые исполнители поддаются искушению проявить свою «индивидуальность» за пределами разумного, зачастую в ущерб замыслу композитора.

Такой пианист, стремящийся к чрезмерной выразительности, может не только исказить произведение, но и использовать возможности фортепиано не по назначению. Например, он попытается выжать из инструмента шесть степеней forte, тогда как максимально достижимы — без потери благородства звука — всего три. Он забывает, что тембровый и динамический диапазон фортепиано требует тонкого обращения и не терпит грубой силы.

Контрасты в звучании, тончайшие переходы между динамиками, способность оттенить мелодию — всё это зависит не только от уровня техники исполнителя, но и от понимания акустики зала и границ самого инструмента. Истинный мастер учитывает эти параметры, избегая излишней экспрессии, которая часто приводит к потере художественного вкуса.

В современном мире распространено восхищение пианистами, играющими «с большим чувством». Однако за этой похвалой может скрываться опасная тенденция: пианист, стремящийся выразить эмоции там, где они не предусмотрены автором,

рискует превратиться из художника в сентиментального имитатора. Его трактовка может потерять форму, а выразительные средства — превратиться в хаотичный поток чувств, не подчинённых никакой структуре.

Попытки сыграть кантилену с эмоциональной насыщенностью, доступной виолончели, часто оборачиваются неудачей: фортепиано по своей природе не обладает тем тембровым теплом, которое даёт смычок. Некоторые исполнители, осознавая это, начинают жертвовать ритмом и гармонией в угоду фразировке, превращая музыкальное лицо произведения в гротескную маску.

Художник, в отличие от дилетанта, всегда ощущает границы возможного. Он знает, чего может добиться от инструмента и какие средства будут уместны в каждой конкретной ситуации. Его интерпретация выстраивается на понимании стилистики, структуры и художественного равновесия. Чувство как таковое возникает у него в результате глубокой внутренней работы и становится последним аккордом, венчающим композиционную и исполнительскую точность — как цветы на прекрасно сервированном столе.

Дилетант же, напротив, погружается в «чувство» без подготовки, без понимания ремесла. Он не строит план, не обрабатывает форму, а просто находит в себе эмоциональный порыв и позволяет ему захлестнуть пьесу. Его результат — не музыка, а сентиментальный поток, лишённый ясности, формы и смысла. Он часто допускает, чтобы аккомпанемент затмевал мелодию, а ритм становился хаотичным. Всё это — в попытке продемонстрировать свою «глубину».

К сожалению, такая исполнительская манера нередко подкрепляется мнениями со стороны. Не всегда вина исполнителя

заключается только в нём самом: зачастую он становится жертвой чужих советов, которые кажутся разумными, но в контексте конкретной пьесы могут навредить. Даже квалифицированные критики не застрахованы от заблуждений. Они часто ждут, что пианист уже в первой пьесе концерта раскроет весь арсенал своих умений — силу, страсть, уравновешенность, интеллект. Но далеко не каждое произведение требует от исполнителя подобных качеств.

Критик же, прослушав одну-две части из концерта, составляет мнение обо всём выступлении, зачастую вынося вердикт, определяющий будущее артиста. В результате молодые исполнители вынуждены демонстрировать всё и сразу, нарушая замысел композитора, природу инструмента и основы эстетики, лишь бы угодить ожиданиям.

Так рождается тип пианиста-парвеню, пианиста-высочки, жаждущего признания любой ценой. Он обладает техникой, но не всегда знанием. Его исполнение изобилует внешними эффектами, но не несёт глубинной музыкальной правды. Это — дилетант не по незнанию, а по выбору стратегии, в основе которой лежит стремление к быстрой славе, а не к подлинному искусству.

**Заключение: Путь пианиста — между самовыражением и служением музыке**

Путь пианиста — это тонкий баланс между внутренней свободой и уважением к границам художественной формы. Фортепиано, как один из самых богатых по возможностям инструментов, открывает невероятный простор для индивидуальности. Но именно поэтому оно требует от исполнителя зрелости, дисциплины и вкуса.

Истинное мастерство проявляется не в громкости, скорости или экспрессии, а в умении услышать, чего требует произведение, и донести это до слушателя — точно, деликатно, глубоко. Великий пианист — не тот, кто кричит с клавиш, а тот, кто умеет говорить через них тихо, но весомо.

И если современный исполнитель устоит перед соблазном моментальной эффектности и поверхностной «эмоциональности», если выберет путь вдумчивого служения музыке, а не своей карьере, — тогда и только тогда он станет не просто артистом, но художником в полном смысле этого слова.

Используемая литература:

Гофман И. Фортепианная игра. Ответы на вопросы о фортепианной игре. М., 1961; 2-е изд. — М . 2000

Баренбойм Л. Вопросы фортепианной педагогики и исполнительства. Л., 1969.

Малинковская А. Класс основного музыкального инструмента. Искусство фортепианного интонирования М., 2005

Мартинсен К. Методика индивидуального преподавания игры на фортепиано. М., 1972; 2-е изд. — М , 2001.

БУХГАЛТЕР-КАССИР – ҒАСЫРЛАР МЕН КЕЛЕШЕК МАМАНДЫҒЫ!



Н.С.Умбетова  
ҚО, Орал қаласы  
Жоғары аграрлық-техникалық колледжінің  
арнайы пәндер оқытушысы, педагог-зерттеуші

**Аңдатпа:**

*Бухгалтер-кассирлер бұл қарапайым бухгалтердің де, кассирдің де функцияларын орындай алатын кең бейінді мамандар. Бухгалтер-кассир мамандығы әрқашан сұранысқа ие болады. Қанша уақыт өтсе де, әлем қалай өзгерсе де, экономикалық қарым-қатынастар болғанда бухгалтерлерге сұраныс болады. Жақсы бухгалтер-кассир экономист, қаржы талдаушының, логист, менеджер және заңгер функциясын атқара алады.*

**Түйінді сөздер:** бухгалтер, кассир, есеп, білікті маман, салық.

**Кіріспе:**

Адамдар мамандықты жүрегінің қалауы бойынша таңдауы керек. Өйткені, әрбір адамның болашағы таңдаған мамандығына тікелей байланысты. Өз ісін жақсы көріп, үлкен жауапкершілікпен атқарғанда ғана адам өзін бақытты сезінеді екен.

Мамандықтандау—өтежауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы – адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт.

Бухгалтерия (нем. Buch – кітап және нем. halten – ұстау) — заңды тұлғалардың күнделікті есеп-қисабын (оның ішінде жалақы есептеу де) жүргізетін арнайы құрылымдық бөлімі.

Бухгалтерияны бас бухгалтер, ал штаттық кестеде мұндай лауазым қаралмаса аға бухгалтер басқарады. Бухгалтерия есептеу жұмыстарын ұйымдастыруға, жүргізуге, мерзімдік баланс әзірлеуге, барлық операциялардың заңдылығын, нысаналылығын, шаруашылық мақсатына сай болуын, сметалық және қаржылық тәртіптің сақталуын қадағалауға; белгіленген ережелер мен құжаттама нысандарын сақтай отырып, ақшалай қаражат пен материалдық құндылықтарды есепке алу кітаптары мен тізімдемелерін жүргізу, бухгалтерлік шоттарға тиісті мәліметтерді түсіру жолымен қаржы және материалдық ресурстардың қозғалысын дер кезінде тіркеп отыруға міндетті.

Бухгалтердің сөзі елеулі, жалақысы да бәсекеге қабілетті. Егер сіз жеке бухгалтер болсаңыз, шағын фирмаларға есептер мен баланстарды жасауда бухгалтерлік қызмет көрсетіп, бір уақытта бірнеше компанияда бухгалтерлік есеп жүргізу арқылы жақсы

табыс таба аласыз. ІС: Бухгалтерлік есеп сияқты бухгалтерлік бағдарламалардың жоғары дамуын ескере отырып, айтарлықтай үлкен жұмыс көлемін жасай аласыз. Кішігірім фирмаларға негізінен қажеттісі – құжаттарын дұрыс рәсімдеп, аударымдарды уақытында жасау.

**Зерттеу әдістемесі:**

Білім алушылардың мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту; бухгалтер-кассир мамандығы туралы көзқарасын дамыту, алдағы уақытта заман талабына сай бухгалтер-кассир мамандығын алу үшін бағыт-бағдар беру. Оларды өз пікірін еркін айтуға, басқаның пікірін сыйлай білуге, жүйелі ойлауға баулу.

**Нәтижелері:**

Сізде табандылық пен шыдамдылық қасиеттері болса, жұмыстағы біркелкіліктен қорықпасаңыз, сандар мен талдауды жақсы көрсеңіз, онда бухгалтер мамандығын меңгеру - бұл болашаққа сенімділік беретін құзыретті шешім.

**Талқылау:** табысты бухгалтер болу үшін бухгалтерлік есеппен айналысатын маман үнемі біліктілігін арттырып, өз жұмысында жаңа стандарттар мен технологияларды қолдануы керек. Бухгалтерлік есепке қатысты заңнаманы ғана емес, азаматтық және еңбек заңнамасына қатысты нормативтік актілер мен шешімдерді де білу. Бухгалтердің негізгі жеке қасиеттеріне ұқыптылық, еңбекқорлық, жауапкершілік, өзгермелі жағдайларға тез бейімделу жатады. Бұл салада даму үшін адам бойында бірқатар қасиеттер болуы керек: логикалық ойлау; ұйымшыл және еңбекқор болу; математиканы жақсы білу.

**Зерттеу жұмысының құрылымы:** кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Елімізде 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды. Бұл бастама жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын арттыруға, жастарды осы салаға тартуға және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрларды даярлауға бағытталған.

Жұмысшы мамандықтары санатына:

Көлік және байланыс саласы: жүк көліктерінің жүргізушілер, автобус жүргізушілері, такси жүргізушілері, электровоз жүргізушілері, т.б.

Құрылыс және өндіріс саласы: құрылысшылар (монтаждаушылар, шеберлер, тас қалаушылар), дәнекерлеушілер, слесарлар, электриктер, жабдық операторлары, құрылыс бригадирлер, штукатурлар.

Қызмет көрсету саласы: сантехниктер, трубопроводшылар, қонақ үй қызметкерлері, кондитерлер, аспаздар, үй шаруашылығы қызметкерлері.

Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы: тракторшылар, шаруа қожалықтарының жұмысшылар, жер өңдеушілер, малшылар.

Өнеркәсіп және тау-кен саласы: кеншілер, теміршілер, металл өңдеушілер, шахталар мен кен орындарының жұмысшылары.

Балық шаруашылығы мен су транспорты: балық аулаушылар, су транспортының жұмысшылары.

Энергетика және коммуналдық қызметтер: электрмонтаждаушылар, жылу жүйелерін жөндеушілері, газ және су жүйелері жөндеушілері, электр қуатын өндірушілер мен тарату қызметкерлері, су және жылу энергетикасының оператормен жұмыс істейтін қызметкерлері.

Өндіріс және механика: автокөлік жөндеушілері (автослесарлар, автомобиль механиктері), құралдар мен станоктар операторлары, машинистер,

металлургия және химиялық өндірістің жұмысшылары, машина жасау шеберлері.

Тамақ өнеркәсібі және аграрлық сала: ет, сүт, ұн өндірісінің жұмысшылары, кондитерлер, өсімдік өсірушілер, мал дәрігерлері.

Сауда қызметкерлері: сатушылар, есепшілер, дүкен қызметкерлері, курьерлер жатады.

Осы аталғандардың ішінде бухгалтер-кассир жұмысшы мамандығына тоқталсам деп едім.

Бухгалтер-кассирлер бұл қарапайым бухгалтердің де, кассирдің де функцияларын орындай алатын кеңбейінді мамандар. Олар қарапайым бухгалтердің кейбір міндеттерін қайталауы мүмкін, мысалы, тауарларды сатып алу немесе сату шоттарын төлеу, бизнестегі кіріс пен шығыстарды есептеу, салық есебін жүргізу. Маман осы қызмет түрлерін компьютерде мамандандырылған бағдарламаларда жүргізеді.

Бухгалтер-кассир мамандығы әрқашан сұранысқа ие болады. Жұмыспен қамту агенттіктерінің беттеріндегі хабарландыруларда бухгалтерлік бос жұмыс орындарына көптеген ұсыныстарды көресіз. Қанша уақыт өтсе де, әлем қалай өзгерсе де, экономикалық қарым-қатынастар болғанша бухгалтерлер қажет болады. Жақсы бухгалтер-кассир экономист, қаржы талдаушының, логист, менеджер және заңгер функциясын атқара алады.

Қазіргі заманғы компанияларды бухгалтер-кассирсіз елестету мүмкін емес, себебі ол кез-келген ұйымға қажет. Жалпы алғанда, бухгалтер-кассир қазіргі таңда (егер жақсы маман болса) экономика мамандықтары арасында ең әйгілі әрі қажет мамандық болып табылады.

Бұл қызметкердің еңбек күндері, әдетте кеңседе өтеді. Бірақ, бір маман

бір мезгілде бірнеше фирмаларда есепке алуды жүргізе алады. Бухгалтер-кассир арасында мұндай жұмыс тәсілі өте танымал.

Әрине, заман талабына сай, менеджер немесе деректер талдаушысы сияқты мамандықтардың атаулары өзгеруі мүмкін. Өйткені, компанияның қаржылық қызметін талдай алатын, салық және бухгалтерлік есептерді, инвесторлар мен несиелік мекемелерге құжаттарды дайындаумен айналысатын мамандар қашанда қажет болады. Осы біліктілік бойынша ойдағыдай білім алу және одан әрі жемісті жұмыс істеу үшін студенттің логика, математика және ақпараттық технологиялар саласында білімі болуы тиіс. Жоғары білікті маман болу үшін минималды тәжірибе - 5 жыл.

Бухгалтер-кассирдің бойында зейінділік, табандылық, аналитикалық ойлау және адалдық сияқты қасиеттер болуы тиіс. Сондай-ақ бухгалтер-кассир лауазымында жұмыс істей отырып, клиенттермен диалог жүргізе алуы керек, даулы жағдайларды шеше алуы керек.

Жас маман ақпараттың үлкен көлемі сияқты қиындықтарға тап болуы мүмкін. Өйткені әр кәсіпорынның ерекшелігі бірегей және оны зерделеу үшін уақыт қажет.

Бұл мамандық әрқашан қаржылық сауаттылықты арттыруға мүмкіндік береді. Бухгалтер-кассир әрдайым оқып - үйренуіне және алға ұмтылуына мүмкіндігі бар. Мамандық маңызды, жауапты, осы маман өзінің әрекеттері үшін материалдық және қылмыстық жауапты болатынын әрдайым есте ұстағаны жөн.

Демек, табысты бухгалтер-кассир болу үшін бухгалтерлік есеппен айналысатын маман үнемі біліктілігін арттырып, өз жұмысында жаңа стандарттар мен технологияларды

қолдануы керек. Бухгалтерлік есепке қатысты заңнаманы ғана емес, азаматтық және еңбек заңнамасына қатысты нормативтік актілер мен шешімдерді де білу. Бухгалтер-кассирдің негізгі жеке қасиеттеріне ұқыптылық, еңбекқорлық, жауапкершілік, өзгермелі жағдайларға тез бейімделу жатады. Егер маман жоғарыда айтылғандардың барлығымен мақтана алса, онда ол интеллект картасын пайдалана отырып, табысты және табысты мансапқа ие болады.

Қараша айында Әлеуметтік-экономикалық пәндер ПЦК-ның апталығы аясында мен арнайы экономикалық пәндер оқытушысы Умбетова Нургуль Сериккалиевна «БУХГАЛТЕР МАМАНЫДЫҒЫ ИЕСІНІҢ ТАБЫСТЫ МАНСАПТЫ ДАМУЫ» тақырыбында сабақтан тыс шара өткіздім. Шараға студенттер үшін қызықты және қолжетімді тәжірибесі бар білікті мамандар шақырылды. **Байдиева Гулайша Салдағалиевна** - Жоғары аграрлық техникалық колледжінің бас бухгалтері, **Мухтарова Асель Ерсайиновна** - БҚО әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған спорт клубының бас бухгалтері, **Иманбаева Асылай Сериковна** - «Олимпиада резервтерін даярлау орталығы» МКҚК бас бухгалтері және «Есеп және аудит» мамандығының 1 курс білім алушылары қатысып, қонақтарымызға мамандыққа қатысты сұрақтар қойып, қонақтарымыз өз тәжірибелерімен, ойларымен бөлісті.

Сабақтан тыс шарада – студенттер сұрақ және жауаптармен жалғасын тауып, білім алушылардың көкейлерінде жүрген өзекті мәселелері талқыланды.

«Сұрақ –бізден, жауап сізден» айдары, студенттердің сұрақтары.

1. Гулайша Салдағалиевнаға сұрақ:

Сіздіңше мамандықты дұрыс таңдау дегеніміз не? Өмір бойы бір мамандықты алып жүруге қалай қарайсыз?

2. Асель Ерсайиновнаға сұрақ: Сіздің өз мамандығыңызды таңдауыңызға не себеп болды? Ата анаңыз айтты ма? Әлде еліктедіңізбе?

3. Асылай Сериковнаға сұрақ: Сіз осы оқу орнында оқыған екенсіз, Сіз оқыған кезде ең қатал оқытушы кім болды және ол кісінің тактикасы қандай болды?

4. Гулайша Салдағалиевнаға сұрақ: Қазіргі жаздырып жатырған дәрістер, түнімен жаттаған шоттар жұмыс кезінде пайдаға аса ма?

5. Асель Ерсайиновнаға сұрақ: Егер сіздерге кері мамандық таңдау мүмкіндігі берілсе бухгалтер мамандығын кері таңдар ма едіңіз?

7. Асылай Сериковнаға сұрақ: Жұмыстарыңызды үйге апарып жалғасыратын сәттеріңіз бола ма?

8. Асылай Сериковнаға сұрақ: Егер сізде бір сиқырлы күш болса, бухгалтерия жүйесін қалай өзгертетін едіңіз?

9. Асель Ерсайиновнаға сұрақ: Бухгалтерияда болған ең күлкілі жағдайды еске түсірсеңіз, не айтар едіңіз?

10. Гулайша Салдағалиевнаға сұрақ: Егер сізге бір айдың ішінде барлық әлемдегі қаржы есебін жасау тапсырылса, қайдан бастар едіңіз?

Кештің мақсаты: Бухгалтер-кассир мамандығы бойынша оқып жатырған білім алушыларға бағыт - бағдар беріп, дұрыс жол таңдауына ықпал ету. Еңбек етудің адам өміріндегі орнын сезіндіру. Білім алушылардың қоғамдағы өзгерістерге назарын аудара отырып, азаматтық позициясын қалыптастыру болды.

#### **Қорытынды:**

«Жастар-еліміздің болашағы» деген қанатты сөзді жиі айтамыз. Ал, сол

жастардың болашағы - Отанымыздың ертеңгі тағдыры. Қоғамның белсенді, саналы, қабілетті, құзыретті мамандарын даярлау біздің еңбегімізге тікелей байланысты. Сондықтан колледж ұстаздары білім алушы-жастардың сапалы білім алуына жауапты. Бүгінгі студент – ертеңгі маман еліміздің дамуына үлес қосатынын ұмытпағаны абзал.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. <https://mail.kz/kz/news/kz-news/buhgalter-kandai-mamandyk>
2. <https://qazdauiri.kz/news/buxgalter-mamandygy-iesinin-tabysty-mansapty-damuy>
3. <https://qazaq1913.com/2021/04/12/mamandy-ta-dau-ma-yzdy-adam/>
4. <https://qazaly.kz/kogam/3405-sz-mamandyty-alay-tadadyyz.html>

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КҮЙШІЛІК ДӘСТҮР



А.Н.Шакенова  
БҚО, Орал қаласы  
Құрманғазы атындағы саз колледжінің  
арнайы пән оқытушысы, педагог-сарапшы

**Аңдатпа:**

*Батыс Қазақстан өңірінің күйшілік өнері қазақ халқының көркем шығармашылығының биік белестерінің бірі және көшпелі өркениетті қайталанбас құбылысы болып табылады. Қасиетті Бөкей ордасында 30-дан аса күйші дүниеге келіп, олардың әрқайсысы – мәңгілікке бағытталған рухани ескерткіштер.*

*Тірек сөздер: төкпе күй, батысқазақстандық орындаушылық өнер, дәстүрлі музыка, жанр, стиль, күйдің композиторлық құрылымы.*

XVIII-XIX ғ.ғ. қалыптасқан төкпе орындаушылық дәстүр жетекші жанр ретінде ұлттық мәдениетіміздің негізін қалыптастырғаны белгілі. Биікті көксеген Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Сейтектердің шығармашылық қарымы кең байтақ қазақ даласын тез серпіп, тіпті, көршілес басқа этнос (орыс, татар, башқұрт) мәдениетінің дамуына ықпалын тигізгені белгілі. Сонымен қатар, Ұзақ, Боғда, Соқыр Есжан, Мүсірәлі, Баламайсан, күйлері ұлттық мұрамыздың алтын қазынасына айналған дүниелер. Ал, XX ғ. киелі өнер Қали Жантілеуов (1902-1993), Есіл Қазиев (1927-1985), Тұяқберді Шәмелов (1951-2012), Өтеген Жұмашев (1927), Ермек Қазиев (1947), Едіге Нагиев, Бақтығали Айтжанов (1948-2009), Мамай Отарбаев (1951-2011) және т.б. шығармашылығында өз жалғасын тапты. Батысқазақстандық төкпе күй өнері рухани құндылық ретінде биік белестерге көтеріліп, ал оның қайталанбас үні шет ел өнер майталмандарының өздерін

қазірдің өзінде қызықтырып келеді. Мәселен, 1973 жылдың күзінде Азия халықтарының музыкалық трибунасы болды. Осы мәртебелі форумда Құрманғазының «Сарыарқа» күйі ұлы туынды деп танылып, бірінші орынды иеленіп, ЮНЕСКО шешімімен ақпарат құралдары арқылы әлемге насихаттау құқығына ие болды. Осы уақыттан бері Құрманғазының жалын шашқан отты күйі туған халқының атын дүние жүзіне жайып келеді [2].

Дәуір толғағымен дүниеге келген күйшілер және олардың мәңгілікке бағытталған туындылары заманның аса бір қасірет жағдайын басынан кешті. Бір ғажабы, Жәңгір хан кезіндегі қазақ даласында кең етек жайған озбырлық саясат, Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы (1791-1838) және Махамбет Өтемісұлы (1802-1846) бастаған көтерілістер, ауыр эпидемиялық аурулардың ушығуы күйші-жыршылардың үнін өшірмей, керісінше, жігерлендіріп, шығармашылық қуат-

күшін ұштай түскені белгілі. Қазақ тарихында дәл осы уақыт «Алтын Ғасыр» атанып, ұлттық өнеріміз бұрын-соңды болмаған белестерге көтерілді [3]. Ал, ауыл ақсақалдары үлкен тебіреніспен кезінде әр үйдің сәні ретінде домбыра төрге ілініп, келген қонақ аспапқа қол созса, оның мәртебесі артып, халық сүйіспеншілігіне бөленетіндігін еске алады.

Қазақ музыкатану ғылымында батысқазақстандық төкпе күй дәстүрі термин ретінде орнығып, осы анықтама негізінде атқарылған ғылыми жұмыстар, дүниеге келген туындылар көптеп жазылып, қазіргі кезде бұл бағыт өз жалғасын табуда. Академик А.Жұбанов өзінің негізгі және күрделі еңбегін Құрманғазыға арнаса [4], музыкатанушы-ғалым П.Аравин «Даулеткерей и казахская музыка XIX века» [5] атты кітап жазды. Музыка өнері мамандығы бойынша батысқазақстан күйлері негізінде С.Зарухова, Б.Қарақұлов, Г.Котлова, Ә.Мухамбетова, Н.Тифтикиди, Б.Байқадамова, Ү.Жұмақова, С.Өтеғалиева, П.Шегебаев, Г.Джоломанова, Р. Несіпбай, Р. Жұманиязовалар [2] кандидаттық және докторлық диссертацияларын қорғады.

Қазіргі кезде отандық музыка тарихы дәстүрлі күй өнері жөнінде тың, деректі жаңалықтарға зәру. Зерттеушілер тарапынан өткен өмір жетістіктерін жаңаша көзқараспен зерделеп, сараптау жұмыстары жемісті атқарыла бастады. Атап айтқанда, 1997 жылы Дәулеткерей Шығайұлының кесенесі тұрғызылса, белгілі күйші, А. Жұбановқа, Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Сейтек, Байжұма шығармаларын табыстаған Қали Жантілеуов (1902-1993) ресми түрде қошеметпен жерленді. Жақында Пятимар ауылында (Бес қалмақ) Мәмен

Мұратұлының сүйегі табылып, шыққан тегі (бұрын Ералыұлы, қазір Мұратұлы) мен руы – Қара құнан Тана деп анықталды. 2012 жылдың күзінде күйшінің ақ күмбезді мазары көтеріліп, оның ашылу салтанатына республикамыздың белгілі қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылары мен күйшілері қатысып, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ә.Кекілбай сөз сөйлеп, Жаңақала жерін «күйшілер астанасы» деп атады. Сол жылы еліміздің музыка өнері ҚР халық әртісі, «Құрмет» орденінің иегері Тұяқберді Шәмеловтан айырылып, орны толмас қайғыға батты. Еңселі ел жыл өте өзінің ардақты азаматына Мәмен-атаның қасынан тура сондай кесене тұрғызды. Алматыдан күйші 40-жылдан астам еңбек еткен қарашаңырақ – Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптар оркестрі арнайы шақырылып, ас берілді. Бұл шығармашылық ұжымда Т.Шәмелов қатардағы музыканттан бас концертмейстер, ҚР халық әртісі, оркестрдің көркемдік жетекшісі дәрежесіне дейін көтерілді.

Батысқазақстандық музыка зерттеушілері «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Е.Нұрымбетов, С.Мәулетова, Н.Сертеков 2005ж. Қаратөбе ауданына барған фольклорлық-этнографиялық экспедиция барысында XVIII-XIX ғ.ғ. көрнекті күй тарландары Боғда Қараұлы мен Ұзақ Мырзабайұлының жатқан жерін тауып, басына тақтайша қойып, ғылыми-ізденіс еңбектерінің нәтижесін «Ақжайық өңірінің музыкалық фольклоры» [6] атты кітапта жариялады.

Атқарылған экспедицияда географиялық тұрғыда аймақтың ең үлкен ауданының музыкалық инфрақұрылымы жөнінде деректі ақпарат жиналды. Қазіргі кезде бұл өңірде ата-бабалардан

қалған тарихи мұраны сақтап, дамыту жұмыстары өз жалғасын табуда. Киелі өнердің өнегесін асыруға қомақты үлес қосқан күйшілер Бақтығали Айтжанов (1948-2009) пен Мамай Отарбаев (1951-2011) есімдері атауға әбден лайық. Жаңақала ауданының халқы бар саналы ғұмырын өзінің туған жеріне, өскен өлкенің музыка мәдениетінің көркеюіне арнаған өнерпаз-домбырашыларын үлкен құрметпен еске алып, ардақ тұтады. Бізге Б.Айтжанов шығарған «Қуаныш», «Жаңа ғасыр», «Толғау» күйлерін жазып алуға мүмкіндік болды. Композициялық құрылымы шағын, қарапайым болып келетін туындылардың мазмұны терең, шығу себептері әртүрлі. Мәселен, «Жаңа Ғасыр» шығармасында өткен мыңжылдықтың 90-жылдарында ауылдағы мәдени ошақтар жабылып, күйші көңіліне ұялаған үміт пен үрейге толы кездер сипатталады. Күйде саға секілді кульминациялық даму шегі жоқ. Бір тактіден тұратын саға кенеттен үзіліп, орта буын тақырыбына ұласады. Осындай элемент күйдің соңында да кездеседі. Ал, «Толғау» және «Қуаныш» туындылары Дәулеткерей орнықтырған «төре күйлер» стилінде шығарылған.

Ғасырдан ғасырды артқа тастап, біздің ұрпағымызға жеткен күй өнерінің генеалогиялық тұрғыда өз кіндігінен тараған ұрпағына даруы – сирек құбылыс. Әлемдік музыка мәдениетінде атақты И.С.Бах әулетінің музыкалық шеберлігі туралы дерек мол. Қазақ музыкасында әнші Мұхит Мералыұлының (1841-1918) ұрпағы киелі өнерді жалғастырса, Құдайберген және Ахмет Жұбановтардың (1906-1968) еңбегін өз балалары сақтап, дамытып, жалғастырушы болғаны белгілі. Бөкей орда ауданында туып-өскен Есіл, баласы Ермек, немересі Асылхан Қазиевтар – республикаға танымал

дүлдүл домбырашылар. Олардың әрқайсысы тек өзіне тән шеберлігімен дараланған орындаушылар. Есіл Қазиев (1927-1990) күйдің аңызын тебірене баяндап, шығарманың мазмұнын көркем ойынымен өте әсерлі жеткізсе, Ермек Қазиевтің дарын тегеуріні өте кеш ашылып, тек 21 жасында ғана домбыраға қол созған екен. Ал, Асылханның есте сақтау қабілеті соншалық, ол бір естіген кез келген шығарманы (күй, көлемді пьеса, күрделі кесек туынды) бірден бұлжытпай қайталай алатын қабілеті бар.

Ұрпақ сабақтастығы нәтижесінде жеткен киелі күй өнері – аймақтағы көнеден жеткен жалғыз мұра емес. Елді-мекендерде әртүрлі жанрда туындаған әндердің көп болғаны белгілі (қара өлең, қоңыр ән, лирикалық ән, мәтөк әндер, балалар әндері). Жаңақала ауданының Новоказанка ауылында біз Хасан Жумин деген кісінің суретін кезіктірдік. Ол республикадағы алғаш бишілер труппасының құрамында болып, денесінің ерекше қимыл-қозғалыстары үшін «Сүйексіз адам» деп атанған болатын. 1933-1938 ж.ж. аралығында Алматыдағы шығармашылық ұжымдарда еңбек етіп, сол жерден ҰОС аттанып, кейін ол туралы осы күнге дейін ешқандай дерек жоқ.

Ауданда еңбектің дәмін ерте татып, өмір бойы аянбай тер төккенше жұмыстанған азаматтар аз болмаған. Солардың бірі -- Бисен ауылының тұрғыны Айтасов Хамит (1927). Ол 12 жасынан 15 километр жерден почта тасып, әрі оқып, әрі жұмыс істеген. Кейін, төрт жыл сиыр бағып, үш жыл әскер қатарында азаматтық борышын өтеген соң, сол ауылда 10 жыл есепші, 25 жыл ферма меңгеруші қызметін атқарған. Көпті көрген ақсақалдың жеке қоржынында тарихи құндылыққа татырлық мол

мәліметтер бар. Айтасов Хамиттің әкесі – Айтас Ахметов (1894-1955) ауылдарды колхоздастыру жұмыстарында белсенділік танытып, «Өркен» колхозының төрағасы (председатель) болған. Кейін, партия ұйымының секретары қызметіне дейін көтерілген. Ал, шешесі Уазипаның (1900-1945) әкесі Қуанышқали молда болып, мешіт ұстап, революцияға дейін сол мешітте көптеп бала оқытқан. Кейін бұл мешіт Ғайнолла деген баласына табысталған. 1928 жылдан, яғни, Кеңес үкіметі орнағаннан кейін мешіт өз жұмысын тоқтатқан. Ғайнолланы түннің ішінде екі аттылы милиционер келіп, 70 км жерге жаяу айдап әкетіп, түрмеге қамайды. Қорлық-зомбылықтың неше түрін көрген Ғайнолла, мешітті ақыры үкіметке өткізеді. Хамит ағайдың келесі әңгімесі өңірде бақсылық өнердің кең етек жайғаны туралы. Ел ішінде ауру-сырқауларға ем-дом беріп, жансызға жан беріп, әулие атанған адамдар да болған. Солардың бірі Сағи қазірет (XIX ғ.). Топырақ бұйырған мекені Қарақұм жерінің қасында. Сәуегейлік қасиет ұрпағына дарып, інісі Сүлеймен де қазірет атанған. Ертеде олардың жатқан жеріне халық ақша салып, түнеген екен. 2005 жылы бұл төңіректі жеке кәсіпкер Нұртай Ахметов қоршап, киелі топырақты жаңғыртқан. Ұлы Отан соғысы кезінде ауылда дәрігерлер тапшы болғаны баршамызға аян. Осы уақытта Омаров Сәрсенғали деген кісі төңірекке безгек ауруынан емдейтін қасиетімен танылып еді. Ол темір сауытты отқа қатты қыздырып алып, аурудың басын айнала жүгіріп, айқайлап, тек өзі білетін қимыл – қозғалыстарды жасап, кейін жылы көрпеге ауруды орап тастап, ұйықтататын. Оянған соң, адам ауруынан айығып, денсаулығы түзелетін. Ал, сынықшылық бақсылықтың керемет үлгісін біз Хан ордасы ауылынан

естідік. Сынықтың алуан түрін емдей алатын Айтжан Кәленбаевқа (1928-1997) елеміздің түкпір-түкпірінен келген кісілердің саны толастамайтын. Белгілі күйші Шәміл Әбілтаев та бұл кісіден ем алып, кейін ауруынан айыққан болатын.

Бөкей ордасында мәйттерді аралап, көне жазбаларға зер салып, терең үңілу жұмыстарын атқару барысында XIX ғ. өмір сүрген орыс қайраткерлері туралы деректерге назар аудардық. 1827 ж. қайтыс болған дәрігер Николай Васильевич Шебалинның зиратында белгісіз адам мәрмәр тастың бетіне:

Пусть арфа сломана,  
Аккорд еще рыдает,  
А душа тоскует по тебе.

- деп жазып кеткен сөздер осы күнге дейін сыры ашылмаған жұмбақ іспеттес. Н. В. Шебалин жергілікті халықты оба ауруынан емдеген атақты дәрігер. Ал, біз үшін тарихи құндылық туғызатын дерек - Патшалық Ресейдің аристократия зиялыларының Қазақстанға көптеп келгені. Мәтін сөзіндегі арфа -- Еуропа елдерінің өзінде сирек кездесетін аса қымбат, бағалы аспап. Мәселен, скрипка, виолончель және т.б. шекті аспаптардың төрт құлағы болып, төрт шектің күйі (настройка) келтірілсе, арфадан дыбыс шығару үшін 60-70 шектердің құлақ күйін келтіру керек. Сонымен қатар, бұның көлемі мен салмағы фортепианодан кем емес (40-50 кг) және 50-60 педальдары бар алып музикалық аспап болғандықтан, оны тасымалдау да әжептәуір қиындық туғызады. Дыбысты шығару әдісі қазақтың жетіген аспабына ұқсайды, яғни, шектері аспаптың бойына керіліп, тағылады. Ал дыбыс екі қол саусақтарымен шекті үстінен іліп алу арқылы шығарылады. Симфониялық оркестрдің құрамында кездесетін аспапты үйрену- қиынның қиыны. Арфаның

күрделі конструкциясы оның білім беру саласында жүйе ретінде қалыптасуына мүмкіндік туғызбайды. Элиталы аспапты меңгеруге тек ілу де біреудің ғана қолы жететін. Сонымен, «Пусть арфа сломана» атты цитата дәрігер Николай Васильевич Шебалинге арналғандықтан, кейіпкер және осы сөзді жазған адам аспап туралы толық түсінігі бар, классикалық музыка жөнінде талғамы биік тұлғалар болғандығы күмән туғызбайды деп ойымызды тұжырымдағымыз келеді. Бұл XIX ғ. Бөкей ордасында зиялы қауымның қалыптасып, ал ондағы мәдени-рухани ахуалдың жоғары дәрежеде болғанының тағы бір деректі дәлелі.

Бөкей ордасындағы халыққа білім беру музейіндегі 1905 ж. төрткласстық қалалық училищеде «шекті аспаптар ансамблі» деген сурет қызығушылық туғызды. Құрамында домбра-прима, балалаиканың барлық түрлері – алыт, бас, контрабас бар шығармашылық ұжым орыс халық аспаптары оркестрі үлгісінде құрылған. Суретте балалайка ұстаған қазақтар да бар. Қазақстанда өткен ғасырдың 30-жылдарында алғаш рет А. Жұбанов қазақтың халық аспаптарын біріктіріп, кейбіреулерін жетілдіріліп, нәтижесінде ұлттық ансамбль ретінде құрылған алғаш шығармашылық ұжым дүниеге келген еді (қазір осы ұжым мемлекеттік Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптар оркестрі). Бұл ғасырдың басында, яғни, Кеңес өкіметі әлі орнықпаған кезде Бөкей ордасының халқы ұжымдық ойынның қандай екенін көріп таныс болғанының айғағы. Осы тұрғыда А.Жұбанов қазіргі қазақ халық аспаптар оркестрін Н.Осипов атындағы орыс халық аспаптары оркестрінің үлгісі бойынша құрғанын еске алғанымыз артық етпес.

XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында Бөкей ордасында театр өнері әжептәуір

қалыптасып, қазақ және орыс драма театрлары өз жұмыстарын жемісті атқарып отырған. Қазақ драмы театрын Мендығалиев Ищанғали басқарып, онда «Малдыбай», «Үйілген үйшік», «Байғұстар» спектакльдері қойылып, ал орыс драма труппасын басқарған Файзи А.Островскийдың «Гроза» атты туындысын сахналаған болатын.

Өңірде кең тараған аңыз-әңгімелер күйші Сейтек Оразалыұлы (1861-1933) туралы. Оның төңірегіне беделімен белгілі болған Монкей деген інісі, Мария, София атты қыздары, ал ұлы Есқайыр әскери фельдшер болғандығы анықталды. Есқайырдан туған Мұқас қазіргі кезде Астрахань облысындағы Карабалинский ауданында тұрып жатыр. Майор Сейтеков Мұқас Есқайырұлы ауылға келіп, атасының кіндікқаны тамған мекеніне тағзым еткен. Композитор Сейтек Оразалыұлы төңірекке шебер домбырашылық өнерімен қатар, халық игілігі үшін атқарған ерлікке татырлық істерімен де елдің есінде қалған. XIX ғ. ортасында өлкеде Арқадағы Қоянды жәрменкесінен кем емес Хан базары деген ірі сауда-саттық орталығы өз жұмысын қызу жүргізіп еді. Жергілікті халық қысы-жазы сол жәрменкеде малын, жасаған бұйымдарын өткізіп, өзіне қажет тауарларды алып, әжептәуір күн көріп отырған екен. Бірақ, кенеттен мұнда барып, сауда жасауға қарапайым халықтың мүмкіншілігі болмай қалады. Базардан қайтып келе жатқан малшылар жыл он екі ай бойы күн сәулесі түспейтін 7-8 км қашықтықтағы «қараңғы жолмен» қайтатын. Осы бағытта оларды Ресей патшалығындағы орман шаруашылығының күзетшісі болып істейін «қара орыс» (қарақшы орыс) алдарын бөгеп, алған заттарын тонайтын. Барар жері, басар тауы жоқ халқының қорлығын

көрген Сейтек, бір күні малшы болып арқасына саудалаған заттың орнына темір диірмен салып, қарақшының алдынан шығады. «Қара орыс» тиісе бастаған кезде, Сейтек қаптағы темір диірменімен оны ұрып, жығады. Осыдан кейін сол орыс қарақшылық істерін тоқтатып, малшылардың Хан базарындағы саудасы берекелі болған екен.

Езгіден көз ашпаған халықтың мұңын жоқтаған Сейтек, өз өмірін өңірде қалыптасып, дамыған дәстүрлі күй өнерімен көмкеріп отырғаны белгілі. Оның «Заман-ай», «Он алтыншы жыл», «Он жетінші жыл» атты туындыларында заман тауқыметі барынша айқын бейнеленеді. Бірақ күйші өз тағдырына қайғып, налыған емес, қайта жүрген жерінде халқының еңсесін түсірмеу үшін көтеріңкі көңіл-күймен, жадыралы жүретін. Осындай бір әсерлі кештерде ол атағы сол кездің өзінде өңірге кең тараған Дина Нұрпейісовамен сайысқа түседі. Хан базарында болған керемет күй-тартыста Динаның орындаушылық шеберлігі басым болып, ол жеңіске жетейін деп тұрған кезде, Сейтек аяғын шешіп тастап, домбыраны башпайымен тартып, халықты қызыққа батырады. 1928 ж. Бөкей ордасында клуб ашылып соның басы-қасында болып, атсалысып, ерекше тебіреніспен өз күйлерімен қатар Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Байжұма, Соқыр Есжан, Түркеш күйлерін тартқан болатын.

Осы тұрғыда Сейтектің ел ішіндегі беделі, қарапайымдылығы туралы 2012 ж. 9 ақпанында облыстық «Орал өңірі» газетінде жарық көрген Ақжайық ауданы, Мерген ауылының тұрғыны, еңбек ардагері Аманғали Қайсағалиевтің мақаласы толықтыра түседі.

Өткен заманда Бөкей ордасының Теректі ауыл кеңесінде (тоғызыншы ауыл,

кейін Куйбышев атындағы ұжымшар құрылған жер) Хүснәдден Жәлелов деген кісі болды. Ескіше оқыған, шарифат жолын қатты ұстанатын, өте таза, молда кісі болатын еді. Домбыра, ертұрман жасайтын. Ағаштан тұрмыстық құралдың бәрін шауып, білезік, жүзік те соғатын. 1952 жылы Орданың бірқатар жері әскери полигонға берілгендіктен, көптеген жанұя, Ақжайық ауданының Мерген ауылына келіп қоныстады. Сол кісінің әңгімесі:

-Бір жылы Хан ордасында жәрмеңке-базар болып, соған істеген заттарымды алып бардым, - деп бастады- бір таныс пәтершім болды. Ол үйде менен басқа үш-төрт саудагер тұрып жатыр екен. Менімен бесеу болдық. Таңертен ерте базарға барып, орын алып, саудаға салатын заттарымды жайып, әйтіп-бүйткенше, халық та көбейді. Әркім қолында барын әкелген. Кейбіреулер жылқыдан бастап ешкі, лаққа дейін жетелеп келіпті. Күн біраз көтеріліп қалды. Сауданың қызып жатқан кезінде бір ірі денелі кісі келіп, «бала, етігінді көрсетші» деді. Бердім. Қолына алып аударып қарап, «қақы қанша?» деп сұрады. Айттым. Жақтырыңқырамаған кейіппен «осы күнде жұрт не болса соны көтеріп, бұлдайтын болды-ау», - деп тастап жүре берді.

Кеш түсті. Заттың өтпегенін жинап, пәтерге келдік. Жиналып, күндізгі көріністерді әңгімелеп, «Ана дүнием жақсы кетті. Мына затым төмен кетті», - деп даурығысып басылдық.

Пеш түбінде бір кісі шапанын айқара жамылып жатыр. Бір мезгілде шай келді. Үй иесі: «Ақа, тұрыңыз, шай ішеік», - деді оған. «Іше беріңдер, жаңа ғана қанып ішіп алғанмын,- деп еді. Қой келіңіз, Сізсіз отыру бізге үйлеспес», - деп, әлгі кісі тұрып отырды. Қарасам, күндіз базарда көрген қартым. Ішім біртүрлі болып кетті.

Бетіне тіке қарай алмаймын.

Біраздан кейін жігіттердің бірі «Хүсеке, ән салып жібер, көңіл көтеріп отырайық», деді. Домбыраны алып жіберіп, әндетіп қоя бердім «Сейтектің әні» деп. Біраздан кейін әлгі кісі үй иесіне «мына бала не деді?» деді. «Сейтектің әнін салып отыр ғой» деді үй иесі.

-Е... бала, Сейтекті көріп пе едің? Маған енді абдырау кірді.

-Жоқ, көрген жоқ едім. Ол кісімен кездесу бізге қайдан болсын.

-Көрмесең, ол Сейтек мен боламын.

...1888 ж. ауылда асыл тұқымды жылқылар өсіретін конюшня болатын. Сол конюшняның малы арнайы қазылған «казенный құдығымен» суарылатын. Патшалық Ресей үкіметі жайылымы мол, жері құнарлы, қазақтың шексіз даласында өздеріне жылы тон (ішік) тігу үшін қара түлкілерді өсіруді қолға алып, ал сол түлкілерді ерекше баппен өсірген жылқы етімен асырап, өсірген екен. Осыны білген Сейтек айлақорлық танытып, түн ішінде жылқыларды ұрлап, халыққа тарататын. Ғасырлар бойы көшпелілердің тіршілік қамының негізгі арқауы, аттан түспеген халықтың жан серігі, екі мыңжылдық уақыт аралығында қазақтың жер бетінен мәңгі жойылып кетпеуінен сақтап, өмірлік тірегі болған тұлпарларының біреуге арам тамақ ретінде қор болуы-замаң тауқыметі. Халқының зар-жылауын көкірегіне түйіп, осындай жанкешті тірлігі үшін Сахалиндегі түрмеге айдалған Сейтек Оразалыұлының өмірі мен шығармашылығы әлі толық зерттелмеген, ұлт тарихында өзіне лайықты орнын әлі алынбаған деп есептейміз.

2014 ж. қазақтың әйгілі күйші-композиторы, төре күйлерінің негізін қалыптастырушы Дәулеткерей Шығайұлының туғанына 200 жыл толғалы отыр. Дәулеткерей Шығайұлы

бұрынғы Бөкей ордасына, қазіргі Батыс Қазақстан облысының Орда ауданына қарасты Қарамола деген 1814 жылы дүниеге келіп, өзінің ата қонысының 1887 жылы дүние салған. Ата-бабасы Орыс ханнан бері қарай хандық биліктен қол үзбеген. Дәулеткерейдің әкесі Шығай Бөкей хан өлген соң сегіз жылдай Бөкей ордасына хандық билік жүргізеді. Яғни, хан тағының көп мұрагерлерінің бірі Дәулеткерей болғаны аян. Алайда, осы кездегі Бөкей ордасындағы төре тұқымдарының арасында хандық билікті күйттеуден гөрі халық өнеріне көбірек ден қоюшылық айқын аңғарылады. Дәулеткереймен немере болып келетін әйгілі Мұхит бүкіл Кіші жүздегі ән мектебінің туын көкке шанышқан дарын. Дәулеткерейдің Арымғазы, Жантөре, Өрейжан сияқты өкше басар інілері төңірегін күймен баураған өнерпаздар болған. Тіптен, бел баласы Салауаттың өзі сұлтандық билікті тәрк етіп, күйден көбірек жұбаныш тапқан. Дәулеткерейдің туған жиені Бөкейханов Науша бүкіл өмірін нағашысының күйлерін насихаттауға арнаса, екінші жиені, Орынбордың кадет корпусын бітірген дарынды түлек Бабажанов Салық өмірін халықты билеуге емес, халыққа қызмет етуге арнайды.

Дәулеткерейдің нәзік психологиялық әйелдеробразын сомдаған «Қыз Ақжелен», «Құдаша», «Ақбала қыз», сыршыл көңіл-күйді бейнелейтін «Қоңыр», «Көркем ханым», бұлбұл құстың поэтикалық образына арналған «Бұлбұл», терең философиялық тебіреніспен шығарылған «Топан», «Жігер» күйлері белгілі. Осыдан екі ғасыр бұрын дүниеге келген Дәулеткерей туындылары қазірдің өзінде өзінің әрі мен нәрін жоғалтпай, рухани өміріміздің алтын қазынасына айналған мәңгі өшпес мұра. Облысымызда оның

атымен қазақ халық аспаптар оркестрі, көшелер мен елді-мекендер аталады. Арнайы ортада, кәсіби деңгейде күйлері үйретіліп насихатталуда. Бірақ, кәзіргі кезде дәстүрлі күй өнері заманауи технология жетістіктерімен өңделген музыка ағымдарының көлеңкесінде қалып бара жатқан секілді. Қарапайым тыңдаушы бұқаралық ақпарат құралдарынан қандай музыка естісе, соны тыңдап, соған еліктейтіні белгілі. Ұлтымыздың тарихымен бірге жеткен күй өнеріне тыңдайтын құлақ, тебіренген жүрек, саналы ой керек. ХХІ ғасырдың өркениетті ұрпағы халықтың мұңын күй тілімен сөйлете алған ұлы күйшісінің мұрасын концерттерде орындап, конкурстарда сайысқа түсіп, конференцияларда талқыланатындығына сеніміміз мол.

Осылай, халқымызға өшпес мұра ретінде елуден аса күйші, әнші, жыршыларды дүниеге әкелген Бөкей Ордасының халқы өткенді қастерлеп, келер ұрпақты үлкен үміт күтуде. Заманауи талаптарға сай, дәстүрлі өнеріміз өзінің дамуының жаңа белестеріне көтерілді. Қоғамдық-әлеуметтік сұраныстарға сай, облысымыздағы алдыңғы қатарлы университетте мәдениет және өнер факультеті өз жұмысын жандандырып, қаламызда тұңғыш рет осы жоғары орнының түлектерінен құрылған халық аспаптар оркестрі ашылып, оған ұлы күйші Дәулеткерейдің есімі берілді. Өңірімізде Дина, Мәмен, Сейтек, Оқап Қабиғожин, Шара Жиенқұлова атындағы аймақтық, республикалық, халықаралық конкурстар жиі, жүйелі түрде өткізілуде. Рухани құндылық тұрғысынан топырағы құнарлы өлкеміздің музыка өнері өзінің аймақтық ерекшелігін сақтай тұра, Тәуелсіз еліміздің рухани байлығын дамыту жұмыстарын осылай

жалғастыруда.

Экспедиция мүшелері ғылыми іс-сапардың жемісті болуын қамтамасыз еткен М. Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры, академик А. С. Иманғалиевқа шексіз алғыс білдіреді. Сонымен қатар, жол сапардың нәтижелі болуына көмек берген Жаңақала ауданының әкімі Л. Хауретденов пен Хан ордасы ауылының әкімі М. Аққалиевқа ризашылығымыз зор. Еліміздің қалың тарихы бар ең ірі мәдени ошақтарының бірі – Жаңақала мен Бөкей Ордасы аудандарында болған іс-сапарда жинақталған материалдар туған өлкеміздің дамуына септігін тигізеді деген үміттеміз.

#### Әдебиеттер

- 1 Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. – Алматы: Дайк-пресс, 2002. – 400 б.
- 2 Кузембаева С.А., Егинбаева Т.Ж. Лекции по истории казахской музыки. – Алматы: Таймас, 2005. – 232 с.
- 3 Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. – Астана: Күлтегін, 2002. – 832 б.
- 4 Жұбанов А. Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы. Алматы: Қазақтың бірінші мемлекеттік баспасы, 1942. – 236 б.
- 5 Аравин П. Даулеткерей и казахская музыка XIX века. – Москва: Советский композитор, 1984. – 120 с.
- 6 Нұрымбетов Е.Ш., Мәулетова С.А., Сертеков Н.О. Ақжайық өңірінің музыкалық фольклоры III томдық. I том. (Қаратөбе Сырым аудандары) -- Алматы: Исламнур, 2005. – 184 б

арқылы жақсы

## Құрметті автор!

«Жайық әдіскері» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы Қазақстан Республикасы педагогтерінің озық педагогикалық тәжірибесін таратуға және алмасуға бағытталған.

Журнал Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 36-2) тармақшасына, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңына, Ақпарат, кітапхана ісі және баспа ісі бойынша мемлекетаралық стандарт жүйесіне сәйкес бекітілген ғылыми қызмет нәтижелерін жариялауға ұсынылатын басылымдардың тізбесіне қосу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптар негізінде өзірленген тәжірибелермен бөліседі.

### Мақалаға қойылатын талаптар мен жариялану шарттары:

*Жариялауға «Білім берудегі менеджмент, сапа және бағалау», «Ғылыми ізденіс», «Тұлғаны әлеуметтендіру және тәрбие», «Пәндерді оқыту әдістемесі: тәжірибе және инновация», «Техникалық және кәсіптік білім берудегі өзекті мәселелер» тақырыптық айдарларында қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мақалалар қабылданады. Авторлар үшін жариялану тегін. Мақала келесі талаптарға сай болуы керек:*

- тақырыптың өзектілігі;
- тақырыптың анықтығы мен дәлдігі;
- мақала мазмұнының журнал басылымының тақырыбына сәйкестігі;
- педагогикалық зерттеудің әдістері мен нәтижелерін сипаттау;
- мақала тек сипаттама түрінде емес, аналитикалық сипатта болуы тиіс;
- нақты практикалық мысалдарды сипаттау және оларды тақырыпты таңдаумен және мәселенің өзектілігімен салыстыру;
  - зерттеу нәтижелеріне негізделген ұсыныстар;
  - әдебиеттер тізімі;
  - андатпа және түйінді сөздер (егер мақала орыс тілінде жазылса, онда андатпа және түйінді сөздер қазақ тілінде жазылады)

*Қабылданатын мақалаға қойылатын талаптары, мақалалардың түрлері, мақаланы бағалау парағы туралы толығырақ ақпаратты әдістемелік орталықтың ресми сайтында [bko.edu.kz](http://bko.edu.kz), «Жайық әдіскері» журналы бөлімінде табуға болады.*

*\* Мақалалар екі деңгейлі шолудан өткізіледі. Редакция мақаланы әдеби және стилистикалық өңдеумен айналыспайды. Талаптарға сәйкес келмитін мақалалар (Қысқа мерзімді жоспар) жариялауға қабылданбайды. Сонымен бірге редакциялық алқа авторларға кері байланыс бермеу құқығын өзіне қалдырады.*

### Техникалық рәсімдеуге қойылатын талаптар:

1. Мақала мәтіні Microsoft Word бағдарламасында теріледі.
2. Мақаланың көлемі (кестелерді, әдебиеттер тізімін, суреттер атауын жазуларды, сурттерді қоса алғанда) 10 беттен аспауы тиіс
3. Қағаз өлшемі – А4 (портреттік бағдар, барлық жағынан 2,5 см)
4. Сурет кескіндердің көлемі мақала көлемінің 1/4 бөлігінен аспауы керек.
5. Негізгі мәтіннің қарпі –Times New Roman, өлшемі –14, өрістер: сол жағы - 30мм, оң жағы – 15 мм, жоғарғы жағы – 20 мм, төменгі жағы – 20 мм
6. Жоларалық интервал – 1
7. Қысқартулар тек жалпы қабылданған өлшем атауларын, физикалық, химиялық және математикалық шамалар мен терминдерді және т.б. қолдануға рұқсат етіледі.

#### *Авторлар туралы мәлімет:*

- тегі, аты, әкесінің аты (толық);
- ғылыми дәрежесі (бар болса), лауазымы, біліктілік санаты, педагог өтілі, жұмыс орнын көрсету;
- байланыс телефоны және e-mail;
- автордың (-лардың) jpeg форматындағы сапалы 1 фотосуреті (300 dpi).



#### *Мақаланың құрылымы:*

*Тақырып.* Автор(лар)дың ТАӘ құжаттың ортасында орналасуы керек.

*Аңдатпа* (100 сөзден аспайды).

*Түйінді сөздер* (4-7 сөз).

*Кіріспе:* тақырыппен таныстырады, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін тұжырымдайды, тақырыптың өзектілігін сипаттайды.

*Зерттеу әдістемесі:* зерттеуде қолданылатын әдістердің сипаттамасы.

*Нәтижелер:* алынған мәліметтерді ұсыну және оларды талдау.

*Талқылау:* нәтижелерді түсіндіру, өткен зерттеулермен салыстыру, заңдылықтарды анықтау.

*Қорытынды:* қорытындылау, зерттеу перспективалары. Зерттеуді қаржыландыру туралы ақпарат (бар болса).

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.*

Барлық материалдарды [batys-adis@itc.edu.kz](mailto:batys-adis@itc.edu.kz) электрондық поштаға жіберуіңізге болады. Журнал жылына 4 рет (әр тоқсан сайын) шығады.